DULATY UNIVERSITY
Taraz | since 1958

№ 3
2024

ISSN 2308-9865
eISSN 2959-7994

МЕХАНИКА және ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Ғылыми журналы

Научный журнал

МЕХАНИКА и ТЕХНОЛОГИИ

Scientific Journal

MECHANICS & TECHNOLOGIES

«Механика және технологиялар» журналы:

Ұлыбританияның Инжиниринг және технологиялар институтының Physics, Electronics and Computing (INSPEC DIRECT) ақпараттық қызметінің рефераттық дерекқорына кіреді.

http://inspecdirect-service.theiet.org/private/home.aspx

РИНЦ ғылыми дәйексөз Ресей ұлттық библиографиялық дерекқорында тіркелген.

http://elibrary.ru/project_risc.asp

Жыл	*Импакт-фактор*
2016	*0,011*
2017	*0,032*
2018	*0,040*
2019	*0,028*
2020	*0,034*

Қазақстандық дәйексөз базасы бойынша импакт-факторы бар:

Жыл	*Импакт-фактор*
2015	*0,030*
2016	*0,011*
2017	*0,053*
2018	*0,054*
2019	*0,042*
2020	*0,088*

http://www.nauka.kz/page.php?page_id=794&lang=1#

ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК басылымдарының тізбесіне келесі ғылыми бағыттар бойынша енгізілген (26.03.2024 ж. №374 бұйрық):

- ***құрылыс технологиялары;***
- ***жеңіл өнеркәсіп технологиялары;***
- ***химиялық технологиялар;***
- ***тамақ өнімдерінің технологиялары.***

CrossRef – халықаралық DOI қорының Цифрлық нысандар идентификаторларын тіркеу ресми агенттігіне енгізілген.

https://www.crossref.org/

Журналдың жазылым индексі: 74714 («Қазпошта» АҚ-«Пошталық қызмет»)

Журнал «Механика и технологии»:

Входит в реферативную базу данных Information Service for Physics, Electronics and Computing (INSPEC DIRECT) Института Инжиниринга и Технологий Великобритании.

http://inspecdirect-service.theiet.org/private/home.aspx

Зарегистрирован в российской национальной библиографической базе данных научного цитирования РИНЦ

http://elibrary.ru/project_risc.asp

Год	*Импакт-фактор*
2016	*0,011*
2017	*0,032*
2018	*0,040*
2019	*0,028*
2020	*0,034*

Имеет импакт-фактор по Казахстанской базе цитирования:

Год	*Импакт-фактор*
2015	*0,030*
2016	*0,011*
2017	*0,053*
2018	*0,054*
2019	*0,042*
2020	*0,088*

http://www.nauka.kz/page.php?page_id=794&lang=1#

Включен в перечень изданий КОКСНВО МНВО РК по следующим научным направлениям (приказ №374 от 26.03.2024 г.):

- строительные технологии;
- технологии легкой промышленности;
- химические технологии;
- технологии в сфере продуктов питания.

Интегрирован в Crossref – официальное агентство регистрации Цифровых Идентификаторов Объекта международного DOI фонда.

https://www.crossref.org/

Подписной индекс журнала: 74714 (АО «Казпочта»-«Почтовый сервис»)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«М.Х. ДУЛАТИ атындағы
ТАРАЗ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ»
КЕ АҚ

МЕХАНИКА ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Ғылыми журнал

1994 жылдың қаңтарынан бастап шығады

Жылына төрт рет шығады

ISSN 2308-9865
eISSN 2959-7994

№ 3 (85)
Шілде-қыркүйек
2024 ж.

Бас редактор И.И. Бекбасаров

Редакция алқасы: Н.А. Абиев, Б. Абзалбекұлы, Н.С. Амирова, С. Әлтайұлы, И.И. Бекбасаров, И.С. Бровко, Ю.Л. Винников, Ж.К. Гафуров, А.С. Жакулин, А.Ж. Жусупбеков, М.Т. Кейкиманова, О. Крейчи, Э.М. Мамбетов, Ж.Н. Молдамуратов, М.М. Мукимов, Чен Йе Нг, А. Нурлыбаева, Г.Е. Омарова, С.А. Орынбаев, А.В. Пилягин, А.А. Сагындыков, Х.Р. Садиева, М.П. Саинов, Н.А. Смирнова, Б.Ж. Унайбаев, А.А. Чуркин, А.Г. Шлейкин, Я. Шульц

Корректор және компьютерлік беттеу Ж.К. Боркулакова

Редакция мекен-жайы:
080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 60.
Тел.: 8 7262 45-35-10, факс: 8 7262 43-24-02.
http://journals.dulaty.kz E-mail: mit@dulaty.kz

Тіркеу куәлігі №1193 (23.11.1993), №560-Ж (4.02.1999), №4244-Ж (08.10.2003), №13521-Ж (15.04.2013), №KZ93VPY00027164 (23.09.2020).

Басуға қол қойылған күн 30.09.2024. Форматы 70×180/16. Шартты баспа табағы 41,57. Тираж 300 дана. Тапсырыс 586.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің «Dulaty University» баспасы. 080000, Тараз қаласы, Ы.Сүлейменов көшесі, 11.

© М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, 2024

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И
ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

НАО
«ТАРАЗСКИЙ РЕГИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
имени М.Х. ДУЛАТИ»

МЕХАНИКА И ТЕХНОЛОГИИ

Научный журнал

Издается с января 1994 года

Выходит четыре раза в год

ISSN 2308-9865
eISSN 2959-7994

№ 3 (85)
Июль-сентябрь
2024 г.

Главный редактор И.И. Бекбасаров

Редакционная коллегия: Н.А. Абиев, Б. Абзалбекұлы, Н.С. Амирова, С. Әлтайұлы, И.И. Бекбасаров, И.С. Бровко, Ю.Л. Винников, Ж.К. Гафуров, А.С. Жакулин, А.Ж. Жусупбеков, М.Т. Кейкиманова, О. Крейчи, Э.М. Мамбетов, Ж.Н. Молдамуратов, М.М. Мукимов, Чен Йе Нг, А. Нурлыбаева, Г.Е. Омарова, С.А. Орынбаев, А.В. Пилягин, А.А. Сагындыков, Х.Р. Садиева, М.П. Саинов, Н.А. Смирнова, Б.Ж. Унайбаев, А.А. Чуркин, А.Г. Шлейкин, Я. Шульц

Корректор и компьютерная верстка Ж.К. Боркулакова

Адрес редакции:
080012, г. Тараз, ул. Толе би, 60.
Тел.: 8 7262 45-35-10, факс: 8 7262 43-24-02.
http://journals.dulaty.kz E-mail: mit@dulaty.kz

Свидетельство о регистрации №1193 (23.11.1993), №560-Ж (4.02.1999), №4244-Ж (08.10.2003), №13521-Ж (15.04.2013), №KZ93VPY00027164 (23.09.2020).

Подписано в печать 30.09.2024. Формат 70×180/16. Усл. печ. л. 41,57. Тираж 300 экз. Заявка 586.

Издательство «Dulaty University» Таразского регионального университета им. М.Х. Дулати. 080000, г. Тараз, ул. Ы.Сулейменова, 11.

© Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, 2024

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGH EDUCATION
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

M.Kh. DULATY
TARAZ REGIONAL UNIVERSITY

MECHANICS & TECHNOLOGIES

Scientific Journal

Published since January 1994

Published four times a year

ISSN 2308-9865
eISSN 2959-7994

No. 3 (85)
July-September
2024

Editor in chief I.I. Bekbasarov

Editorial board: N.A. Abiev, B. Abzalbekuly, N.S. Amirova, S. Altayuly, I.I. Bekbasarov, I.S. Brovko, Chen Ye Ng, A.A. Churkin, J.K. Gafurov, A.S. Zhakulin, A.J. Zhusupbekov, M.T. Keikimanova, O. Krejci, E.M. Mambetov, Zh.N. Moldamuratov, M.M. Mukimov, A. Nurlybayeva, G.E. Omarova, S.A. Orynbayev, A.V. Pilyagin, A.A. Sagyndykov, Kh.R. Sadieva, M.P. Sainov, J. Schulz, N.A. Smirnova, A.G. Shleikin, B.Zh. Unaibayev, Yu.L. Vinnikov

Press-corrector and computer page makeup Zh.K. Borkulakova

Editorial address:
080012, Taraz, Tole bi street, 60.
Tel.: 8 7262 45-35-10, fax: 8 7262 43-24-02.
http://journals.dulaty.kz E-mail: mit@dulaty.kz

Registration certificate №1193 (23.11.1993), №560-Ж (4.02.1999), №4244-Ж (08.10.2003), №13521-Ж (15.04.2013), №KZ93VPY00027164 (23.09.2020).

Signed in print 30.09.2024. Form 70×180/16. Cond. print. sh. 41.57. Edition 300 copies. Application 586.

Printing House «Dulaty University» of Taraz Regional University named after M.Kh. Dulaty. 080000, Taraz, Suleimenov street, 11.

© M.Kh. Dulaty Taraz Regional University, 2024

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

ТАМАҚ ӨНІМДЕРІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

ТЕХНОЛОГИИ ПРОДУКТОВ ПИТАНИЯ

FOOD TECHNOLOGIES

Байгельдиева М.Х., Аубакиров Х.А., Тлепов А.А.
Құстарға арналған азық қоспасын жануарлардың қалдық өнімдері мен минералды заттармен толықтандырудың маңызы …….. 9

Жұмаева А.Қ., Рыскалиева Б.Ж., Жаксыгалиева Д.С., Болат Б.Б., Максутова Н.Б., Ғаділбекова Г.Қ.
Құлмақ ашытқысы негізіндегі бидай нанының сапа көрсеткіштері ……. 17

Урбанчик Е.Н., Онгарбаева Н.О., Шустова Л.В.
Разработка рецептур концентратов напитков детоксикационного действия на зерновой основе ……. 27

Имангалиева Ж.К., Ибрагимов Н.К., Кожахиева М.О., Есенова А.Б.
Оптимизация витаминного состава в творожных продуктах ……. 40

Абубакирова Л.Д., Тултабаева Т.Ч., Темиз Х.
Өсірілген тары қоса отырып, майсыз ешкі сүтінен әзірленген ферменттелген сусындардың физико-химиялық және органолептикалық көрсеткіштерін зерттеу ……... 47

Қауымбаев Р.Т., Мухамбеталиева А.
Астық және астық дақылдарының ылғалдылығын анықтау …….. 55

Умбеталиев Н.А., Күзембаева Г.К., Күзембаев Қ., Маханов М., Шамбулов Е.Д., Оралбаев С.Ж., Сыдыкбаев Ж.Т.
Қауынды қайта өңдеу жолдарын онтайландыру ……. 64

Makangali K., Ospankulova G., Tokysheva G.
Comparative analysis of structural-mechanical and functional-technological properties of organic and non-organic beef for sausage production ……. 76

Рахымбаева М.Н., Изтаев А.И., Кулажанов Т.К., Якияева М.А., Аскарбеков Э.Б., Кенжеходжаев М.Д.
Отандық әртүрлі жаздық және күздік бидай сұрыптарының физика-химиялық қасиеттерін зерттеу ……... 84

Toimbayeva D.B., Temirova I.J., Aldieva A.B., Tarabaev B.K., Ospankulova G.H.
Choice of disinfection method for triticale grain in the process of sprout production ……. 94

Мамыраев М.Н., Кулажанов Т.К., Изтаев А.И., Кенжеходжаев М.Д., Магомедов Г.О., Якияева М.А., Аскарбеков Э.Б.
Роль размера частиц в улучшении качества порошков пшеницы, тыквы, дыни и моркови ……... 101

Желеуова Ж.С., Кансейтова Э.Т., Тасполтаева А.Р., Балабекова А.С., Қоштаева Г.Е.
Өсімдік негізіндегі ет алмастырғыштан жасалған жартылай ысталған шұжықтың аминқышқылдары мен май қышқылдарының құрамын зерттеу …….. 115

Оразов А.Ж., Рамазанова А.С., Қойшиева Ж.Ж., Надточий Л.А.
Шұбат құрамындағы сүтқышқылды бактериялар мен ашытқыларды идентификациялау …….. 128

Тлевлесова Д.А., Петренко Е.А., Гиноян Л.Л., Абраимов Н.Т., Санзызбаев Б.С.
Оценка качественных показателей десерта на основе арбузной мякоти .. 140

Рахматулина А.Б., Диханбаева Ф.Т., Тлевлесова Д.А., Аралбаев Н.А., Есенова А.Б.
Құрғақ түйе сүтінің тағамдық және биологиялық құндылығы …….. 151

Василенко З.В., Редько-Бодмер В.В., Зайцева П.Ю.
Принципы, особенности, подходы, применяемые в организации питания при постковидном синдроме …….. 158

Маликтаева П.М., Саржанова К.Ш., Умирбаева Ш.Д.
Ұлттық сусын «ашымықтың» дән қоспасы рецептін есептеу …… 171

Саржанова К.Ш., Маликтаева П.М.
Күрішті ажарлау процесін қауыз қосу арқылы интенсивтендіру …….. 176

Oraz G.T.
Analysis and quality assessment of beef, beef breeds of cattle in Kazakhstan . 182

ҚҰРЫЛЫС ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

СТРОИТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

CONSTRUCTION TECHNOLOGIES

Lukpanov R., Dyussembinov D., Zhantlessova Zh., Altynbekova A., Yenkebayev S., Tsygulyov D., Kozhahmet M.
Investigation of the influence of post-alcohol distillers' grains on the strength of concrete used in a two-component modified additive …….. 188

Естемесова А.С., Кульдеев Е.И., Нурлыбаев Р.Е., Алтаева З.Н., Орынбеков Е.С.
Сухие строительные смеси на основе модифицированного диатомита … 201

Алтаева З.Н., Кульдеев Е.И., Нурлыбаев Р.Е., Естемесова А.С., Орынбеков Е.С.
Способы улучшения свойств полимерных композитов на основе модифицированного диатмита …….. 213

Нурымбетова Р.У., Риставлетов Р.А., Калшабекова Э.Н., Дуйсенбаева С.Т., Кудабаев Р.Б.
Возможности применения отходов свинцового производства в производстве строительных материалов …….. 229

Кожиков С.Н., Джусупова М.А.
Разработка составов композиционных вяжущих веществ и изделий на его основе с использованием золы Экибастузской ТЭЦ …… 240

Аубакирова Ф.Х., Досалиев К.С., Ибрагимов К., Артыкбаев Д.Ж., Будикова А.М.
Исследования прочностных свойств крупнообломочного грунта каменно-земляных плотин ……. 247

Жолдасов С.Қ., Сейдуллаев Е.Ш., Асылбек М.М., Турлыбаева Б.О.
Селден қорғау құрылымдарын топтастыру және бөгеттерді шаюдан сақтау конструкциялары …… 257

Shabanova A., Zakirova M., Chuprina E.
Study of the safety of gabion structures in the conditions of urban environment …….. 270

ХИМИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

ХИМИЧЕСКИЕ ТЕХНОЛОГИИ

CHEMICAL TECHNOLOGIES

Волненко А.А., Сериков А., Абжапбаров А.А., Левданский А.Э., Жумадуллаев Д.К.
Анализ влияния конструктивных параметров на энергозатраты в тепломассообменном аппарате с регулярной вращающейся насадкой …. 276

Сатаева Ж.И., Машанова Н.С., Смағулова М.Е., Құндызбаева Н.Д., Рзаев Б.Т.
Зығыр сабанынан алынған целлюлозаны зерттеу ……... 287

Кабылбекова А.Т., Тілеуберді Е., Акбаров Х.И., Сырманова К.К., Унгарбаева А.С., Онгарбаев Е.К., Иманбаев Е.И.
Эффективность использования полимерных модификаторов в битумных композициях …….. 299

Tazhibayeva B.T., Musabekova L.M., Brener A.M., Golubev V.G., Ulyev L.M., Kobeyeva Z.
Simulation of suspensions sedimentation into vessels and through-flowing devices ……... 317

Садиева Х.Р., Қожахан А.К., Кубекова Ш.Н., Жанасова Г.З., Әлімғалиев И.К., Нығметов Ж.М.
Азотты-фосфорлы-күкіртті кешенді тыңайтқыштарды синтездеп алу …. 328

Жаксылык Ж., Мусабекова Л.М., Голубев В.Г., Ульев Л.М., Бердалиева А.А.
Разработка компьютерной модели инерционного сворминга в дисперсных системах …….. 338

Левицкий И.А., Дяденко М.В., Редько А.И.
Антибактериальные цинксодержащие полуфриттованные глазури для керамогранита ……. 347

Ауешов А.П., Арынов К.Т., Ескибаева Ч.З., Диканбаева А.К., Тасболтаева А.М.
Хризотил-асбест қалдығын магний тұздарына қайта өңдеудің технологиясы және оның экологиялық маңызы …….. 358

Дарменбаева А.С., Масалимова Б.К., Мукажанова Ж.Б.
Алюминий негізіндегі композиттік материалдарды синтездеу және олардың қасиеттерін зерттеу ……. 367

ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

ТЕХНОЛОГИИ ЛЕГКОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ

LIGHT INDUSTRY TECHNOLOGIES

Yussupova L.Kh., Yeldiyar G.K., Baidildayeva A.K., Jumabekova G.B., Abzalbekuly B.
Determination of the regularity of the distribution of the adolescents feet size 375

Абдикаева А.К., Уалиев Б.М., Абдрахманова А.Г.
Классикалық симметрия қағидаларын қолдану негізінде костюм пішінінің көркемдік жобалауы …….. 384

Maksudova D.T., Ilkhamova M.U., Tursunova D.K.
Analysis of designs and development of footwear insoles from luffa for medical professionals …… 393

Шардарбек М.Ш., Боркулакова Ж.К., Абзалбекулы Б., Кауымбаев Р.Т., Ташмухамедов Ф.Р., Сарыбаева Э.Е., Ораз Г.Т., Мажиханова Б.К.
Анализ производства и свойства нетканых материалов: Мировые тенденции и развитие в Казахстане …….. 399

Ким И.С., Джанпаизова В.М., Метелева О.В.
Исследование рынка потребителей пальтово-ассортиментной группы для женщин среднего возраста …….. 406

Сулейменова Т.Н., Көбеева Н.М., Бекбергенова Н.А.
Талшықты материалдардың құрылымы мен қасиеттерінің өзара байланысы …… 416

Юсупова Л.Х., Елдияр Г.К., Джумабекова Г.Б., Мунасипов С., Абзалбекұлы Б.
Жасөспірімдерге арналған аяқ киімнің үстінгі бөлігінің материалдар пакетінің тұтынушылық сипаттамаларын талдау …… 423

Бобоев Ф.А., Илхамова М.У., Ахмедов Ж.Д.
Подготовка исходной графической информации и проектирование верха спецобуви в среде AutoCad ……. 432

МЕХАНИКА

MECHANICS

Жакаш Ә.Т., Джакашова Э.А., Есилханқызы А.
Автобалансирлер қозғалысының математикалық моделі ……... 440

Duru H., Gürbüz B., Chiyaneh A.B.
A second-order finite difference method for singularly perturbed nonlinear delay parabolic problems with periodic initial-boundary conditions ……... 447

Оразахын Д.Н., Абилжанулы Т.
Мал азығын дайындау комбайндағы дефлекторының бүйір қабырғасының көлбеулігінің оңтайлы мәнін анықтау …… 452

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ ТЕХНОЛОГИИ

ENVIRONMENTAL TECHNOLOGIES

Орынбаев С.А., Сыздық А.Ж., Абдлахатова Н.Ш.
Жел энергетикасын пайдалану перспективасы …… 459

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

INFORMATION TECHNOLOGIES

Акилов Е.К., Есмаханова Л.Н.
Искусственный интеллект в мире кибербезопасности ……... 465

Исабеков Ж.Б., Исабекова Б.Б., Жантлесова А.Б.
Разработка электронных средств обучения с применением интерактивных технологий …… 472

Abduvalova A.D., Akhmetzhanova Sh.E., Eshmakhanova T.K.
Overview of principles and methods of medical waste management and their application for database design ……. 479

Zagorulko Yu.A.
Development of a method for automatic extraction of ontology entity names from natural language texts ……... 486

ҒТАМР 65.59.91

М.Х. Байгельдиева[1] – *негізгі автор,*
Х.А. Аубакиров[2], **А.А. Тлепов**[3]

[1]*Докторант,* [2,3]*Ауыл шаруашылығы ғылым. канд., доцент*

ORCİD [1]*https://orcid.org/0000-0002-9607-9627* [2]*https://orcid.org/0000-0003-2670-4834*
[3]*https://orcid.org/0000-0003-2947-3840*

[1,2,3]*М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,*

Тараз қ., Қазақстан

[1]*meruert860407@gmail.com*

https://doi.org/10.55956/UYMA4582

ҚҰСТАРҒА АРНАЛҒАН АЗЫҚ ҚОСПАСЫН ЖАНУАРЛАРДЫҢ ҚАЛДЫҚ ӨНІМДЕРІ МЕН МИНЕРАЛДЫ ЗАТТАРМЕН ТОЛЫҚТАНДЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа. Құс шаруашылығы – еліміздің агроөнеркәсіп кешенінің жетекші саласының бірі, оның дамуы, бір жағынан, қоғамның құс еті және жұмыртқа өнімдерімен қанағаттану деңгейін, екінші жағынан, ауыл шаруашылығының экономикалық әл-ауқатын анықтайтын ұлттық экономиканың маңызды секторы.

Ауыл шаруашылығы жануарларының өнімділігі 70-80% азықтандыру және қоректену жағдайына және тек 20-30% генетикалық мүмкіндігіне байланысты екені белгілі. Сондықтан, мал-құс өнімділігін арттыруға көмектесетін маңызды шара ретінде – түрлі жас кезеңдеріне байланысты жануардың энергияға және белгілі бір қоректік заттарға қажеттілігін қанағаттандыруға негізделген толыққұнды азықтандыруды қамтамасыз етілуін айта аламыз. Егер бұл талап орындалса, онда балапандардың қысқа мерзімде қарқынды түрде өсіп-дамуы қамтамасыз етіліп, кезегінше құс шаруашылығының жоғары өнімділігіне қол жеткізуге мүмкіндік туылады.

Тірек сөздер: азық қоспасы, қоректік заттар, минералды заттар, азықтандыру, рацион, құс шаруашылығы, балапандар, бройлер, жылқы қаны, қой қаны, ірі қара қаны, ылғалдылық, протеин, май, күл.

Байгельдиева, М.Х. Құстарға арналған азық қоспасын жануарлардың қалдық өнімдері мен минералды заттармен толықтандырудың маңызы [Мәтін] / М.Х. Байгельдиева, Х.А. Аубакиров, А.А. Тлепов // Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2024. – №3(85). – Б.9-16. https://doi.org/10.55956/UYMA4582

Кіріспе. Азық құрамындағы қоректік заттар мен минералды элементтердің жетіспеушілігін өтеу үшін, құс өсірушілер органикалық қалдықтар және макро- және микроэлементтердің әртүрлі көздерін пайдаланады. Осы мақсатта өнеркәсіпте өндірілген минералды қоспалар, олардың табиғи көздері немесе белгілі бір минералды элементтері бар өнеркәсіптік қалдықтар қолданылуы мүмкін. Рацион құрамының қоректік және минералды қоспалар ретінде белгілі бір макро- және микроэлементтермен қамтамасыз етілумен қатар, бұл қоспалардың құны, оларды сатып алу және тасымалдау шығындарының есепке алынуы маңызды. Өйткені, қазіргі кезде нарықта ұсынылатын азықтық қоспалар мен

минералды заттардың көпшілігі шаруашылықтар үшін тым қымбат болып отырған жайы бар.

Әсіресе, өсу энергиясы жоғары, метаболизмі қарқынды жүретін және репродуктивті қызметі жақсы дамыған құс түрлерінің толыққанды және минералды қоректендірілуіне ерекше көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, құс етінің биологиялық ерекшеліктері әсіресе өнеркәсіптік құс шаруашылығының интенсивті түрлерінде тиімді қолданылады, оған жұмыртқалайтын тауықтардың күтіп-бағылуының торлы және едендік жүйесі, сондай-ақ етке арналған гибридті бройлер балапандарын өсіру кіреді.

Осы бағытта, өсіруге алынған құстардың рационын толыққұнды қоректік заттармен, метаболизмнің катализаторы болып табылатын биологиялық белсенді және минералды заттармен қамтамасыз ету өте маңызды. Көптеген зерттеулер олардың ұлпалық тыныс алу, қан түзу, көбею үдерістерінде, жүйке және эндокриндік жүйелердің қызметтерінде, жалпы алғанда, жануарлар денесінің табиғи қорғанысын күшейтудегі маңызды рөлін анықтады [1-7].

Толыққұнды азықтандыру және минералды қоректенудің жеткіліксіз немесе теңгерімсіздігі орын алған жағдайларда, құс ағзасынындағы қалыпты метаболизм процесі бұзылып, көбею белсенділігі нашарлайды, қолайсыз жағдайларға төзімділігі айтарлықтай төмендейді және соның салдарынан жиі өлім-жітімге алып келетін аурулар туындайды. Өнімділік пен ағзаның қорғаныс қабілетінің төмендеуінің ең көп тараған себебі – аса үлкен өндіріс жағдайындағы құс шаруашылығында жеткіліксіз және теңгерімді азықтандыруды қамтамасыз етпеу. Құс етін қарқынды түрде өндіру мақсатында олардың мыңдаған санын тауық фермаларында шоғырландыра өсіру барысында, құс ағзасындағы метаболизм үдерісінің шиеленісіне әкеледі, демек, организмдегі микро және макроэлементтердің, дәрумендердің және басқа да биологиялық белсенді заттардың қамтамасыз етілуінің төмендеуіне алып келеді.

Құс шарашылығында азық құрамындағы минералды элементтердің жетіспеушілігінің ішінара орын алуы үлкен шығын әкеледі, ондай кезде аурудың айқын белгілері байқалмағанымен, құстардың өнімділігі төмендейді, олардың жемді пайдалануы нашарлап, әртүрлі ауруларға төзімділігі әлсірейді.

Толыққұнды азықтандыру жағдайында құстың жекелей және тұқымдық ерекшеліктеріне, өнімділігіне, жасына, күтіп-бағу жағдайларына, негізгі азықтың құрамы мен сапасына және минералды заттарға қажеттілігін зерттеуге ерекше назар аударылуы керек.

Малазықтық және минералды қоспалар, биологиялық стимуляторлар, премикстердің әртүрлі түрлерін қолдану құс ағзасының қажеттіліктеріне сәйкес келетін қатаң белгіленген мөлшерде және арақатынаста жеткізілсе ғана оң нәтиже береді.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Ет пен сүйек ұнының құрамын анықтауға бағытталған бұл зерттеу Астана қаласындағы С. Сейфуллин атындағы агротехникалық университетінің зертханасында жүргізілді. Үлгілерді кептіру үшін BINDER үлгісіндегі BD 115 кептіру пеші пайдаланылды. Жануарлардың қан құрамын анықтау үшін FOSS NIRS 2500 аналитикалық экспрессы анализаторы қолданылды. Жануалардың қан сынамаларын алу және олардың құрамын анықтау келесі стандарттық талаптарға негізделді:

– ГОСТ 33674-2015 «Қан және олардың өнімдері»;

– ГОСТ 9231910 «Сойылған жаруарлар қаны»;

– ГОСТ 13496.3-92 (ИСО 6496-83) «Құрама жем, құрама жем шикізаты. Ылғалдылықты анықтау әдісі»;

– ГОСТ 13496.4-93 «Жем, құрама жем, құрама жем шикізаты. Азот пен шикі ақуызды анықтау әдістері»;

– Ветеринариялық-санитариялық талаптар. «Сойылатын жануарларды ветеринариялық тексеру және ет пен ет өнімдерін ветеринариялық-санитариялық сараптау қағидалары». 27.12.1983 ж.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Құс шаруашылығында оларға арналған рацион құрамын қоректік заттар және минералды элементтермен толықтыру өте маңызды шара. Өйткені, азық құрамының теңгерімсіздігі орын алған жағдайларда, құс ағзасынындағы қалыпты метаболизм үдерісі бұзылып, көбею қабілеттілігі, иммунитеті айтарлықтай төмендейтіні белгілі. Сондықтан, біздер өз зерттеулерімізде мал сою бекеттерінде қалдық заттар ретінде кәріз суына ағызып жіберілетін ауыл шаруашылық жануарларының қан құрамының қоректік заттар мөлшерін анықтауды мақсат еттік. Сонымен қатар, сойылатын жануарлардың әр түрлі инфекциялық аурулардан таза екендігіне, жергілікті мал дәрігерлері тарапынан берілетін «Ветеринариялық анықтама» қағазы және еттің сыртқы белгілерін бағалау арқылы көз жеткізілді.

Зерттеу барысында арнайы қасап орындарында жылқы, ірі қара және қойларды сою кезінде жоғарыда аталған ауыл шаруашылық жануарларынан қан сұйықтықтары ыдыстарға құйып алынды. Қан сұйықтықтарын кептіріп ұнтақтарға айналдыру барысында түрлі құрылғылар мен әдістер (кептіру шкафтары, желдеткіші бар BOSCH газ плитасы, күн астында, көлеңкеде, самал желде ұстау және т.б.) қолданылды. Ұнтақ дәрежесіне дейін кептірілген жануарлар қандары (1, 2, 3, 4, 5-суреттер) аузы герметикалық құтыларға салынып жабылған соң Астана қаласына апарылып, С. Сейфуллин атындағы агротехникалық университетінің зертханасында құрамын анықтау жұмыстары бойынша сараптама жұмыстары жүргізілді.

Сурет 1. Жануарлар қанын дайындау

Сурет 2. Ұйытылған қан

Сурет 3. Қанды кептіру

Сурет 4. Қан ұнтақтарын алу

Сурет 5. Құтыларға салынған дайын қан ұнтақтары

Құсқа берілетін азық құрамының неғұрлым толыққұнды болуы, балапандардың ауруға шалдықпай шығындардың орын алуының алдын алып, қарқынды өсіп-жетілуін қамтамасыз етеді. Қалдық өнім ретінде далаға тасталып, құс шаруашылығындағы азықтық жем қоспасы ретінде рацион құрамында қолданыс таппай келе жатқан, өте құнды шығу тегі органикалық зат – жануарлар қаны екендігі белгілі. Сондықтан, түрлі ауыл шаруашылық жануарларының арнайы кептірілген қан сынамалары С. Сейфуллин атындағы агротехникалық университетінің зертханасында сараптамадан өткізілді. Келесі 6, 7, 8 суреттерде зертхана жағдайында анықталған кептірілген қан сынамалары құрамының статистикалық мәліметтері кескіндеме түрінде беріледі.

Product:	**Мука Мясокостная v3 (МЧ)**
Sample type:	Normal
Analysis time:	9:47:51
Analysis date:	22-05-2024
Sample handling:	Small cup
Sample number:	кровь баран
Database ID:	1 030 599
Примечание	

Parameter	Value	GH	NH	t-statistics	SD	Min	Max
Влажность (%)	4.4	63.98	44.05	-0.21	0.1	4.23	4.55
Протеин (%)	47.6	79.93	67.03	-1.26	0.02	47.53	47.6
Жир (%)	7.9	63.10	44.57	-1.26	0.84	6.82	9.17
Зола	5.80	217.47	191.35	-1.17	0.307	5.618	6.514

Активация Windows
Чтобы активировать Windows, перейдите

Сурет 6. Қой қаны құрамын сараптау нәтижелерінің статистикалық мәліметтері



Sample Report

FOSS

Network: Mosaic
Instrument group: NIRS DS2500 group
Instrument: КАТУ имени С.Сейфуллина

Sample Information	
Product:	**Мука Мясокостная v3 (МЧ)**
Sample type:	Normal
Analysis time:	9:50:32
Analysis date:	22-05-2024
Sample handling:	Small cup
Sample number:	кровь лошадь
Database ID:	1 030 600
Примечание	

Parameter	Value	GH	NH	t-statistics	SD	Min	Max
Влажность (%)	4.5	55.39	38.32	-0.14	0.19	4.13	4.7
Протеин (%)	47.7	68.30	55.53	-1.25	0.06	47.59	47.78
Жир (%)	6.9	58.15	39.06	-1.56	0.95	6.25	8.87
Зола	4.41	189.73	163.81	-1.31	0.059	4.355	4.538

Сурет 7. Жылқы қаны құрамын сараптау нәтижелерінің статистикалық мәліметтері



Sample Information	
Product:	**Мука Мясокостная v3 (МЧ)**
Sample type:	Normal
Analysis time:	9:52:56
Analysis date:	22-05-2024
Sample handling:	Small cup
Sample number:	кровь КРС
Database ID:	1 030 601
Примечание	

Parameter	Value	GH	NH	t-statistics	SD	Min	Max
Влажность (%)	4.6	69.05	48.48	-0.11	0.22	4.2	4.79
Протеин (%)	47.6	88.49	73.67	-1.26	0.05	47.51	47.63
Жир (%)	11.7	67.08	49.37	-0.09	1.44	9.91	13.35
Зола	5.67	241.71	213.95	-1.19	0.282	5.479	6.188

Сурет 8. Ірі қара қаны құрамын сараптау нәтижелерінің статистикалық мәліметтері

Тәжірибе жұмыстарында алынған қан сынамаларының органикалық заттар құрамын анықтаудың статистикалық көрсеткіштері 1-кестеде берілген.

Зерттеу нәтижесінде (1-кесте) ылғалдылық мөлшерінің ең төменгі көрсеткіші қойда – 4,4% болса, ең жоғарғысы – 4,6% ірі қара малында екендігі анықталды. Жылқы сынамасында бұл көрсеткіш аралық мәнге (4,5%) ие болды. Протеин мөлшері бойынша аса бір айырмашылықтар байқалмады. Май мөлшерінің ең жоғары көрсеткіші – 11,7% ірі қара қаны сынамасынан анықталса, қойда бұл көрсеткіш – 7,9%, ал жылқыда ең төменгі – 6,9% нәтижені көрсетті. Күл мөлшерінің ең жоғары көрсеткіші қой қаны сынамасында – 5,67 болса, ірі қарада – 5,67, ал жылқыда ең төменгі көрсеткіш – 4,41 құрады.

Кесте 1

Ауыл шаруашылық жануарларының қан құрамындағы қоректік (органикалық) заттардың көрсеткіштері

			Көрсеткіштер			
			Ылғалдылығы, %	Протеин, %	Май, %	Күл
Мөлшері			4,4	47,6	7,9	5,80
Қой қаны	Статистикалық мәліметтері	GH	63,98	79,93	63,10	217,47
		NH	44,05	67,03	44,57	191,35
		t-statisti	-0,21	-1,26	-1,26	-1,17
		SD	0,1	0,02	0,84	0,37
Мөлшері			4,5	47,7	6,9	4,41
Жылқы қаны	Статистикалық мәліметтері	GH	55,39	68,30	58,15	189,73
		NH	38,32	55,53	39,06	163,81
		t-statisti	-0,14	-1,25	-1,56	-1,31
		SD	0,19	0,06	0,95	0,06
Мөлшері			4,6	47,6	11,7	5,67
Ірі қара қаны	Статистикалық мәліметтері	GH	69,05	88,49	67,08	241,71
		NH	48,48	73,67	49,37	213,9
		t-statisti	-0,11	-1,26	-0,09	-1,19
		SD	0,22	0,05	1,44	0,28

Ішек микрофлорасының қалыпты жұмыс істеуі құстардың денсаулығын сақтауда үлкен рөл атқарады. Қазіргі уақытта асқазан-ішек жолдарының ауруларының алдын алудың әртүрлі симбиотикалық құралдарын пайдалана отырып, ауыл шаруашылық жануарлары мен құстарды өсіру технологияларын дамытуға көп көңіл бөлінуде. Зерттеу нәтижесінде жылқы сынамасында бұл көрсеткіш аралық мәнге (4,5%) ие болды. Протеин мөлшері бойынша аса бір айырмашылықтар байқалмады. Май мөлшерінің ең жоғары көрсеткіші – 11,7% ірі қара қаны сынамасынан анықталса, қойда бұл көрсеткіш – 7,9%, ал жылқыда ең төменгі – 6,9% көрсетті.

Қорытынды. Құс балапандары рационының толыққұнды болуы олардың салмақ қосып, тез өсіп-жетілуіне тікелей әсер етеді. Рацион құрамында қандайда бір макро және микро элементтердің жетіспеушілігі балапандардың әлжуаз болып, түрлі ауруларға шалдығуына әсер етеді. Сондықтан, жас балапандар рационын толыққұнды, шығу тегі органикалық заттармен байыту өте маңызды болдып саналады. Мақалада жануарлар қанын азықтық қоспа ретінде пайдаланудың маңызы көрсетіледі.

Әдебиеттер тізімі

1. Аубакиров, Х.А. Наладка переработки вторичных продуктов лошадей – путь к безотходной технологии продуктов коневодства [Текст] / Х.А. Аубакиров // Вестник Киргизского аграрного университета. – 2011. – № 1(19). – С. 92-94.
2. Аубакиров, Х.А. О переработке вторичных продуктов коневодства [Текст] / Х.А. Аубакиров, К.Ж. Сейтбаев // Вестник Росийской академии с-х. наук. – 2011. – № 3. – С. 65-66.

3. Аубакиров, Х.А. Значение и выгоды безотходной переработки вторичных продуктов убоя сельскохозяйственных животных [Текст] / Х.А. Аубакиров, М.Д. Кенжеходжаев // Н.А. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласына арналған «Агроөнеркәсіптік кешенді алға шығаратын ақылды технологиялар» тақырыбындағы аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Тараз: [?], 2018. – С. 17-20.
4. Аубакиров, Х.А. Значение переработки отходов мясной промышленности [Текст] / Х.А. Аубакиров, М.Х. Байгельдиева, М.Д. Кенжеходжаев, М.Ш. Гаражаев // Международная научно-практическая конференция «Состояние и перспективы развития ветеринарии и животноводства в Республике Казахстан», посвященная 80-летию академика НАН РК, доктора ветеринарных наук, профессора Сайдулдина Тлеуберды. – Алматы: ҚазҰАЗУ, 2023. – С. 653-659.
5. Baigeldiyeva M.Kh., Aubakirov Kh.A., Kenzhekhodzhaev M.D. Results of determining the nutritional composition of meat and bone meals intended for fodder mixture // Mechanics and Technology / Scientific journal, 2024. No.1 (83). P.24-31.
6. Karwowska M., Łaba S., Szczepanski K. Food Loss and Waste in Meat Sector – Why the Consumption Stage Generates the Most Losses? // Sustainability, 2021. Vol. 13. P. 6227
7. Velichko N.A., et al. Technology of meat and meat products: textbook manual. – Krasnoyarsk: Krasnoyarsk state agrarian university, 2019.

Материал редакцияға 03.04.24 түсті.

М.Х. Байгельдиева[1], Х.А. Аубакиров[1], А.А. Тлепов[1]

[1]Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

ВАЖНОСТЬ ДОПОЛНЕНИЯ КОРМОВОЙ СМЕСИ ДЛЯ ПТИЦ ПРОДУКТАМИ ЖИВОТНОГО ПРОИСХОЖДЕНИЯ И МИНЕРАЛЬНЫМИ ВЕЩЕСТВАМИ

Аннотация. Развитие птицеводства является одной из ведущих отраслей АПК, которое влияет на экономическое благополучие страны, определяющей уровень удовлетворенности населения мясом и яичной продукцией птицы.

Известно, что продуктивность сельскохозяйственных животных на 70-80% зависит от правильного кормления и лишь на 20-30% от генетического потенциала. В качестве важной меры повышения продуктивности птицы можно считать обеспечение кормления, основанного на удовлетворении потребностей животного в энергии и отдельных питательных веществах в зависимости от разных возрастных периодов. Если это требование будет соблюдено, то за короткий период времени будет обеспечен интенсивный рост цыплят и, в свою очередь, можно достичь высокой продуктивности птицеводства.

Ключевые слова: кормовая смесь, питательные вещества, минеральные вещества, кормление, рацион, птицеводство, цыплята, бройлеры, кровь лошади, кровь овцы, кровь КРС, влага, белок, жир, зола.

M.Kh. Baigeldiyeva[1], H.A. Aubakirov[1], A.A. Tlepov[1]

[1]M.Kh.Dulaty Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan

IMPORTANCE OF SUPPLEMENTING POULTRY FEED MIXTURES WITH ANIMAL PRODUCTS AND MINERALS

Abstract. Poultry farming development is one of the leading sectors of the agro-industrial complex, which affects the economic well-being of the country, determining the level of population satisfaction with poultry meat and egg products.

It is known that the productivity of farm animals depends on proper feeding by 70-80% and only on genetic potential by 20-30%. An important measure for increasing poultry productivity can be considered the provision of feeding based on satisfying the animal's needs for energy and individual nutrients depending on different age periods. If this requirement is met, then intensive growth of chickens will be ensured in a short period of time and, in turn, high productivity of poultry farming can be achieved.

Keywords: feed mixture, nutrients, minerals, feeding, diet, poultry farming, chickens, broilers, horse blood, sheep blood, cattle blood, moisture, protein, fat, ash.

References

1. Aubakirov KH.A. Naladka pererabotki vtorichnykh produktov loshadey – put' k bezotkhodnoy tekhnologii produktov konevodstva [Setting up the processing of secondary products of horses – the way to waste-free technology of horse breeding products] // Vestnik Kirgizskogo agrarnogo universiteta [Bulletin of the Kyrgyz Agrarian University], 2011. No. 1 (19). P. 92-94, [in Russian].
2. Aubakirov KH.A., Seytbayev K.ZH. O pererabotke vtorichnykh produktov konevodstva [On the processing of secondary products of horse breeding] // Vestnik Rosiyskoy akademii s-kh. Nauk [Bulletin of the Russian Academy of Agricultural Sciences], 2011. No. 3. P. 65-66, [in Russian].
3. Aubakirov KH.A., Kenzhekhodzhayev M.D. Znacheniye i vygody bezotkhodnoy pereraboki vtorichnykh produktov uboya sel'skokhozyaystvennykh zhivotnykh [The importance and benefits of waste-free processing of secondary products of slaughter of agricultural animals] // N.A. Nazarbayevtyň «Bolashaq̣ḳa baġdar: rukhani zhaňġyru» baġdarlamalyq̣ maq̣alasyna arnalġan «Agroönerkəsíptík keshendí alġa shyġaratyn aq̣yldy tekhnologiyalar» taq̣yrybyndaġy aymaq̣tyq̣ ġylymi-təzhíribelík konferentsiyasynyň materialdary [Materials of the regional scientific and practical conference “Smart technologies that promote the agro-industrial complex” dedicated to the program article of N.A. Nazarbayev “Looking to the future: modernization of public consciousness”]. – Taraz: [?], 2018. – P. 17-20, [in Russian].
4. Aubakirov KH.A., Baygel'diyeva M.KH., Kenzhekhodzhayev M.D., Garazhayev M.SH. Znacheniye pererabotki otkhodov myasnoy promyshlennosti [The importance of processing waste from the meat industry] // Mezhdunarodnaya nauchno-prakticheskaya konferentsiya «Sostoyaniye i perspektivy razvitiya veterinarii i zhivotnovodstva v Respublike Kazakhstan», posvyashchennaya 80-letiyu akademika NAN RK, doktora veterinarnykh nauk, professora Sayduldina Tleuberdy [International scientific and practical conference "State and prospects for the development of veterinary medicine and animal husbandry in the Republic of Kazakhstan", dedicated to the 80th anniversary of Academician of the NAS RK, Doctor of Veterinary Sciences, Professor Saiduldin Tleuberdy]. – Almaty: Kazakh National Agrarian Research University, 2023. P. 653-659, [in Russian].
5. Baigeldiyeva M.Kh., Aubakirov Kh.A., Kenzhekhodzhaev M.D. Results of determining the nutritional composition of meat and bone meals intended for fodder mixture // Mechanics and Technology / Scientific journal, 2024. No.1 (83). P.24-31.
6. Karwowska M., Łaba S., Szczepanski K. Food Loss and Waste in Meat Sector – Why the Consumption Stage Generates the Most Losses? // Sustainability, 2021. Vol. 13. P. 6227
7. Velichko N.A., et al. Technology of meat and meat products: textbook manual. – Krasnoyarsk: Krasnoyarsk state agrarian university, 2019.

ҒТАМР 65.33.29

А.Қ. Жұмаева[1] – *негізгі автор*, ©
Б.Ж. Рыскалиева[2], Д.С. Жаксыгалиева[3],
Б.Б. Болат[4], Н.Б. Максутова[5], Г.Қ. Ғаділбекова[6]

[1]PhD, доцент м.а., [2]Магистр, аға оқытушы, [3]Магистр, оқытушы, [4,5,6]Магистрант
ORCİD
[1]https://orcid.org/0000-0001-7637-8155 [2]https://orcid.org/0000-0003-2896-5405
[3]https://orcid.org/0008-0008-3646-0259 [4]https://orcid.org/0009-0004-6540-8557
[5]https://orcid.org/0009-0002-6567-6928 [6]https://orcid.org/0009-0002-7300-8209

[1,2,3,4,5,6]Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті,

Орал қ., Қазақстан

[1]balaussa.bolat@mail.ru

https://doi.org/10.55956/FWDF5613

ҚҰЛМАҚ АШЫТҚЫСЫ НЕГІЗІНДЕГІ БИДАЙ НАНЫНЫҢ САПА КӨРСЕТКІШТЕРІ

Аңдатпа. Қазақстанда нан-тоқаш өнімдері негізгі тағам болып табылады. Алайда оның сапасы әрдайым қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіндіктен, сапалы, сонымен қатар тағамдық құндылығы жоғары нан өнімдерінің жаңа сорттарын жасаудың нақты қажеттілігі туындады. Бұл тұрғыдан алғанда, табиғи өсімдік шикізатын пайдалану бойынша зерттеулер қызығушылық тудырады.

Соңғы жылдары әлемде нанды емдік және профилактикалық қасиеттер беретін әртүрлі пайдалы заттармен байытуға көп көңіл бөлінді. Диеталық нан өнімдерін қолданудың емдік профилактикалық әсері рецептураға қажетті қосымша компоненттерді енгізу немесе қажетсіздерді алып тастау, сондай-ақ пісіру технологиясын өзгерту арқылы қамтамасыз етіледі. Осы орайда құлмақ шикізаты қолданылып құрғақ ашытқы дайындалды.

Мақалада нан өнімнің ашытқысыз сорттарының ассортиментін кеңейту мақсатында бидай нанының технологиясында құлмақ ашытқысын қолдану мүмкіндігі қарастырылады.

Бұл мақалада ұнды кондитер өнімінің сапасын арттыру және ассортиментін кеңейту мақсатында жаңа ұнды кондитер өнімі жасалды. Зерттеу «Қазақ қайта өңдеу және тағам өнеркәсіптері ғылыми-зерттеу институты» ЖШС және Алматы технологиялық университетінің зертханаларында жүргізілді. Нанның физикалық-химиялық және органолептикалық көрсеткіштерін зерттеу негізінде құлмақ ашытқысын енгізудің оңтайлы концентрациясы анықталды.

Тірек сөздер: нан өнімдері, құлмақ ашытқысы, нан, тағамдық құндылық, аминқышқылдар, дәрумен, минералды заттар.

Жұмаева, А.Қ. Құлмақ ашытқысы негізіндегі бидай нанының сапа көрсеткіштері [Мәтін] / А.Қ. Жұмаева, Б.Ж. Рыскалиева, Д.С. Жаксыгалиева, Б.Б. Болат, Н.Б. Максутова, Г.Қ. Ғаділбекова // Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2024. – №3(85). – Б.17-26. https://doi.org/10.55956/FWDF5613

Кіріспе. Бүгінгі таңда біздің халқымыздың әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің тізімінде нан мен нан өнімдері маңызды орын алады. Экономикалық тұрақсыздық кезеңінде нан тұтыну сөзсіз артады, өйткені нан

жаппай тұтынудың ең қол жетімді өнімі болып табылады. Нан рецептурасына оның профилактикалық қасиеттерін беретін және нанның тағамдық құндылығын арттыратын заттарды қосу халықтың рационында маңызды қоректік заттардың жетіспеушілігінің алдын алу мәселесін барынша тиімді шешуге мүмкіндік береді. Нан бүгінде көптеген халықтардың тамақтану рационында алдыңғы орындарды иемденеді [1-5].

Бір адам жылына орта есеппен 120-125 кг піскен нан және ұннан жасалған тағамдарды пайдаланады. Нанның сіңімділігінің жоғары болуы оның химиялық құрамының ерекшелігіне және оның құрамындағы заттардың болуына байланысты.

Адам нанды жей отырып, өзінің көмірсуға деген қажеттілігінің тең жартысын, ақуыздың үштен бір бөлігін, В витамин тобының жартысынан көбісін, сондай-ақ фосфор мен темірді өз бойына сіңіреді. Қара бидай және қарапайым ұндарынан дайындалған нандар тағамдық талшықтарға деген қажеттілікті толықтай қамтамасыз етеді [1,2,6].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының зерттеуінше ересектер мен балалардың көпшілігі сапасыз тамақ өнімдерінен зардап шегеді. Аталмыш рейтингте Қазақстан алғашқы ондыққа кіріп отыр.

Құрғақ құлмақ ашытқысы қосылған нан өнімінің оргонолептикалық, физика-химиялық көрсеткіштері ГОСТ 34551-2019, ГОСТ 5568-68, ГОСТ 25832-89, ГОСТ Р 55569-2013 сәйкес зерттелді.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Бұл жұмыста өнімінің сапасын арттыру мақсатында құлмақ ашытқысын қолданған болатынбыз. Құлмақ өнімдерін өндеу мынадай қасиеттерге ие болып табылады. Құрамында азотты, азотсыз экстрактивті, минералды және фенолды заттар, дайын өнімнің сапасын арттыруға мүмкіндік беретін амин қышқылдар, сондай-ақ құлмақ құрамында микрофлораның дамуын тежейтін мирцен және мирценол, кариофиллен, гераниол, линалол, борнеол, гумулен эфир майлары мен ащы қышқыл ацилфлороглюцидтер (лупулон, гулупон, гумулон) бар. Құлмақ шикізаты қазіргі таңда көпке белгілі бауыр мен бүйрек проблемаларына, сондай-ақ жүрек-қан тамырлары ауруларына ем болып келеді. Тыныс алуды реттейді және метаболизм процестерін белсенді етіп, әйел гормоны эстрогенді шығарады. Асқазан проблемалары бар адамдарға тағайындалады. Секреторлық безді белсендірудің арқасында асқазан сөлі бөлініп, тәбет жоғарылайды. Витамин тапшылығының алдын алады және ас қорыту жақсарады. Бұл бізге өз кезегінде дұрыс тамақтануға септігін тигізеді [7-10].

Құлмақ дәрумендер мен минералдарға бай: Е дәрумені – 164%, РР дәрумені – 31%, калий – 29,9%, кальций – 27,3%, магний – 58,5%, фосфор – 59,1% [8,9,19].

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Ашытқысыз нан пісірудің басқа нан өнімдерінен ерекшелігі құрамында адам ағзасына зиян келтіретін наубайхана ашытқысының болмауында. Мұндай пісіру өте ұзақ уақыт бойы ас қорыту жолдарының ауруларының алдын алу және емдеу үшін қолданылған. Органолептикалық қасиеттерінің арқасында ол ішектің мінсіз жұмысына ықпал етеді, асқазан-ішек жолдарының бұлшықеттерінің белсенді жұмысын ынталандырады. Жоғары тығыздығы мен қаттылығы тағамның жақсы сіңуіне және ас қорыту жүйесінің тиімді жұмысына ықпал етеді. Ашытқысыз нан пісіру бауырдың жұмысын жақсартады, ұйқы безінің тұрақты жұмысына ықпал етеді, сонымен қатар асқазанның қышқыл ортасын төмендетуге қабілетті, осылайша әртүрлі мәселелерден арылуға көмектеседі. Ашытқылардың қамырда ісінуі және осылайша ішекте газдың жоғарылауы

қабілеті туралы барлығы дерлік біледі. Ашытқысыз нанды біржола қолдану метеоризмнен арылуға көмектеседі. Мұндай нанды диетологтар жиі ұсынады, өйткені ол нан өнімдерінің басқа түрлеріне қарағанда аз калориялы [3,6,7,20,21].

Құлмақ негізіндегі ашытқыны қолданып нан өндірісі технологиясын жетілдіру барысында ең алдымен құлмақ ашытқысы жасалды: құлмақ, бидай кебегі, жоғары сұрыпты бидай ұны.

Құлмақ шикізаты қосылған құрғақ ашытқының дайындалу барысы 1-суретте көрсетілген.

Сурет 1. Құлмақ шикізаты қосылған құрғақ ашытқының дайындалу барысы

Нанды дайындау үшін жоғарыда көрсетілген құрғақ ашытқыны пайдалана отырып опара дайындау әдісі таңдалды. Дайындалған опарадан әртүрлі мөлшері бар нан өнімдерінің сапасына зерттеулер жүргізілді. Зерттеу барысында нан өнімдерінің органолептикалық және физика-химиялық көрсеткіштері зерттелді. Салыстырмалы бағалау үшін нан өнімін дайындау кезеңінде құлмақ ашытқысының әртүрлі мөлшерін қосу әдісі қолданылды. Рецептуралардың 3 нұсқасы ұсынылды: опара дайындау барысында жоғары сұрыпты бидай ұнын 15%, 30%, 45% мөлшерінде құлмақ ашытқысына ауыстыру.

Құлмақ ашытқысынан опара дайындау рецептурасы 1-кестеде көрсетілген. Құрғақ құлмақ ашытқысы қосылған нан өнімінің және бақылау үлгісінің рецептурасы 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 1

Құлмақ ашытқысынан опара дайындау рецептурасы

№	Шикізат	15%	30%	45%
1	опара	15 г	30 г	45 г
2	ұн	85 г	70 г	55 г
3	су	100 г	100 г	100 г
4	қант	5 г	5 г	5 г

Кесте 2

Құлмақ ашытқысы қосылған нан өнімінің және бақылау үлгісінің рецептурасы

№	Шикізат	Бақылау үлгісі	15%	30%	45%
1	опара		205 г	205 г	205 г
2	су	300 г	300 г	300 г	300 г
3	ұн	700 г	700 г	700 г	700 г
4	тұз	12 г	12 г	12 г	12 г
5	қант	20 г	20 г	20 г	20 г

Наубайхана ашытқысының қатысуынсыз дайындалған, ерекше дәмі мен хош иісі бар және құлмақ ашытқысы қосылған диеталық тағамға ұсынылатын нан алынды. Құлмақ ашытқысы қосылған нан өнімінің органолептикалық көрсеткіштеріт 3-кестеде көрсетілген.

Кесте 3

Құлмақ ашытқысы қосылған нан өнімінің органолептикалық және физика-химиялық көрсеткіштері

№	Көрсеткіштердің атауы	Бақылау үлгісі	Дайын үлгілердегі құлмақ ашытқысының саны		
			15%	30%	45%
1	Сыртқы түрі	беті тегіс, жылтыр, үлкен жарықтарсыз			
2	Түсі	ашық сары			
3	Пішіні	өзіне тән, көлемі үлкен емес			
4	Дәмі мен иісі	өнімнің өзіне тән дәмі мен иісі бар, бөтен иіс пен дәм жоқ	нанның бұл түріне тән жағымды дәмі бар, құлмақ аздап дәмі сезіледі	нанның бұл түріне тән жағымды дәмі бар, құлмақ айқын дәмі сезіледі	нанның бұл түріне тән жағымды дәмі бар, құлмақ айқын дәмі сезіледі
5	Нан жұмсағының күйі	созылмалы, жұмсағы бастапқы пішінге оралады, үгітілмелі	Тығыз	Тығыз	Тығыз
Физика-химилық көрсеткіштері					
6	Пісіру қасиеттері Піскен күйі, кесілген түрі		Толық піскен, ылғалды емес, эластикалық	Толық піскен, ылғалды емес, эластикалық	Толық піскен, ылғалды емес, эластикалық
7	Қышқылдылық, %		3,2	3,5	4,0
8	Ылғалдылық, %		39,6	40,0	41,2
9	Кеуектілік, %		71,0	71,0	70,2

3-кестеде көрсетілгендей, құлмақ ашытқысының мөлшері нан өнімдерінің иісіне, дәміне, құрылымына әсер етті. Жоғары сұрыпты бидай ұнына 15%, 30%, 45% құлмақ ашытқысын қосқан кезде органолептикалық және физика-химиялық көрсеткіштерінде бақылау үлгісімен салыстырғанда бірнеше өзгерістер байқалды.

Құлмақ ашытқысы қосылған нан өнімінің дегустацилық көрсеткіштері 4-кестеде көрсетілген.

Кесте 4

Құлмақ ашытқысы қосылған нан өнімінің дегустацилық көрсеткіштері

№	Көрсеткіштердің атауы	Дайын үлгілердегі құлмақ ашытқысының саны			
		Бақылау үлгісі	15%	30%	45%
		5- баллдық шкала бойынша орташа бағалау			
1	Сыртқы түрі	5	4,6	5	4,6
2	Дәмі	5	4	4,6	4
3	Иісі	4,6	4,6	5	4,6
4	Түсі	4	5	5	5
5	Органолептикалық көрсеткіштері	4,6	4,5	4,9	4,5

Дегустациялық бағалау нәтижелері құлмақ ашытқысының 30% мөлшері бақылау үлгісімен салыстырған кезде үлгінің ең жақсы көрсеткіштерге ие екенін көрсетіп, оңтайлы мөлшер ретінде таңдалып алынды.

Құлмақ ашытқысының 30% мөлшеріндегі үлгісі және қорытынды бақылау үлгісі 2-суретте көрсетілген.

Сурет 2. Құлмақ ашытқысының 30% мөлшеріндегі үлгісі және қорытынды бақылау үлгісі

Екі үлгінің физика-химиялық көрсеткіштерін салыстыру кезінде құлмақ ашытқысын қосқанда нанның ақуыз мөлшері 2,07%-ға төмендегенін, ал май – 1,51%, көмуірсу – 38,52% төмендегенін атап өтуге болады. Бақылау үлгісі және байытылған құлмақ ашытқысымен дайындалған нан өнімінің физика-химиялық көрсеткіштері 5-кестеде, аминқышқылды құрамы 6-кестеде көрсетілген.

Кесте 5

Құрғақ құлмақ ашытқысы қосылған нан өнімінің физика-химиялық көрсеткіштері

№	Көрсеткіштердің атауы	Бақылау үлгісі	Дайын үлгілердегі құлмақ ашытқысының саны
1	Ақуыз, %	10,46±0,16	8,39±0,14
2	Май, %	4,14±0,05	2,63±0,04
3	Көмірсу, %	56,71±0,84	18,19±0,23

Кестеде көрсетілген нәтижелерге сәйкес жоғары сұрыпты бидай ұнынан жасалған нанға қарағанда тағамдық құндылығы жоғарылағанын және калориясы аз екенін көруге болады.

Кесте 6

Құрғақ құлмақ ашытқысы қосылған нан сапасының аминқышқылды құрамы

№	Аминқышқылды құрамы	Бақылау үлгісі	Дайын үлгілердегі құлмақ ашытқысының саны
1	аргинин	1,131±0,452	1,933±0,773
2	лизин	0,198±0,067	0,111±0,038
3	тирозин	0,566±0,170	0,391±0,117
4	фенилаланин	1,037±0,311	0,740±0,222
5	гистидин	0,156±0,078	0,090±0,045
6	лейцин+изолейцин	0,943±0,245	0,699±0,182
7	метионин	0,287±0,098	0,275±0,094
8	валин	0,707±0,283	0,535±0,214
9	пролин	2,074±0,539	1,645±0,428
10	треонин	0,566±0,226	0,535±0,214
11	серин	0,707±0,184	0,535±0,139
12	аланин	0,518±0,135	0,354±0,092
13	глицин	0,518±0,176	0,321±0,109

6-кестеде аргинин аминқышқылы құрамы көбейгенін атап өтуге болады. Аргинин жүректің жұмысына оң әсер етеді, қан тамырларының кеңеюін қамтамасыз етеді, қан ағымын жақсартады, қан қысымын төмендетеді.

Қорытынды. Осылайша зерттеулер ашытқысыз нанның жаңа түрін алу технологиясын әзірлеуге және жақсы антиоксиданттық қасиеттері бар емдік-профилактикалық мақсаттағы нан өнімдерінің ассортиментін кеңейтуге мүмкіндік берді.

Қорытындылай келе құлмақ ашытқысы қосылған нан өнімін ағзаға келтірер орасан зор пайдасын анықтай отырып, диеталық нан өнімі ретінде және адам ағзасына пайдалы нан өнімі ретінде тұтынуды ұсынуға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Калинина, И.В. Исследование качества обогащенных видов хлеба в процессе хранения [Текст] / И.В. Калинина, Н.В. Науменко, И.В. Фекличева // Вестник ЮУрГУ. – 2015. – № 1. – С. 36-44.
2. Сатцаева, И.К. Способ повышения качества и безопасности хлебобулочных изделий из пшеничной муки путем совершенствовния технологии хмелевой закваски [Текст] / И.К. Сатцаева, В.А. Гасиева, А.К. Тебоева, Я.С. Фарниеева // Вестник КрасГАУ. – 2016. – № 2. – С. 118-124.

3. Дерканосова, А.А. Изучение показателей качества хлеба с содержанием хмелепродуктов [Текст] / А.А. Дерканосова, А.А. Опиничева // Вестник Мах. – 2017. – № 1. – С. 31-33.
4. Коляда, Е.В. Хлеб на хмелевой закваске [Текст] / Е.В. Коляда, А.И. Толчикова // [?]. – 2017.
5. Печенкина, О.Н. Забытые старые традиции выпечки хлеба на основе шишек хмеля [Текст] / О.Н. Печенкина, М.Е. Печенкина // [?].
6. Каратаева, О.Г. Показатели оценки качества хмелесырья [Текст] / О.Г. Каратаева, Т.С. Кукушкина, Ю.М. Алексеев // Вестник Московский Государственный Агроинженерный Университет Имени В.П. Горячкина. – 2019. – № 4. – С. 92.
7. Хмелевская, А.В. Биологически активные вещества дикорастущего хмеля обыкновенного (humulus lupulus l.), произрастающего в республике северная Осетия–Алания [Текст] / А.В. Хмелевская, С.К. Черчесова, А.А. Компанцев, И.Т. Караева // Известия горского государственного аграрного университета. – 2017. – № 2. – С. 195-198.
8. Коляда, Е.В. К вопросу о химическом составе хмеля [Текст] / Е.В. Коляда, А.И. Толчикова // [?]. – 2017.
9. Алехина, Н.Н. Зерновой хлеб с продуктами переработки хмеля [Текст] / Н.Н. Алехина, Е.И. Пономарева // Хранение и переработка сельхозсырья. – 2016. – № 12. – С. 31-33.
10. Пономарёва, Е.И. Разработка способа приготовления зернового хлеба повышенной безопасности [Текст] / Е.И. Пономарёва, Н.Н. Алёхина, И.А. Бакаева // Науные исследования. – 2014. – С. 52-53.
11. Лоретц, О.Г. Актуальность применения натуральных пищевых красителей в хлебопечении [Текст] / О.Г. Лоретц // Аграрный вестник Урала. – 2016. – № 12 (154). – С. 52-56.
12. Подшивалова, М.А. Применение дополнительных компонентов в рецептуре хлеба в ООО «Сысертскийхлебокомбинат» [Текст] / М.А. Подшивалова, Н.Л. Лопаева // Молодежь и наука. – 2016. – № 2.
13. Мустафаев, Г.А. Подтверждение стабильности процессов и качества продукции [Текст] / Г.А. Мустафаев // Перспективы развития АПК в современных условиях. Материалы 7-й международной научно-практической конференции. – Владикавказ, 2017. – С.159-161.
14. Шабурова, Г.В. Перспективы использования экструдированной гречихи в пивоварении и хлебопечении [Текст] / Г.В. Шабурова, П.К Воронина, А.А. Курочкин [и др.] // Известия Самарской государственной сельскохозяйственной академии. – 2014. – С. 79-83.
15. Иванова, Е.П. Выбор и обоснование биотехнологической системы для производства хмеле-тыквенной закваски [Текст] / Е.П. Иванова, Ю.В. Родионов, В.П. Капустин // Альманах современной науки и образования. – 2015. – № 5 (95). – С. 62-66.
Использовали в рецептурных расчетах табличный редактор Microsoft Excel. Стандартная надстройка «Поиск решения» процессора электронных таблиц «MS Excel» позволяет эффективно решать рецептурные задачи, а представление результатов в виде таблиц обеспечивают удобную для учета и отчетности информацию.

На основании информационной матрицы (табл. 1) сформирована система линейных балансовых уравнений (табл. 2).

Таблица 2

Система балансовых уравнений и ограничений

Баланс по:	Уравнения и ограничения:
Жиру	$0{,}09X_1+X_2 + 0{,}01X_3 + 0{,}001X_4 = 7{,}3$
Белку	$0{,}14X_1+X_2 + 0{,}027X_3 +0{,}01X_4 = 9{,}52$
Углеводам	$0{,}028X_1+0{,}045X_2 + 0{,}529X_3 +0{,}131X_4 = 8{,}14$
Воде	$0{,}65X_1+0{,}01X_2 + 0{,}828X_3 +0{,}90X_4 = 74{,}84$
Масса, кг.	$X_1 + X_2 + X_3 + X_4 = 100{,}00$

Рецептурная смесь творожной массы должна содержать в 100 г: жира не менее – 8 г, белка не менее – 10,0 г, углеводов не менее – 8 г.

Функция цели – минимальная себестоимость запишется в виде:

$1200X_1+700X_2+1300X_3+400X_4 \rightarrow \min (\max)$

Система линейных балансовых уравнений решается в компьютерной системе Excel. С учетом принятых обозначений, рецептура творожной массы с минимальной и максимальной себестоимостью приведена в таблице 3.

Модульное программное обеспечение «МИНИМАКС» позволяет рассчитывать рецептуру многокомпонентной программы с заданным составом. Разработанный матричный метод решения рецептуры многокомпонентных пищевых продуктов отличается простотой и высокой информативностью [2].

Создание функциональных рецептур многокомпонентных пищевых продуктов показывает, что эффективность компьютерного моделирования может быть успешно достигнута при использовании теории линейного программирования (симплекс-метода) и решения поставленных задач с применением современных информационных технологий [1,2].

Проектирование поликомпонентных продуктов позволяет рационально использовать дорогостоящее сырье, расширить ассортимент продуктов.

Таблица 3

Рецептура творожной массы с минимальной себестоимостью

Ингредиенты	X	Масса, кг	Массовая доля, %				Цена, тг/кг
			жира	белка	углеводов	воды	
Творог 9%	X_1	65,00	9,00	14,00	2,80	65,00	1200,00
Сахар песок	X_2	12,50	0,00	0,00	99,80	0,10	700,00
Сливки 10 % жирности	X_3	7,50	10,00	2,70	4,50	82,80	1300,00
Наполнитель (мякоть тыквы)	X_4	15,00	1,00	0,10	4,40	90,30	400,00
Наполнитель (мякоть моркови)	X_5	0,00	1,30	0,10	9,60	88,00	180,00
Наполнитель (миндаль)	X_6	0,00	61,00	15,00	9,40	0,00	5200,00
Наполнитель (фундук)	X_7	0,00	40,40	18,60	13,00	0,00	4000,00
Итого, кг		100,00					
Суточная потребность школьников (7-11 лет), г			79,0	77,0	335,0		
% соответствия суточной потребности			8,54	11,79	19,36		
Стандарт продукта			6,8	9,3	15,3	70,7	
Функция цели		13130,0					
Балансовые уравнения			6,75	9,32	15,29	68,64	

Для оперативного моделирования витаминного состава поликомпонентного продукта использовалась модульная компьютерная программа «Витамакс». Проектирование многокомпонентной творожной массы осуществлялось с учетом потребностей детей в возрасте от 10 до 12 лет. При использовании функции «Поиск решений» в программе, целевая функция была установлена на максимальное значение массовой доли витамина С. После ввода всех необходимых параметров и нажатия кнопки

«Выполнить», результаты расчета рецептуры творожной массы отображались на экране. Для визуализации витаминного состава рецептурной смеси была построена соответствующая диаграмма (рис. 1).



Рис. 1. Витаграмма рецептуры творожной массы «Радуга»

Исследование результатов расчета витаминного состава творожной массы (см. табл. 1) показало, что использованные ингредиенты – измельченный творог с 5% жирности в объеме 85% и 15% пюре тыквы – привели к получению рецептурного состава творожной массы с высоким содержанием витамина С (1,255) и РР (1,006 мг %) при суточной потребности в 8,38 мг %. Был достигнут оптимизированный витаминный состав. Однако следует отметить низкое содержание в разрабатываемом продукте витаминов А, В6, В1 и В9.



Ингредиенты		Масса, кг	Массовая доля, % жира	белка	углево-дов	воды	Цена, тг./кг	Содержание, кг жира	белка	углево-дов	воды	Энергетическая ценность ккал
Творог 9%	x1	65	3,20	5,00	8,50	83,30	1200,00	2,08	3,25	5,53	54,15	82,44
сахар песок	x2	5	10,00	2,70	4,50	82,80	70,00	0,50	0,14	0,23	4,14	8,88
сливки 10 % жирности	x3	15	9,60	36,10	52,90	10,40	1300,00	0,09	5,42	7,94	1,56	83,23
наполнитель (мякоть тыквы)	x4	15	68,40	13,70	13,10	4,80	400,00	10,26	2,06	1,97	0,72	107,93
наполнитель (мякоть моркови)	x5	0	60,80	16,20	11,10	3,80	180,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
наполнитель (миндаль)	x6	0	61,00	15,00	9,4	0,00	5200,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
наполнитель (фундук)	x7	0	40,40	18,60	13,00	0,00	4000,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
Итого, кг												
Суточная потребность школь-ков (7-11 лет),г			79,0	77,0	338,0							
% соответствия суточной потребности			16,37	13,74	19,81							
Стандарт продукта			12,9	10,9	15,7	60,6		12,9	10,9	15,7	60,6	
Функция цели							103850,00				ккал	218,48
Балансовые уравнения			12,93	10,86	15,65	60,57					ккал	218,48
Соотношение Ж:Б:У			1,0	0,8	1,2						в/Дн	913,24
Стандарт Ж:Б:У			1	1	4							
% соответствия соотношения между Ж:Б:У в продукте/к стандарту			100,0	84,0	30,3							

Ингредиенты	X	Масса, кг	Содержание витаминов, мг/в 100 граммах продукта (мг%) B1	A	B2	C	E	B3	PP	B6	B9
Творог 9%	x1	65	0,04	0,03	0,20	0,60	0,00	0,30	0,20	0,08	0,00
сахар песок	x2	5	0,30	0,20	0,10	0,50	0,30	0,30	0,20	0,06	0,01
сливки 10 % жирности	x3	15	0,30	0,06	1,80	4,00	3,20	0,02	1,20	0,01	0,08
наполнитель (мякоть тыквы)	x4	15	0,36	0,04	0,33	0,90	6,33	0,20	4,37	0,09	0,01

Рис. 2. Результаты расчета рецептурной смеси в программе Excel на творожную массу «Радуга»

Таким образом, изложенные выше методики и расчеты предоставляют разработчикам возможность создавать продукты питания сложного

сырьевого состава. Применение табличного редактора Microsoft Excel позволяет оптимизировать процесс проектирования рецептур многокомпонентных продуктов на стадии выбора ингредиентов, что даёт возможность моделировать биологическую ценность белковой составляющей конечного продукта [4].

Заключение. Оптимизация витаминного состава в творожных продуктах является важным шагом на пути к созданию функциональных молочных продуктов, которые удовлетворяют растущий потребительский спрос на питательные и полезные для здоровья продукты. Обогащение творожных изделий витаминами, такими как A, D, E и группы B, значительно улучшает их питательную ценность, способствуя укреплению здоровья населения и снижению дефицита жизненно важных микронутриентов.

Процесс оптимизации содержания витаминов требует междисциплинарного подхода, который включает в себя элементы пищевой науки, диетологии и технологических инноваций. Важно правильно подобрать источники витаминов – как синтетические, так и натуральные, которые будут стабильны и биодоступны как во время хранения, так и при потреблении. Более того, уровень обогащения должен быть тщательно выверен, чтобы витамины не только сохранили свою эффективность, но и не повлияли негативно на органолептические характеристики продукта, такие как вкус, текстура и цвет, которые играют ключевую роль в принятии продукта потребителями.

Ключевой аспект процесса оптимизации заключается в обеспечении стабильности продукта как в физическом плане, так и по содержанию питательных веществ на протяжении всего срока хранения. Витамины могут быть чувствительны к различным методам обработки и условиям хранения, поэтому важно обеспечить их сохранность для того, чтобы потребители получали заявленные преимущества для здоровья. Это требует проведения всесторонних испытаний для определения оптимальных условий производства и хранения, позволяющих поддерживать высокое качество и стабильность витаминов в творожных продуктах.

Исследование показало, что применение современных информационных технологий и линейного программирования позволяет существенно улучшить рецептуры многокомпонентных творожных продуктов. Использование модуля «Витамакс» в сочетании с программой «Минимакс» доказало свою эффективность в разработке функциональных рецептур с оптимизированным витаминным составом.

Список литературы

1. Лисин, П.А. Компьютерные технологии в рецептурных расчетах молочных продуктов [Текст] / П.А. Лисин. – М.: ДеЛи принт, 2007. – 104 с.
2. Имангалиева, Ж.К. Совершенствование стадии измельчения в технологии творожных продуктов [Текст]: дис. ... канд. техн. наук / Ж.К. Имангалиева. – ФГБОУВО «Кемеровский государственный университет», 2018.
3. Ходырева, О.Е. Совершенствование технологии обогащенных творожных изделий с использованием пасты из топинамбура [Текст]: дис. ... канд. техн. наук 05.18.04 / О.Е. Ходырева. – Воронеж, 2017. – 160 с.
4. Shlisky J., Bloom D.E., Beaudreault A.R., Tucker K.L., Keller H.H., Freund-Levi Y., Fielding R.A, Cheng F.W., Jensen G.L., Wu D., Meydani S.N. Nutritional considerations for healthy aging and reduction in age-related chronic disease // Adv.Nutr., 2017. Vol 8, No. 1. P. 17-26.

Материал поступил в редакцию 29.05.24.

Ж.К. Имангалиева[1], Н.К. Ибрагимов[2], М.О. Кожахиева[1], А.Б. Есенова[1]

[1]Алматы технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан
[2]Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, Семей қ., Казақстан

СҮЗБЕ ӨНІМДЕРІНДЕГІ ВИТАМИНДІК ҚҰРАМЫН ОПТИМИЗАЦИЯЛАУ

Аңдатпа. Зерттеу ақпараттық технологиялар мен сызықтық бағдарламалау әдістерін қолдана отырып, сүзбе массасының оңтайлы формуласын жасауға бағытталған. Материалдық теңгерім мен шығындарды оңтайландыру негізінде өнімнің сипаттамаларын есептеу әдістемесі қарастырылды. «Минимакс» бағдарламалық жасақтамасын және «Витамакс» модулін қолдану формулаларды тиімді оңтайландыруға және өнімдердің витаминдік құрамын модельдеуге мүмкіндік беретіні анықталды. Көп компонентті өнімдердің функционалды формулаларын құру шикізатты ұтымды пайдалануға, өнім ассортиментін кеңейтуге мүмкіндік беретіні анықталды. Зерттеу нәтижесінде оңтайлы қоректік сипаттамалары бар және өзіндік құны төмендетілген сүзбе массасының рецептурасы жасалды.

Тірек сөздер: сүзбе өнімдері, витаминдік құрамы, тепе-теңдік, тағамдық құндылығы, оптимизациялау.

Zh.K. Imangalieva[1], N.K. Ibragimov[2], M.O. Kozhakhiyeva[1], A.B. Yesenova[1]

[1]Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan
[2]Shakarim University of Semey, Semey, Kazakhstan

OPTIMIZATION OF VITAMIN COMPOSITION IN CURD PRODUCTS

Abstract. The research is devoted to the development of an optimal recipe for curd mass using information technology and linear programming methods. The method of calculating product characteristics based on the material balance and cost optimization was considered. It was revealed that the use of the “Minimax” software and the “Vitamax” module makes it possible to effectively optimize formulations and simulate the vitamin composition of products. It has been established that the creation of functional formulations of multicomponent products makes it possible to rationally use raw materials and expand the product range. As a result of the research, a formulation of curd mass with optimal nutritional characteristics and reduced cost has been developed.

Keywords: cottage cheese products, vitamin composition, balance, nutritional value, optimization.

References

1. Lisin, P.A. Komp'yuternyye tekhnologii v retsepturnykh raschetakh molochnykh produktov [Computer technologies in recipe calculations of dairy products]. – Moscow: DeLi print, 2007. – 104 p., [in Russian].
2. Imangaliyeva, ZH.K. Sovershenstvovaniye stadii izmel'cheniya v tekhnologii tvorozhnykh produktov [Improving the grinding stage in the technology of curd products]: dissertation for the degree of Candidate of Technical Sciences. – Federal State Budgetary Educational Institution of Higher Education “Kemerovo State University”, 2018, [in Russian].
3. Khodyreva, O.Ye. Sovershenstvovaniye tekhnologii obogashchennykh tvorozhnykh izdeliy s ispol'zovaniyem pasty iz topinambura [Improving the technology of fortified curd products using Jerusalem artichoke paste]: dissertation for the degree of Candidate of Technical Sciences 05.18.04. – Voronezh, 2017. – 160 p., [in Russian].
4. Shlisky J., Bloom D.E., Beaudreault A.R., Tucker K.L., Keller H.H., Freund-Levi Y., Fielding R.A, Cheng F.W., Jensen G.L., Wu D., Meydani S.N. Nutritional considerations for healthy aging and reduction in age-related chronic disease // Adv.Nutr., 2017. Vol 8, No. 1. P. 17-26

ҒТАМР 65.63.01

Л.Д. Абубакирова[1] – *негізгі автор*, ©
Т.Ч. Тултабаева[2], **Х. Темиз**[3]

[1]*Докторант*, [2]*Техн. ғылым. д-ры, қауымдастырылған профессор*,
[3]*Доктор, профессор*

ORCİD [1]*https://orcid.org/0009-0006-9003-212X* [2]*https://orcid.org/0000-0003-2483-7406*
[3]*https://orcid.org/0000-0003-3586-336X*

[1,2]*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана қ., Қазақстан*
[3]*Ондокуз Майис Университеті, Самсун қ., Түркия*

@ [1]*laura.abubakirova@mail.ru*

https://doi.org/10.55956/SGSP1925

ӨСІРІЛГЕН ТАРЫ ҚОСА ОТЫРЫП, МАЙСЫЗ ЕШКІ СҮТІНЕН ӘЗІРЛЕНГЕН ФЕРМЕНТТЕЛГЕН СУСЫНДАРДЫҢ ФИЗИКО-ХИМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ОРГАНОЛЕПТИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа. Бұл мақалада «заанен» және «жергілікті» тұқымды асыл тұқымды ешкілердің сүтіне физика-химиялық талдаулар келтірілген. Майсыз ешкі сүтіне негізделген өсімдік қоспалары бар жаңа ашытылған сусынға органолептикалық және физика-химиялық зерттеулер жүргізілді. Зерттеу деректері жақсы органолептикалық көрсеткіштері бар ашытылған сусынның тағамдық құндылығын көрсетеді. Сүт өнімдері мен өсімдік қоспаларын үйлесімді пайдалану перспективасы бар бағыт болып табылады, себебі өсімдік шикізатына негізделген ашытылған өнімдер функционалдық тамақтану талаптарына сәйкес келеді.

Тірек сөздер: майсыз ешкі сүті, ашытылған сусын, өсірілген тары, өңделген тары.

Абубакирова, Л.Д. Өсірілген тары қоса отырып, майсыз ешкі сүтінен әзірленген ферменттелген сусындардың физико-химиялық және органолептикалық көрсеткіштерін зерттеу [Мәтін] / Л.Д. Абубакирова, Т.Ч. Тултабаева, Х. Темиз // Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2024. – №3(85). – Б.47-54. https://doi.org/10.55956/SGSP1925

Кіріспе. Халық денсаулығы – мемлекетіміздің басты құндылығы және олардың салауатты өмір сүру салтын нығайту негізгі міндеті болып табылады. Денсаулықты жақсарту жолдарының бірі ағзаға пайдалы өнімді тұтыну.

Әрбір адамның денсаулығы көбіне тамақтану рационымен анықталады. Ағзаның иммундық-биологиялық белсенділігін қалыптастыруда функционалды тамақтанудың мамандандырылған өнімдерін, соның ішінде ашытылған сүт өнімдерін жасау және пайдалану ерекше маңызға ие. Ашытылған сүт өнімдері қолайсыз экологиялық жағдайларға, метаболикалық бұзылуларға, тағамдық аллергияға, сәулелік және бактерияға қарсы терапиядан кейін, теңестірілмеген тамақтанудан және күйзелістен туындаған жедел және созылмалы аурулар мен ас қорыту жүйесінің дисфункцияларына

ұшыраған кезде ағзаны қорғаудың қажетті құралы болып табылады. Әдетте, ағзаның бұзылған қалыпты микрофлорасын түзету үшін пробиотикалық ашытылған сүт өнімдері кеңінен қолданылады [1]. Соңғы жылдары көптеген тұтынушылар денсаулыққа пайдасын тигізетін жаңа тағам өнімдерін таңдауды қолдайды [2].

Қазіргі уақытта Қазақстан өзін сүтпен қамтамасыз ете алады. Дегенмен, сүт өнімдерінің ішінде май, ірімшік және сүзбе өнімдері ішкі нарықты толықтырумен және экспортқа шығарылатын болғандықтан, аталған өнімдерді өндіруге айтарлықтай мөлшерде сүт жұмсалады [3]. Әсіресе ешкі сүтінен алынатын өнімге сұраныс өте жоғары. Салдарынан майсыздандырылған сүтті тиімді әрі оңтайлы пайдалану қажеттілігі туындайды. Аталған майсыз сүтті ашыту арқылы сусын дайындау ең ұтымды шешім болып табылады, яғни өнім алынғаннан кейінгі қалған майсыз сүт жартылай немесе бір бөлігі ғана емес толығымен пайдаланылады. Ал осы ашытылған сүт қышқылды сусындар өндірісіндегі заманауи бағыттардың бірі – ол өсімдіктектес шикізат пен оның қайта өңделген өнімдерімен бірге қолдану екенін атап өту қажет [4].

Соңғы бес жыл шамасында бәсекеге қабілетті әлемнің көптеген елдерінде ешкі шаруашылығының сүті диеталық және емдік қасиеттерінің арқасында болашағы бар салалар қатарынан көрініп келеді [5]. Ал Қазақстанда ешкі шаруашылығы ең аз дамыған мал шаруашылығы болып саналады [6]. Себебі бұл шаруашылықтың түрімен айналысатын ірі қожалықтар Қостанай, Түркістан және Атырау облыстарында ғана жұмыс жасайды [7]. Дегенмен, ешкі шаруашылығының орта және кіші фермаларын да басқа өңірлерде жиі кездестіруге болады. Осындай статистикаға қарамастан, тұтынушылардың басым көпшілігінің ешкі сүтінен әзірленетін өнімдерге сұраныстың жоғары екенін атап өту қажет [8]. Халық сұранысын қолжетімді және сапалы ешкі сүті өнімімен қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ қалдық ретінде артылатын майсыз сүттен ферменттелген сусын дайындау және нарықтағы сүт сусындарының ассортиментін арттыру мәселесі пайда болды. Бұдан басқа, ферменттелген өнімдердің жаңа түрін әзірлеу бойынша зерттеулер бірқатар техникалық және экономикалық артықшылықтары болғандықтан, олардың саны артып келеді [9].

Бұл жұмыстың мақсаты майсыз ешкі сүтінен дайындалатын ферменттелген сусынның физико-химиялық құрамын және органолептикалық қасиетін зерттеу болып табылады.

Аталған сусынға өсірілген тары дәнді-дақылын қосу көзделген. Тарының тағамдық құндылығы жоғары болып саналады, себебі онда бірқатар маңызды көмірсулар, ақуыздар, майлар, микроминералдар мен дәрумендер бар екені зерттелген [10]. Нақтырақ айтқанда, басқа дәнді дақылдардан айырмашылығы, тары құрамында биоактивті компоненттер мен бірқатар биоактивті минералдар бар [11]. Сонымен қатар, тарының құрамында глютен жоқ екендігі және қандағы глюкоза мен холестеринде реттеуде маңызды рөл атқаратыны анықталған [12].

Тарының жоғарыда атап өтілген физико-химиялық құрамы ескерілсе, оны майсыз ферменттелген ешкі сүтінен әзірленетін сусынға өсірілген түрін қосу жаңаша, пайдалы және сапалы өнім дайындауға мүмкіндік береді. Бұл сусын әсіресе иммунитет әлсіреген адамдардың денсаулығын нығайтуға, сезондық аурулардың алдын алуға септігін тигізеді.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Тәжірибелік зерттеулер стандартты түрде 3 реттен жүргізілді. Жұмыста қойылған мәселелерді шешу мақсатында

шикізат пен дайын өнімді зерттеу үшін заманауи физико-химиялық және органолептикалық, статистикалық әдістер қолданылды. Эксперименттік зерттеулер Түркия Республикасы, Ондокуз Майыс Университетінің Тамақ инженериясы департаменты лабораториясында және С. Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық Зерттеу Университетінің «Тамақ және қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы» кафедрасының лабораториясында жүргізілді.

Берілген жұмыста негізгі объектілер ретінде майсыз ешкі сүті, тарының «Саратов» сұрыпының өңделген дайын және осы сұрыптың өңделмеген түрін жаңадан өсіру арқылы тарының кептірілген және қуырылған ұн тәріздес түрлері және ашытқы қолданылды.

– титрлейтін қышқылдық ГОСТ 3624-92 «Сүт және сүт өнімдері. Қышқылдықты анықтаудың титриметриялық әдістері»;

– белсенді қышқылдық pH-метр бойынша ГОСТ 26781-85 электрометриялық әдіспен анықталды;

– физико-химиялық әдіс: физико-химиялық талдау кезінде сүттің қышқылдығы, майлылығы, ақуыз және құрғақ зат мөлшері, ГОСТ 32940-2014 және ГОСТ 32259-2013;

– ақуыздың массалық үлесі-ГОСТ 23327-98 «Сүт және сүт өнімдері. Кьельдаль бойынша жалпы азоттың массалық үлесін өлшеу және ақуыздың массалық үлесін анықтау әдістері»;

– майдың массалық үлесі-ГОСТ 5867-90 «Сүт және сүт өнімдері. Майды анықтау әдістері»;

– органолептикалық әдіс: органолептикалық талдау кезінде сүттің түсі, иісі, дәмі және құрамы ГОСТ 32940-2014 және ГОСТ 32259-2013.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Ашытылған сусын алу мақсатында ең алдымен шикі ешкі сүтінің физико-химиялық құрамын анықтау бойынша қажетті зерттеулер жүргізілді. Салыстырмалы нәтижелері 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1

Әртүрлі ешкі сүті анализінің физико-химиялық көрсеткіштері

Көрсеткіш атауы	Ешкінің «Зааендік» тұқымының сүті (Қазақстан)	Ешкінің «Жергілікті» тұқымының сүті (Түркия)
Титрленетін қышқылдық, °Т	18±2,53	18±1,59
Майлылығы,%	4,6±0,49	4,8±0,87
Ақуыздың массалық үлесі, %	3,9±1,64	3,8±0,53
Құрғақ зат, %	12,39±0,73	12,81±0,35

Зерттеу нәтижесі бойынша Қазақстанның «Зааненділік» және Түркияның «Жергілікті» ешкі тұқымдарының да сүт сапасы стандарт талаптарына сай келетінін көрсетті. Органолептикалық қасиеті бойынша екі елдің де ешкі сүттерінің сапасы жоғары болды. Дәмі және иісі таза, бөтен иіссіз, ешкі сүтіне тән төменгі дәрежедегі жемнің ерекше дәмі және иісі бар. Түсі – ақ, ақшыл-крем тәрізді. Алайда сүттің майлылығы бойынша Түркияның «жергілікті» ешкі тұқымы сүтінің зааненділік ешкі тұқымы сүтінің майлылығынан 0,2% жоғары екені белгілі болды. Бұл ешкілерді тамақтандыру мен ұстаудағы ерекше әртүрлілікті білдіреді, яғни сүт құрамына әсер етті. Бірақ құрамындағы ақуыздың массалық үлесі жағынан

заанендік ешкі тұқымы сүтінің пайызы 0,1-ге жоғарырақ болды. Бұл көршеткіштің төмен не жоғары болуы малдың азықтанған құрамажеміне және экологиялық ортаның әсері де болуы әбден ықтимал. Ал берілген сүттердің титрленетін қышқылдығы және құрғақ зат мөлшері шамалас бірдей дәрежені көрсетті. Жалпы берілген екі түрлі ешкі сүттері ГОСТ 32940-2014 «Шикі ешкі сүті. Техникалық шарттар» талаптарына сәйкес және берілген парамертлер бойынша айтарлықтай айырмашық жоқ болғандықтан, Түркияның «жергілікті» ешкі сүтімен зерттеу жүргізілді. Зерттеу нәтижесі – майсыз ешкі сүтіне негізделген ашытылған сусын технологиясы әзірленді.

Эксперименттік зерттеу ОМУ-нің Тамақ инжериясы департаменті зертханасының базасында жүргізілді. Ферменттелген ешкі сүтінің сусыны дәстүрлі технологияға сәйкес дайындалды: шикізатты дайындау, сепаратор арқылы майсыздандыру, қалыпқа келтіру, пастерлеу (75±2°С температурада 15-19 мин ұстау уақытымен), салқындату (ашыту температурасына дейін 38-40°С), ашыту (38-40°С температураға дейін сүт ашытуға арналған ыдысқа құйылды), араластыру, тары дақылын енгізу және сақтау. Әрбір сынама үлгісі бойынша 1 литр ашытылған сусынға 10% қоспа (тары өсіндісінің 2 түрі және өңделген дайын тары) қосылды. Сынама үлгілеріне бақылау ретінде бір түрі қоспасыз алынды. Осылайша, 4 түрлі тәжірибелік үлгілердің су белсенділігі, майлылығы, ақуыздың мөлшері, ылғалдылығы, күлділігі, титрленетін және белсенді қышқылдығы зерттелді (2, 3-кестелер).

Кесте 2

Сусынның физико-химиялық көрсеткіштері

Сынама үлгі	Су белсенділігі, Aw	Майлы-лығы, %	Ақуыз, г	Ылғалдылығы, %	Күлділігі, г
1-ші сынама (бақылау)	0,9971±0,0015	0,18±0,04	2,66± 0,42	92,1± 0,16	0,27± 0,01
2-ші сынама (кептірілген тары өсіндісі)	0,9945±0,0007	0,19±0,03	2,78± 0,33	82,2± 0,13	0,28± 0,08
3-ші сынама (қуырылған тары өсіндісі)	0,9945±0,0043	0,25±0,03	2,81± 0,36	80,9± 0,32	0,23± 0,07
4-ші сынама (өңделген дайын тары)	0,9952±0,0032	0,28±0,15	2,69±0,44	83,8±0,12	0,30±0,09

Кесте 3

Ашытылған сусынның белсенді және титрленетін қышқылдықтары

Сынама үлгісі	pH	Титрленетін қышқылдық, °Т
1-ші сынама (бақылау)	4,56±0,25	89
2-ші сынама (кептірілген тары өсіндісі)	4,63±0,01	91
3-ші сынама (қуырылған тары өсіндісі)	4,67±0,35	94
4-ші сынама (өңделген дайын тары)	4,58±0,86	93

Сусынды сақтау кезінде тағамның тұрақтылығын бағалауға болатын критерийлердің бірі – су белсенділігі. Aw көрсеткішін бақылау арқылы оның сақтау қабілетін болжауға және оларды сақтаудың оңтайлы шарттарын анықтауға мүмкіндік береді. Ол AquaLab приборында өлшенді. Аталған

сусынның су белсенділігі тары өсіндісі бар қоспаларымен бірге анықталды, ал бақылау сынамасы ешқандай қоспасыз зерттелді. 1-ші сынама ешқандай қоспасыз болғандықтан, су белсенділігінің көрсеткіші қалған үш сынамадан жоғары екенін дәлелдеді. Сондай-ақ, майлылығы бойынша сусынның бақылау сынамасына қарағанда құрамында тарыдан дайындалған қоспасы бар сынама 0,1%-ға жоғары болды. Демек, тары дақылының өзіндік майлылығы аз мөлшерде болса да әсер етеді деген сөз. Ал күлділігі Protherm furnace пешінде 900°С температурада 6 сағат жасалынды (1, 2-сурет). Жалпы берілген физико-химиялық көрсеткіштер бойынша талдау жүргізгеннен кейін, әзірленген майсыз ешкі сүті негізінде ашытылған сусынның сипаттамасы ГОСТ талаптарына толығымен сәйкес келеді.

Сурет 1. Protherm furnace пеші

Сурет 2. Сусынның сынамалар нәтижесі

Ашытылған сусынның жаңа түрін жетілдіру мүмкіндігін зерттеу үшін олардың органолептикалық көрсеткішін бағалау арқылы тәжирибелік үлгілердің сапасына салыстырмалы бағалауды Тамақ инженериясы департаменті зерханасының дегустация комиссиясы жүргізді.

Кесте 4

Ашытылған сусынның органолептикалық қасиеттері

Сынама	Дәмі және иісі	Консистенциясы және сыртқы түрі	Түсі
№1	Жұмсақ, қышқылдау, иісі жоқ	Біркелкі, қою емес	ақшыл
№2	Орташа жұмсақ, ашытылған, қышқыл	Біркелкі, жеңіл дәнділік	сары қоңыр
№3	Орташа жұмсақ, ашытылған, қышқыл	Біркелкі, жеңіл дәнділік	сары қоңыр
№4	Өте жұмсақ, қышқылдау	Біркелкі емес, сұйықтау	ақшыл сары

Берілген сынамалардың органолептикалық қасиетін 10-баллдық шкала бойынша бағаланды. Нәтижесі бойынша №3 сынама жоғары баллға ие болды, одан кейінгі орынды №2 сынама болса, төменгі баллға №4 сынама бағаланды. Дегустация комиссиясы №1 сынама бойынша ешкі сүтінен әзірленетін сүт қышқылды өнімнің дәмі мен иістеріне тән сипаттама жоқ екендігіне қызығушылық танытты. Ал №3 сынаманың ерекше өзіне тән жаңғақ тәріздес дәмі мен хош иісі болғандығын атап өтті.

Қорытынды. Жалпы, шикі ешкі сүтіне, одан әрі зерттелген сынамалар бойынша ашытылған сусынға физико-химиялық және органолептикалық талдау жүргізілді.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес өсірілген тары қосылған майсыз ешкі сүтінен ферменттелген сусын әзірлеу өзекті екенін атап өту керек. Бұдан әрі берілген сусынның дәрумендері мен минералдары бойынша тереңірек зерттеуді қажет етеді, себебі денсаулыққа әрбір ересек адам мен балалардың рационына пробиотикалық дақылдардың тірі жасушалары бар, бояғыштар мен хош иістендіргіштерсіз табиғи хош иісі бар сусын болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Dahiya D, Nigam PS. The Gut Microbiota Influenced by the Intake of Probiotics and Functional Foods with Prebiotics Can Sustain Wellness and Alleviate Certain Ailments like Gut-Inflammation and Colon-Cancer // Microorganisms, 2022. Vol. 10, No. 3. P. 665.
2. Guiné RPF, Florença SG, Barroca MJ, Anjos O. The Link between the Consumer and the Innovations in Food Product Development // Foods, 2020. Vol. 9, No. 9. P. 1317.
3. Жакупова, Г.Н. Сарысуға негізделген сергітетін сусындар технологиясын зерттеу және дамыту [Мәтін] / Г.Н. Жакупова, Т.Ч. Тултабаева, А.Б. Нуртаева, Н.Д. Кундызбаева, А.Т. Сагандык // АТУ хабаршысы. – 2022. – № 4. – Б. 99-105.
4. Melini F, Melini V, Luziatelli F, Ficca AG, Ruzzi M. Health-Promoting Components in Fermented Foods: An Up-to-Date Systematic Review // Nutrients, 2019. Vol. 11, No. 5. P. 1189.
5. Vaquil Rekha Rathee. A review on health promoting aspects of goat milk // The Pharma Innovation Journal, 2017. Vol. 6, No. 12. P. 5-8.
6. Шунекеева, А.А. Органолептические и физико-химические показатели кисломолочных напитков из козьего молока [Текст] / А.А. Шунекеева // Пища. Экология. Качество. – 2019. – С. 382-385.
7. Юсупова, Г.Т. «Зеренді» асыл тұқымды шаруашылығы» ЖШС-де өсірілетін асыл тұқымды ешкілер сүтінің салыстырмалы сапа көрсеткіштерін талдау. [Мәтін] / Г.Т. Юсупова, Д.Б. Курмангалиева, Б. Калемшарив, Ж.К. Шадьярова // АТУ хабаршысы. – 2020. – № 2. – Б. 99-105.
8. Абубакирова, Л.Д. Ешкі сүтінің өніміне сұраныс және оған көзқарас [Мәтін] // «Сейфуллин оқулары-18(2): «XXI ғасыр ғылымы – трансформация дәуірі» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Том. I. Бөлім. II. – Астана, 2022. – Б. 6-9.
9. Алимарданова, М.К. Исследование жирнокислотного состава айрана из козьего молока [Текст] / М.К. Алимарданова, А.А. Майоров, Г.А. Лоскутова, А.А. Шунекеева // Вестник государственного университета имени Шакарима города Семей. – 2020. – № 2(90). – С. 7-10.
10. Gowda N.A.N., Siliveru K., Prasad P.V.V., Bhatt Y., Netravati B.P., Gurikar C. Modern Processing of Indian Millets: A Perspective on Changes in Nutritional Properties // Foods, 2022. Vol. 11, No. 4. P. 499.

11. Priya Verma R.K., Lakhawat S., Yadav V.K., Gacem A., Abbas M., Mirsha S. Millets: sustainabletreasure house of bioactive components // International Journal of Food Properties, 2023. Vol. 26, No. 1. P. 1822-1840.
12. Asrani P., Ali A., Tiwari K. Millets as an alternative diet for gluten-sensitive individuals: A critical review on nutritional components, sensitivities and popularity of wheat and millets among consumers // Food Reviews International, 2022. Vol. 39, No. 6. P. 3370–3399.

Материал редакцияға 13.06.24 түсті.

Л.Д. АБУБАКИРОВА[1], Т.Ч. ТУЛТАБАЕВА[1], Х. ТЕМИЗ[2]

[1]Казахский агротехнический исследовательский университет имени С. Сейфуллина, г. Астана, Казахстан
[2]Ондокуз Майис Университет, г. Самсун, Турция

ИССЛЕДОВАНИЕ ФИЗИКО-ХИМИЧЕСКИХ И ОРГАНОЛЕПТИЧЕСКИХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ ФЕРМЕНТИРОВАННЫХ НАПИТКОВ ИЗ ОБЕЗЖИРЕННОГО КОЗЬЕГО МОЛОКА С ДОБАВЛЕНИЕМ ПРОРОЩЕННОГО ПРОСА

Аннотация. В данной статье приведены физико-химические анализы молока племенных коз «зааненской» и «местной» породы. Проведены органолептические и физико-химические исследования нового ферментированного напитка с растительными добавками на основе обезжиренного козьего молока. Данные исследования свидетельствуют о пищевой ценности ферментированного напитка, обладающего хорошими органолептическими показателями. Сочетание молочной основы с растительными добавками является перспективным направлением, так как по требованиям функционального питания в наибольшей степени отвечают ферментированные продукты на основе сырья растительного происхождения.

Ключевые слова: обезжиренное козье молоко, ферментированный напиток, пророщенное просо, обработанное пшено.

L.D. ABUBAKIROVA[1], T.CH. TULTABAYEVA[1], H. TEMIZ[2]

[1]Kazakh Agrotechnical Research University named after S. Seifullin, Astana, Kazakhstan
[2]Ondokuz Mayis University, Samsun, Türkiye

INVESTIGATION OF PHYSICO-CHEMICAL AND ORGANOLEPTIC PARAMETERS OF FERMENTED MILK DRINKS MADE FROM SKIMMED GOAT'S MILK WITH THE ADDITION OF SPROUTED MILLET

Abstract. This article presents a physico-chemical analysis of the milk of breeding goats of the "Zaanen" and "local" breeds. Organoleptic and physico-chemical studies of a new fermented drink with vegetable additives based on skimmed goat's milk have been carried out. Research data indicate the nutritional value of a fermented milk drink with good organoleptic properties. The combination of a dairy basis to vegetative additives is a perspective direction as requirements of a functional food are answered to the greatest degree with fermented products on the basis of raw materials of a plant origin.

Keywords: skimmed goat's milk, fermented drink, sprouted millet, processed millet.

References

1. Dahiya D, Nigam PS. The Gut Microbiota Influenced by the Intake of Probiotics and Functional Foods with Prebiotics Can Sustain Wellness and Alleviate Certain Ailments like Gut-Inflammation and Colon-Cancer // Microorganisms, 2022. Vol. 10, No. 3. P. 665.
2. Guiné RPF, Florença SG, Barroca MJ, Anjos O. The Link between the Consumer and the Innovations in Food Product Development // Foods, 2020. Vol. 9, No. 9. P. 1317.
3. Zhakupova G.N., Tultabaeva T.Ch., Nurtaeva A.B., Kundyzbaeva N.D., Sagandyk A.T. Sarısuga negizdelgen sergitetin susındar texnologiyasın zertteu jane damıtu [Research and development of whey-based soft drink technology] // ATU habarshısı [Bulletin of Almaty Technological University], 2022. No. 4. P. 99-105, [in Kazakh].
4. Melini F, Melini V, Luziatelli F, Ficca AG, Ruzzi M. Health-Promoting Components in Fermented Foods: An Up-to-Date Systematic Review // Nutrients, 2019. Vol. 11, No. 5. P. 1189.
5. Vaquil Rekha Rathee. A review on health promoting aspects of goat milk // The Pharma Innovation Journal, 2017. Vol. 6, No. 12. P. 5-8.
6. Shunekeeva A.A. Organolepticheskiye i fiziko-khimicheskiye pokazateli kislomolochnykh napitkov iz koz'yego moloka [Organoleptic and physicochemical parameters of fermented milk drinks from goat's milk] // Pishcha. Ekologiya. Kachestvo [Food. Ecology. Quality], 2019. P. 382-385, [in Russian].
7. Yusupova G.T., Kurmangalieva D.B., Kalemshariv B., Shadyarova J.K. «Zerendi» asıl tuqımdı sharuashılıgı» JShS-de osiriletin asıl tuqımdı eshkiler sutinin salıstırmalı sapa korsetkishterin taldau. [nalysis of relative quality indicators of milk of purebred goats grown at "Zerendy" breeding farm" LLP] // ATU habarshısı [Bulletin of Almaty Technological University], 2020. No. 2. P. 99-105, [in Kazakh].
8. Abubakirova L.D. Eshki sutinin onimine suranıs jane ogan kozqaras [Demand for goat's milk products and attitude to it] // «Seyfullin oquları – 18(2): «XXI gasır gılımi - transformaciya dauiri» halıqaralıq gılımi-praktikalıq konferenciya materialdarı ["Seifullin's studies - 18(2): "XXI century scientific - the era of transformation" materials of the international scientific and practical conference], Vol. I. Section. II. – Astana, 2022. – P. 6-9, [in Kazakh].
9. Alimardanova M.K., Mayorov A.A., Loskutova G.A., Shunekeeva A.A. Issledovaniye zhirnokislotnogo sostava ayrana iz koz'yego moloka [Study of fatty acid composition of ayran from goat's milk] // Vestnik gosudarstvennogo universiteta imeni Shakarima goroda Semey [Bulletin of Shakarim State University of Semey], 2020. No. 2(90). P. 7-10, [in Russian].
10. Gowda N.A.N., Siliveru K., Prasad P.V.V., Bhatt Y., Netravati B.P., Gurikar C. Modern Processing of Indian Millets: A Perspective on Changes in Nutritional Properties // Foods, 2022. Vol. 11, No. 4. P. 499.
11. Priya Verma R.K., Lakhawat S., Yadav V.K., Gacem A., Abbas M., Mirsha S. Millets: sustainabletreasure house of bioactive components // International Journal of Food Properties, 2023. Vol. 26, No. 1. P. 1822-1840.
12. Asrani P., Ali A., Tiwari K. Millets as an alternative diet for gluten-sensitive individuals: A critical review on nutritional components, sensitivities and popularity of wheat and millets among consumers // Food Reviews International, 2022. Vol. 39, No. 6. P. 3370–3399.

ҒТАМР 65.29.03

Р.Т. Қауымбаев[1] – *негізгі автор*,
А. Мухамбеталиева[2]

[1]*PhD*, [2]*Студент*

[1]*https://orcid.org/0000-0003-4266-342X*

[1,2]*М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,*

Тараз қ., Қазақстан

[1]*nako02@mail.ru*

https://doi.org/10.55956/OWIV5971

АСТЫҚ ЖӘНЕ АСТЫҚ ДАҚЫЛДАРЫНЫҢ ЫЛҒАЛДЫЛЫҒЫН АНЫҚТАУ

Аңдатпа. Мақалада астық және астық дақылдарының бірнеше түрлерінің ылғалдылық көрсеткіштеріне анықтау жүргізілді, жұмыс АҚ «КазАгроЭкс» Жамбыл филиалының сынақ зертханасында орындалды, зерттеу обьектісі ретінде астықты дақылдардың ішінен «Богарная-56» және «Қызыл жұлдыз» деп аталатын күздік бидай сорттары таңдап алынған. Зерттеуге түскен астық дақылдарының үлгілеріне жүргізілген сынақ нәтижесі, олардың ылғалдылық қасиеттерінің көрсеткіштері қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарда көрсетілген талаптарға сай келетіндігін көрсеткен.

Тірек сөздер: астық, астық дақылдары, бидай, күздік бидай, нормативік-техникалық құжат, сынақ, сынамалық үлгі, сынақ хаттамасы.

Қауымбаев, Р.Т. Астық және астық дақылдарының ылғалдылығын анықтау [Мәтін] / Р.Т. Қауымбаев, А. Мухамбеталиева // Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2024. – №3(85). – Б.55-63. https://doi.org/10.55956/OWIV5971

Кіріспе. Қазақстан Республикасы ауылшаруашылығы Министрлігі алдында тұрған ең бір негізгі, әрі кезек күттірмейтін міндеттердің қатарына – қоректік тұрғыдан алғанда пайдалы, құнды және сапалы астық және астық дақылдарының өндірілуін технологиялық тұрғыдан тиісті деңгейде қамтамасыз ету жатады.

Қазақстан үшін әлемдік нарықтарға астық дақылдарын, соның ішінде астықты бидайды тұрақты түрде шығару – еліміз алдында тұрған стратегиялық міндеттердің бірі, біздің ел ауылшаруашылығы өнімдерін сыртқы нарықтарға шығару көлемінің үнемі артып отыруын қалайды.

Жалпы астық өндірісі, соның ішінде сапалы бидай астығы өндірісі үшін ең бір маңызды мәселе, бұл бидай астығының сорттарын тұрақты түрде сапалық тұрғыдан жақсартып отыру. Астық дақылдарының жаңа сорттарын құрастыру кезінде, оның сапалық қасиеттерінің қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттардың барлық талаптарына сәйкес келуі, әртараптандырылуы, яғни толықтай зерттеу сынақтарынан өтуі тиіс. Өндіріс талаптарына сай келетін астық дақылдарының жаңа сорттарын құрастыру кезінде ондай технология астық өндіру технологиясына сәйкес келетіндей үйлесімде болуы керек, бұл сапасы тиісті деңгейдегі жоғары сортты шикізат

өнімінің алынуына, сондай-ақ халықты астық дақылдарының сапалы өнімдерімен қамтамасыз етуге әсерін тигізеді [1].

Астық дақылдарының сапалы сорттарын қажетті жағдайларды жасамай алу мүмкін емес, яғни қажетті жағдайлардың болмауы сапалы өнімнің алынуын қанағаттандырмайды. Өндірілетін астықты дақылдардың сапалық қасиеттері қанағаттанарлықсыз деңгейде болады, егер егіншаруашылығы саласында қолданылатын технологияның сапасы төмен болса. Сондықтан, сапалық қасиеттері жоғары астықты бидайдың өнімділік көрсеткіштерін арттыру, сондай-ақ сапалы астық бидайын мақсатқа сәйкес қолдану үшін, бірқатар комплексті іс-шаралардың орындалуы қамтамасыз етілуі шарт.

Сонымен, тек қана сапалық қасиеттері жақсы астық дақылдарын өндіру, оны өңдеуден кейінгі дайын өнімнің сапалы өндірілу мәселесін толықтай шеше алмайды. Бұл мәселені тек бірге орындалатын іс-шаралардың, яғни астықты дақыл шикізатының сапалы болуымен қатар, дайын өнімнің (нан-тоқаш, макарон және т.б. дайын өнімдер) сапалы болуы мәселесімен бірлесіп қаралуы нәтижесінде ғана дұрыс шешуге болады.

Сынақ кезінде орындалатын кез-келген өлшеу процесінің сапалы жүргізілуі көптеген факторлардың нәтижелеріне байланысты болады. Бірқатар жағдайда жүргізілген өлшеу процесінің нәтижесі мен оның дәлдігіне, қолданыстағы өлшеу құралдарының (ӨҚ) қаншалықты әсер ететіндігін білу шарт. Бұндай факторлар қатарына жатқызуға болады, яғни өлшеу дәлдігін болжамдау нәтижесі, қажетті өлшеу дәлдігін керек ететін өлшеу құралдарына дұрыс таңдау жасау, жобалау деңгейінде, сонымен қатар қолдану кезінде метрологиялық қасиеттеріне сәйкес өлшеу құралдарының түрлерін салыстырып тексеру, күрделі өлшеу жүйелерін жасау кезінде, сол жүйелердің құрамына кіретін комплекс ретіндегі жекелеген өлшеу құралдарын қолдану, есептеу тәсілдерін пайдалану нәтижесіне сәйкес ақпараттық жүйенің дәлдігін анықтау және т.б. [2].

Зерттеу шарттары мен әдістері. Зерттеу жұмысы АҚ ЖФ «Казагроэкс» кәсіпорынына қарайтын сынақ лабораториясында жүргізілді. Зерттеу нысаны ретінде астық дақылдарының ішінен «Богарная 56» және «Қызыл жұлдыз» күздік бидай сорттары іріктеліп таңдалды, бұның негізгі себебі аталған бидай сорттары еліміздің оңтүстік аймақтарында, соның ішінде Жамбыл облысының бірқатар ауыл шаруашылықтарында өсіріледі.

«Богарная 56» күздік бидай сорты егіншілік мәселелерімен айналысатын Қазақ ғылыми-зерттеу институтында шығарылған және бидайдың бұл сортты өткен ғасырдың аяғынан бері еліміздің оңтүстік аймақтарында өсіріліп келеді. Бұл күздік бидай сорты ертерек пісіп-жетілетін бидай сортының қатарына кіреді. Орташа есеппен гектарынан 24-27 центнер дән түсімін береді. Күздік бидайлардың күшті сорттарының бірінен саналады. Жұмсақ сортты бидайлардан алынатын ұндардың сапалық көрсеткіштерін жақсарту мақсатында пайдаланылады. Бидайдың бұл сорты көптеген зиянкестердің тигізетін әсеріне төзімді болып келеді, сондай-ақ әртүрлі ауру түрлері де көп жұқпайтын бидай сортының қатарына жатады.

«Қызыл жұлдыз» күздік бидай сорты өткен ғасырдың 50-ші жылдар ортасында бидай түрлеріне сынақ жүргізетін Красноводск мемлекеттік кәсіпорынында шығарылған. Сол уақыттан бері Қазақстанның оңтүстік аймақтарының ауылшаруашылық орындарында өсіріліп келеді. Бұл да күздік бидай түрлерінің ерте пісіп-жетілетін сорттарының қатарына кіреді. Дән түсімң гектарына шаққанда шамамен 12-25 центнерді құрайды. Аталған бидай дәнінен өндірілетін ұн және одан әзірленетін қамыр жоғары сапалы

болып келеді. Астықты дақылдарда жиі кездесетін әртүрлі жұқпалы аурулардың әсеріне көп шалдықпайтын, төзімділігі жоғары бидай сорты болып табылады [3].

Зерттеу жұмысын орындау кезінде жоғарыда келтірілген күздік бидайдың түрлерімен бірге АҚ ЖФ «Казагроэкс» кәсіпорынының сынақ зертханасында астықты дақылдардың басқа да түрлерінің (қара бидай, арпа, сұлы) сынамалық үлгілері қолданылды.

Астықты дақылдардың, соның ішінде жоғарыда аталған астық бидайларының ылғалдылық көрсеткіштерін анықтау мақсатында орындалған өлшеу сынағы АҚ ЖФ «Казагроэкс» кәсіпорыны құрамына кіретін сынақ лабораториясында жүргізілді, өлшеу сынағына астық дақылдарының әр-түрлі өнімдерінен 6 (алты) сынамалық үлгілер (бидай, қара бидай, арпа, сұлы) алынды, жүргізілген сынақ нәтижесінде алынған сынамалық астық үлгілерінің ылғалдылық көрсеткіштерінің шамалары 9-17% аралығында болатын нәтижелер көрсетті.

Сынақ мәліметтерін статистикалық әдіспен өңдеу нәтижесінің негізінде пайдаланылған әдістің қайталанғыштығы, алынушылығы, сондай-ақ абсолютті қателігі анықталды, сонымен қатар қорытынды нәтижелер АҚ ЖФ «Казагроэкс» кәсіпорынының құрамына кіретін сынақ зертханасында астықты дақылдардың өлшеуге түскен сынамалық үлгілерінің ылғалдылық көрсеткіштерін анықтау мақсатында орындалған сынақтың соңғы нәтижелерінің негізінде алынды. Өлшеу сынағы мына құжаттардың, яғни ГОСТ ИСО 5725-1, ГОСТ 5725-2, ГОСТ 5725-3 және ГОСТ 5725-6 нормативтік-техникалық құжаттамалардың талаптарын ескере отырып жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Астықты дақылдардың, соның ішінде жоғарыда келтірілген астық өнімдерінен әзірленген сынамалық үлгілердің ылғалдылық көрсеткіштерін өлшеу мақсатында жүргізілген сынақ экспериментінің нәтижесі төменгі кестеде келтірілген (кесте 1).

Кесте 1

Астық дақылдарының ылғалдылық көрсеткіштерін анықтау мақсатында жүргізілген сынақ эксперименті нәтижелері

Сыналық үлгінің номірі	1	2	3	4	5	6	Орташа мәні
1	2	3	4	5	6	7	8
Астық дақылы	бидай	қара бидай	арпа	сұлы	бидай	қара бидай	-
Сынама саны	10	10	10	10	10	10	-
Құрылғы саны	10	10	10	10	10	10	-
Орташа арифметикалық мәні, *X, %*	9,020	10,280	14,370	11,635	13,425	14,420	-
Қайталанатын стандарттық ауытқу, s_r, *%*	0,089	0,081	0,081	0,089	0,063	0,067	0,078
Жиіліктің қайталану коэффициенті, *CV(r), %*	0,99	0,79	0,56	0,76	0,47	0,46	0,67
Қайталану шегі *r, %*	0,2492	0,2268	0,2268	0,2492	0,1764	0,1876	0,219
Алынатын стандарттық ауытқу, *SR, %*	0,211	0,117	0,171	0,198	0,123	0,141	0,160

1-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8
Жиіліктің қайталану коэффициенті, *CV(R), %*	2,34	1,14	1,19	1,70	0,92	0,98	1,38
Алыну шегі, *R, %*	0,5908	0,3276	0,4788	0,5544	0,3444	0,3948	0,448
Әдістің абсолюттік қателіктерінің шегі, ±Δ, *%*	0,414	0,229	0,335	0,388	0,241	0,276	0,314

Әртүрлі астықты дақыл өнімдерінің түрлерінен алынған үлгілердің ылғалдылық қасиеттерін анықтау жолында орындалған сынақ эксперименті нәтижелеріне сәйкес, сынамалық үлгілердің ауалы-жылу әдісі негізінде алынған зертханалық нәтижелеріне статистикалық өңдеу әдісі қолданылды. Сынақ экспериментінің нәтижесіне сәйкес, белгілі болған мәліметтерді статистикалық әдіспен өңдеу ақпараттарының негізінде әртүрлі астықты дақылдардың сапа көрсеткіштерін білдіретін көрнекі диаграмма тұрғызылған (сурет 1). Статистикалық әдісті қолдану нәтижесінде алынған астық дақылдарының сынамалық үлгілерін өңдеу мәліметтері келесі түрдегі кестеде келтірілген (2-кесте).



Сурет 1. Статистикалық әдіспен астықты дақылдардың ылғалдылық көрсеткіштерін өңдеу нәтижесінің диаграммасы

Кесте 2

Астықты дақыл өнімдерінің ылғалдылық көрсеткіштерін анықтауға арналған жылы-ауа әдісі негізінде зертханалық мәліметтерді статистикалық жолмен өңдеу нәтижелері

Параметр	Мәні
1	2
Сынама саны	10
Мәліметтерді іріктеуден кейінгі сынамалар саны	10
Өлшеу құралдарының сааны, шт.	10
Қайталанатын стандарттық ауытқулар, s_r, *%*	0,08

2-кестенің жалғасы

1	2
Жиіліктің қайталану коэффициенті, *CV(r), %*	0,67
Қайталану шегі *r, %*	0,22
Алынатын стандарттық ауытқулар, *SR, %*	0,16
Жиіліктің қайталану коэффициенті, *CV(R), %*	1,38
Алыну шегі, *R, %*	0,45
Әдістің абсолюттік қателіктерінің шегі, ±Δ, %	0,31

Метрологиялық сипаттамалары. Астықты дақыл өнімдерінің ылғалдылық көрсеткіштерін анықтау кезінде қолданылатын жылы-ауа әдісінің метрологиялық сипаттамалары төмендегі кестеде келтірілген (3-кесте).

Кесте 3

Астықты дақылдардың ылғалдылық көрсеткіштерін анықтау мақсатында қолданылатын, ықтималдылық деңгейі P=95% тең болғандағы ауа-жылу әдісінің метрологиялық сипаттамалары.

Көрсеткіштер аттары	Өлшеу диапазоны, %	Қайталанатын стандартты ауытқулар, s_r, %	Қайталану шегі, *r, %*	Алынатын стандартты ауытқулар, s_R, %	Алыну шегі, *R, %*	Әдістің абсолюттік қателіктерінің шегі, ±Δ,%
Астық дақылдарының ылғалдылығы (астықты жүгеріден басқа)	17 дейін	0,08	0,2	0,16	0,5	0,3
	17 жоғары	0,08	0,2	0,19	0,5	0,4
Астықты жүгері	17 жоғары	0,08	0,2	0,25	0,7	0,5

Астықты дақыл өнімдерінің ылғалдылық көрсеткіштерін өлшеп-сынау кезінде пайдаланылатын нормативтік-техникалық құжаттарға (мемлекеттік стандарттар) сәйкес, метрологиялық сипаттамалар дегеніміз – бұл өлшеу құралдарының (ӨҚ) сәйкес қасиеттерін, сондай-ақ өлшеу құралдарының сапаларын бағалау мақсатында орындалатын әртүрлі өлшеу нәтижелерінің әсер етуін, сонымен қатар түзілген өлшеу нәтижелерін анықтауды сипаттайтын техникалық параметрлер.

Өлшеу құралдарының метрологиялық тұрғыдан алғандағы сипаттамалары келесі түрде қамтамасыздандырылады, яғни:

– өлшеу дәлдігін анықтайтын мүмкіндіктің болуы арқылы;

– өлшеу құралдарын бір-бірімен өзара салыстырып тексеру, сондай-ақ өзара-алмасымдылықтың болу мүмкіндігі арқылы;

– дәлдігінің болу мүмкіндігімен, сонымен қатар басқа да техникалық сипаттамалары бойынша қажетті өлшеу құралдарын таңдау мүмкіндігі арқылы;

– өлшеу құрылғыларының және өлшеу жүйелерінің қателіктерін анықтау мүмкіндігі арқылы;

– өлшеу құралдарын тексеру арқылы олардың техникалық тұрғыдан күйлерін бағалау мүмкіндігі арқылы [4].

Қолданыстағы сәйкес нормативтік-техникалық құжаттамаларды пайдалану арқылы анықталған өлшеу құралдарының метрологиялық

тұрғыдағы сипаттамалары іс жүзінде жарамды деп есептеледі. Тәжірибелік қолданыста өлшеу құралдарының мынадай метрологиялық тұрғыдағы сипаттамалары кеңінен таралған:

– өлшеу диапазоны – өлшеу процесі жүргізілетін физикалық шамалар мәндерінің нәтижесі, осыған сәйкес туындауы мүмкін болатын өлшеу қателіктердің шекті мәндері нормаланады;

– өлшеу интервалы – өлшеу диапазонының ең үлкен мәні немесе ең төменгі мәні. Өлшеу процесі үшін – бұл, өлшеу процесінің нәтижесінде алынатын физикалық шаманың номиналды мәні ретінде қабылданады.

Астықты дақыл өнімдерінің ылғалдылық көрсеткіштерін анықтау мақстында жүргізілген сынақтан кейін, келесі тәртіппен орындалған сынақ нәтижесіне хаттама толтырылады.

Орындалған сынақ нәтижесінің хаттамасы мынадай ақпараттар енгізіледі, яғни:

– сынақ эксперименті орындалған мерзім;

– астық дақылдарының сынамалық үлгілері алынған мерзім;

– сынақ экспериментін жүргізу кезінде қолданылған өлшеу құралдары және басқа да қосалқы құрылғылар көрсетіледі;

– зерттеу сынағына түскен астықты дақыл өнімдерінен әзірленген сынамалық үлгілер туралы керекті мәліметтер;

– қолданылған нормативтік-техникалық құжаттар, әдістемелік нұсқаулар, стандарттар, техникалық шарттар және т.б. жасалған сілтеме;

– сынақ жүргізілген ортадағы (ылғалды) өлшеу нәтижелері және Δ±,% әдістің абсолютті қателігі, %;

– сынамаларды ішінара-іріктеп алу тәсілі (егерде белгілі болатын жағдайда);

– сынақ экспериментін жүргізу барысында байқалатын қандай-да бір сәйкес, тән ерекшеліктер, сондай-ақ қолданылған нормативтік-техникалық құжаттамалармен қарастырылмаған немесе сынақтың нәтижесіне әсер етуі мүмкін болып табылатын қосалқы қандай-да бір кез-келген жағдай болуы да мүмкін.

Сынақ экспериментін жүргізетін маман-оператордың кәсіби біліктілігіне қойылатын талаптар. Сынақ эксперименті кезінде жүргізілетін әртүрлі өлшеу процестерін орындау және нәтижесінде алынатын өлшеу нәтижелеріне өңдеу жүргізе алатын мүмкіншілігі, кәсіби біліктілігі кәсіптік білімнің ең төменгі деңгейінен кем емес, сынау мен өлшеуді орындау барысындағы операцияларда пайдаланылатын жаднамалық және әдістемелік нұсқауларды толықтай меңгерген, жылу-ауа тәсіліне сәйкес астықты дақылдардың ылғалдылық қасиеттерін өлшеу кезінде пайдаланылатын құрал-жабдықтар қатарына жататын, өлшеу-сынау құрылғылары мен қосалқы жабдықтарды (қондырғыларды) (термо-реттегіштік мүмкіншілігі бар кептіру шкафы, ылғалдылық көрсеткішін өлшеу құрылғысы, зертханалық таразылар, астықты дақыл өнімдерін ұнтақтауға арналған жабдықтар) пайдалануға сәйкес, әдістемелік-басшылық құжаттамаларында қарастырылған, сонымен қатар өндіріс жағдайларында туындауы мүмкін болатын еңбек қауіпсіздігіне сай, тиісті деңгейде дайындықтан (инструктаж) өтілген тұлға ғана рұқсат алады [5].

Сынақ экспериментін жүргізу күйіне қойылатын талаптар. Астықты дақыл өнімдерінің ылғалдылық қасиеттерін анықтау мақсатында

орындалатын сынақ экспериментін жүргізу кезіндегі өлшеу процесі мына төменде көрсетілген қоршаған орта жағдайында іске асырылады:

– қоршаған ортадағы ауа температурасы, 10-35℃ аралығында;

– қоршаған ортадағы ауаның салыстырмалы ылғалдылық көрсеткіші, 80% артық болмауы тиіс.

Кесте 4

Ылғалдылық көрсеткіштері 17%-дан жоғары болатын астық дақылдар түрлерін ауа-жылу әдісі арқылы лабораториялық сараптау нәтижелері

Үлгі нөмірі	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	Орта мән
Астықты дақыл	Бидай	Бидай	Бидай	Арпа	Арпа	Арпа	Қара бидай	Қара бидай	Қара бидай	Сұлы	Сұлы	Сұлы	-
Сынама саны	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	-
Құрылғы саны	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	-
Орташа арифметикалық мән, %	19,10	27,40	32,60	25,30	28,30	34,30	20,00	27,60	32,40	19,20	26,57	30,30	-
Қайталанатын стандартты ауытқулар, s_r, %	0,041	0,058	0,100	0,058	0,071	0,100	0,058	0,122	0,141	0,058	0,100	0,141	0,0873
Жиіліктің қайталану коэффициенті, $CV(r)$, %	0,214	0,211	0,307	0,284	0,250	0,292	0,289	0,444	0,436	0,301	0,376	0,467	0,32
Қайталану шегі, r, %	0,1143	0,1617	0,2800	0,1617	0,1980	0,2800	0,1617	0,3429	0,3960	0,1617	0,2800	0,3960	0,2445
Алынатын стандартты ауытқулар, sR, %	0,202	0,204	0,212	0,108	0,206	0,212	0,204	0,218	0,224	0,204	0,168	0,141	0,192
Жиіліктің алынатын коэффициенті, $CV(R)$, %	1,058	0,745	0,651	0,532	0,728	0,618	1,021	0,790	0,690	1,063	0,634	0,467	0,750
Алыну шегі, R, %	0,5658	0,5715	0,5940	0,3024	0,5772	0,5940	0,5715	0,6112	0,6261	0,5715	0,4713	0,3980	0,5376
Әдістің абсолюттік қателіктерінің шегі, $\pm\Delta$,%	0,3961	0,4001	0,4158	0,2117	0,4041	0,4158	0,4001	0,4272	0,4383	0,4001	0,3299	0,2772	0,3760
Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Соя мен ноқаттың қатынасымен (90:10, 80:20, 70:30, 60:40) ерекшеленетін өсімдік негізіндегі ет алмастырғыштан жартылай ысталған шұжықтың 4 үлгісі дайындалды. Салыстыру мақсатында бақылау үлгісі ретінде МемСТ Р 31785-2012 сәйкес жасалған сиыр етінен шұжық дайындалды.

Шұжық өнімдерінің үлгілерін органолептикалық бағалау 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1

Өсімдік негізіндегі ет алмастырғыштан жасалған жартылай ысталған шұжықтың органолептикалық көрсеткіштері

Көрсеткіштердің атауы	Өсімдік негізіндегі ет алмастырғыштан жасалған жартылай ысталған шұжықтың сипаттамасы			
	Соя мен ноқаттан жасалған жартылай ысталған шұжық (сәйкесінше 90:10 қатынасында)	Соя мен ноқаттан жасалған жартылай ысталған шұжық (сәйкесінше 80:20 қатынасында)	Соя мен ноқаттан жасалған жартылай ысталған шұжық (сәйкесінше 70:30 қатынасында)	Соя мен ноқаттан жасалған жартылай ысталған шұжық (сәйкесінше 60:40 қатынасында)
Сыртқы түрі	Беткі жағы құрғақ, таза, ешқандай дақтар мен жабысуларсыз			
Түсі	Ашық қоңыр	Ашық қоңыр	Ашық қоңыр	Ашық қоңыр
Иісі	Жартылай ысталған шұжыққа тән, дәмдеуіштердің жағымды хош иісі бар, ноқаттың әлсіз өзіндік иісі мен сояның айқын иісі сезіледі	Өнімнің бұл түріне тән дәмдеуіштердің хош иісі, ноқат пен сояның өзіндік иісі сезіледі	Жартылай ысталған шұжыққа тән, дәмдеуіштердің жағымды хош иісі бар, ноқаттың өзіндік иісі мен сояның әлсіз иісі сезіледі	Жартылай ысталған шұжыққа тән, дәмдеуіштердің жағымды хош иісі бар, ноқаттың айқын иісі, сояның әлсіз ерекше иісі сезіледі
Консистенциясы	Тығыз, біртекті		Біртекті, кескенде аздап ұсақталады	
Дәмі	Өнімнің аталған түріне тән, дәмдеуіштердің жағымды дәмі бар, ноқаттың әлсіз өзіндік дәмі мен сояның айқын дәмі сезіледі	Өнімнің аталған түріне тән, дәмдеуіштердің жағымды дәмі, ноқат пен сояның өзіндік дәмі бар	Жартылай ысталған шұжыққа тән, дәмдеуіштердің жағымды дәмі, ноқат пен сояның әлсіз өзіндік дәмі бар	Жартылай ысталған шұжыққа тән, дәмдеуіштердің жағымды дәмі, ноқаттың айқын дәмі, сояның әлсіз өзіндік дәмі сезіледі

1-кестеде келтірілген мәліметтерге сүйенсек, соя мен ноқаттың өзіндік ерекше иісі мен дәмі бар екендігі, және оларды өсімдік шикізаттарының дұрыс үйлесімі арқылы бейтараптандыруға болатындығы анықталды. Соя мен ноқаттың қатынасы 90:10 және 80:20 болатын өсімдік негізіндегі жартылай ысталған шұжықтарда сояның өзіндік иісі мен дәмі ерекше қатты сезіледі, ал соя мен ноқаттың қатынасы 60:40 құрайтын үлгіде ноқаттың дәмі айқын сезілді және кесілген кездегі консистенциясы ұсақталғандықтан, бұл шұжықтар тұтынушылар үшін қолайсыз деп танылды. Соя мен ноқаттың қатынасы 70:30 құрайтын өсімдік негізіндегі жартылай ысталған шұжықта ноқат пен сояның әлсіз ғана өзіндік иісі мен дәмі жартылай ысталған шұжыққа ерекше татымдылық қосып тұрды.

Алынған нәтижелерді қорытындылай келе, жартылай ысталған шұжық өндірісінде ет алмастырғыш ретінде соя және ноқаттың оңтайлы қатынасы (70:30) таңдап алынды.

Сиыр етінен дайындаған жартылай ысталған шұжық пен өсімдік негізіндегі ет алмастырғыштан алынған жартылай ысталған шұжықтың ақуызы мен майының массалық үлесін зерттеу нәтижелері 2-кестеде келтірілген.

Кесте 2

Сиыр етінен дайындаған жартылай ысталған шұжық пен өсімдік негізіндегі ет алмастырғыштан алынған жартылай ысталған шұжықтың физика-химиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштердің атауы, өлшем бірліктері	Бақылау үлгісі	№2 үлгі	№3 үлгі	№4 үлгі	№5 үлгі
	Сиыр етінен дайындалған жартылай ысталған шұжық	Соя мен ноқаттан жасалған жартылай ысталған шұжық (90:10)	Соя мен ноқаттан жасалған жартылай ысталған шұжық (80:20)	Соя мен ноқаттан жасалған жартылай ысталған шұжық (70:30)	Соя мен ноқаттан жасалған жартылай ысталған шұжық (60:40)
Ақуыздың массалық үлесі, %	18,37±2,76	34,13±2,05	33,14±1,99	29,44±1,77	28,35±1,7
Майдың массалық үлесі, %	20,46±1.64	3,31±0,2	3,19±0,19	2,86±0,17	2,73±0,16

Өсімдік негізіндегі ет алмастырғыштан дайындалған жартылай ысталған шұжықтың ақуызын зерттеу нәтижесінде (2-кесте), екінші үлгіде бақылау үлгісімен салыстырғанда ақуыздың мөлшері 15,76%-ға, үшінші үлгіде 14,77%-ға, төртінші үлгіде 11,07%-ға, бесінші үлгіде 9,98%-ға жоғары екендігі анықталды. Сондай-ақ, екінші, үшінші, төртінші және бесінші үлгілерде бақылау үлгісімен салыстырғанда майдың мөлшері сәйкесінше 17,15%, 17,27%, 17,6%, 17,73% аз екендігі анықталды.

Өсімдік негізіндегі ет алмастырғыштан дайындалған жартылай ысталған шұжықтағы ақуыздың мөлшері жоғары болуы бұл өнімді ақуыздың толыққанды көзі ретінде көрсетсе, ал май мөлшерінің аз болуы диеталық өнімге жатқызуға мүмкіндік береді.

Нарықтағы өсімдік негізіндегі шұжықтардың ақуызы мен майының мөлшерін соя мен ноқаттың оңтайлы қатынасы 70:30 болатын өсімдік негізіндегі жартылай ысталған шұжықпен салыстырмалы талдау 3-кестеде келтірілген.

3-кестеде келтірілген мәліметтерді қорытындылай келе, соя мен ноқаттың оңтайлы (70:30) қатынасынан дайындалған жартылай ысталған шұжықтың ақуызын асбұршақ пен картоп ақуызының изолятынан дайындалған шұжықпен, банан гүлі және джекфруттан дайындалған шұжықпен, ноқат ұнынан, жұмыртқа альбуминінен және соя ақуыз концентратының (15:51:34) қатынасынан дайындалған шұжықтармен салыстырғанда сәйкесінше 27,24%-ға, 10,44%-ға, 13,14%-ға артық екені анықталды. Бұл нарықтағы шығарылып жатқан өсімдік негізіндегі шұжықтарға қарағанда соя мен ноқаттың оңтайлы (70:30) қатынасынан дайындалған жартылай ысталған шұжықтың анағұрлым ақуызға бай өнім екендігін растайды.

Ал соя мен ноқаттың оңтайлы (70:30) қатынасынан дайындалған жартылай ысталған шұжықтың май мөлшері (3-кесте) асбұршақ пен картоп ақуызының изолятынан дайындалған шұжықпен салыстырғанда 9,14%-ға кем, банан гүлі және джекфруттан дайындалған шұжыққа қарағанда 0,71%-ға төмен, ноқат ұнынан, жұмыртқа альбуминінен және соя ақуыз концентратының (15:51:34) қатынасынан дайындалған шұжықпен салыстырғанда 0,29%- ға артық екені анықталды. Барлық дерлік өсімдік негізінде дайындалған шұжықтардың майының мөлшері еттен жасалынған шұжықтарға қарағанда едәуір төмен жүреді. Бұл оларды диеталық тағамдар қатарына жатқызуға мүмкіндік береді.

Өнімнің органолептикалық көрсеткіштері химиялық құрамы мен тағамдық құндылығынан гөрі тұтынушылардың таңдауына әсер етеді және сайып келгенде олардың сұранысын қалыптастырады. Сондықтан, органолептикалық көрсекіштерін анықтау барысында, соя мен ноқаттың оңтайлы қатынасы 70:30 деп таңдалып алынған өсімдік негізіндегі жартылай шұжықтың аминқышқылдары мен май қышқылдарын бақылау үлгісімен салыстыру және оны әрі қарай зерттеуге себепші болды.

Кесте 3

Өсімдік негізіндегі шұжықтардың ақуызы мен май мөлшерінің салыстырмалы көрсеткіштері

Көрсеткіштердің атауы, өлшем бірліктері	Соя мен ноқаттан жасалған жартылай ысталған шұжық (70:30)	Асбұршақ пен картоп ақуызының изолятынан дайындалған вегетариандық шұжық [8]	Банан гүлі және джекфруттан дайындалған вегетариандық шұжық [9]	Ноқат ұнынан, жұмыртқа альбуминінен және соя ақуыз концентратынан дайындалған вегетариандық шұжық (15:51:34) [10]
Ақуыздың массалық үлесі, %	29,44±1,77	2,2	19,0±0,36	16,3
Майдың массалық үлесі, %	2,86±0,17	12,0	3,57±0,29	2,57

Өсімдік негізіндегі ет алмастырғыштан жасалған жартылай ысталған шұжықтың аминқышқылдары мен май қышқылдарының сапалық көрсеткіштері зерттелді.

Өсімдік негізіндегі ет алмастырғыштан жасалған жартылай ысталған шұжық пен сиыр етінен жасалған жартылай ысталған шұжықтың аминқышқылдарының құрамын салыстырмалы талдау 1-суретте көрсетілген.

Өсімдік негізіндегі ет алмастырғыштан жасалған жартылай ысталған шұжықта (соя мен ноқаттың қатынасы 70:30) бақылау үлгісімен салыстырғанда (сиыр етінен жасалған жартылай ысталған шұжық), аспарагин қышқылы 61,24%-ға, аргинин 28%-ға, фенилаланин 24,8%-ға, лейцин 4,13 есе артық, лизин 5,39 есе көп, валин 25%-ға, метионин 15,58%-ға, треонин 14,28%-ға артық екені, ал триптофан мен изолейцин сәйкесінше 63,34%-ға, 31,04%-ға кем екендігі анықталды. Аминқышқылдарының басым көпшілігінің мөлшері көп болуы, биологиялық құндылығы жоғары өнім екенін көрсетеді. Себебі, изолейцин, лейцин, лизин, метионин, фенилаланин, треонин, триптофан, валин алмастырылмайтын аминқышқылдарына, яғни

адам ағзасында синтезделмейтін немесе аз мөлшерде синтезделетін, ағзаға тек тағаммен қамтамасыз етілетін аминқышқылдар тобына жатады.

№1 – бақылау үлгісі (сиыр етінен жасалған жартылай ысталған шұжық), №2 – тәжірибелік үлгі (өсімдік негізіндегі ет алмастырғыштан жасалған жартылай ысталған шұжық)

Сурет 1. Жартылай ысталған шұжықтың аминқышқылдарының құрамы

Өсімдік негізіндегі ет алмастырғыштан жасалған жартылай ысталған шұжықтың май қышқылының құрамын зерттеу нәтижелері 2, 3, 4-суреттерде келтірілген.



№1 – бақылау үлгісі (сиыр етінен жасалған жартылай ысталған шұжық), №2 – тәжірибелік үлгі (өсімдік негізіндегі ет алмастырғыштан жасалған жартылай ысталған шұжық)

Сурет 2. Өсімдік негізіндегі ет алмастырғыштан жасалған жартылай ысталған шұжықтың қаныққан май қышқылдары



№1 – бақылау үлгісі (сиыр етінен жасалған жартылай ысталған шұжық), №2 – тәжірибелік үлгі (өсімдік негізіндегі ет алмастырғыштан жасалған жартылай ысталған шұжық)

Сурет 3. Өсімдік негізіндегі ет алмастырғыштан жасалған жартылай ысталған шұжықтың моноқанықпаған май қышқылдары



№1 – бақылау үлгісі (сиыр етінен жасалған жартылай ысталған шұжық), №2 – тәжірибелік үлгі (өсімдік негізіндегі ет алмастырғыштан жасалған жартылай ысталған шұжық)

Сурет 4. Өсімдік негізіндегі ет алмастырғыштан жасалған жартылай ысталған шұжықтың полиқанықпаған май қышқылдары

Жартылай ысталған шұжықтың май қышқылдық құрамын зерттегенде, өсімдік негізіндегі ет алмастырғыштан жасалған жартылай ысталған шұжықтың (соя мен ноқаттың қатынасы 70:30) қанықкан май қышқылдарын бақылау үлгісімен салыстырғанда каприн қышқылы 0,854%-ға жоғары, лаурин қышқылы 6,85%-ға жоғары, миристин қышқылы 0,963%-ға жоғары, пентадекан қышқылы 0,307%-ға аз, маргарин қышқылы 0,865%-ға аз екендігі анықталды. Сондай-ақ, моноқанықпаған және полиқанықпаған май қышқылдарын талдау нәтижелері бойынша, тәжірибелік үлгіні бақылау үлгісімен салыстырғанда миристолеин қышқылы 0,507%-ға, пентадецен қышқылы 12,751%-ға, пальмитолеин қышқылы 5,065%-ға, олеин қышқылы

6,79%-ға, эйкозен қышқылы 0,208%-ға, эйкозадиен қышқылы 1,297%-ға аз екендігі анықталды, және маргаринолеин қышқылдары 6,165%-ға, линолеидин қышқылы 0,099%-ға, линол қышқылы 19,032%-ға, линолен қышқылы 0,223%-ға жоғары екендігі зерттелді. Алынған нәтижелер тәжірибелік үлгідегі майдың төмен мөлшері өнімнің май қышқылының құрамына аса әсер етпегенін көрсетеді.

Қорытынды. Органолептикалық бағалау нәтижесінде, өсімдік шикізаты ретінде жартылай ысталған шұжыққа қолданылатын соя мен ноқаттың оңтайлы қатынасы (70:30) анықталды.

Өсімдік негізіндегі ет алмастырғыштан дайындалған жартылай ысталған шұжықтың ақуызын зерттеу барысында, №2, №3, №4, №5 тәжірибелік үлгілерді бақылау үлгісімен салыстырғанда сәйкесінше 15,76%, 14,77%, 11,07%, 9,98%-ға жоғары екендігі анықталды.

Өсімдік негізіндегі ет алмастырғыштан дайындалған жартылай ысталған шұжықтың майының массалық үлесін анықтау нәтижесінде, №2, №3, №4, №5 тәжірибелік үлгілерді бақылау үлгісімен салыстырғанда сәйкесінше 17,15%, 17,27%, 17,6%, 17,73% аз екендігі анықталды. Яғни, бұл өнімді диеталық өнімдер қатарына жатқызуға болатынын айғақтайды.

Өсімдік негізіндегі ет алмастырғыштан жасалған жартылай ысталған шұжықта аминқышқылдарының құрамы, атап айтқанда аспарагин қышқылы, аргинин, фенилаланин, валин, метионин, треонин, лейцин, лизин бақылау үлгісімен салыстырғанда сәйкесінше 61,24%-ға, 28%-ға, 24,8%-ға, 25%-ға, 15,58%-ға, 14,28%-ға, 4,13 есе, 5,39 есе көп екені анықталды. Ал триптофан мен изолейцин бақылау үлгісімен салыстырғанда сәйкесінше 63,34%-ға, 31,04%-ға кем екендігі зерттелді.

Соя мен ноқаттан дайындалған жартылай ысталған шұжықтың май қышқылдарының құрамын зерттегенде, тәжірибелік үлгіні (соя мен ноқаттың қатынасы 70:30) бақылау үлгісімен салыстырғанда каприн қышқылы 0,854%-ға, лаурин қышқылы 6,85%-ға, миристин қышқылы 0,963%-ға, маргаринолеин қышқылы 6,165%-ға, линолеидин қышқылы 0,099%-ға, линол қышқылы 19,032%-ға, линолен қышқылы 0,223%-ға жоғары екендігі зерттелді.

Әдебиеттер тізімі

1. Охохонина, Е.Н. Использование растительных компонентов в технологии варено-копченых колбасных изделий [Текст] / Е.Н. Охохонина, П.Д. Лихачева, М.Н. Ткаченко // Молодежь и наука. – 2019. – №4. – С.69-73.
2. Менакова, А.Н. Состояние и перспективы производства растительных аналогов мясной продукции [Текст] / А.Н. Менакова, Е.В. Жиркова // Церевитиновские чтения. Материалы IX Международной научно-практической конференции: Москва, 2023 – С.193-195.
3. Бычкова, Е.С. Технологические особенности и перспективы использования растительных белков в индустрии питания [Текст] / Е.С. Бычкова, Л.Н. Рождественская, В.Д. Погорова, Д.В. Госман // Хранение и переработка сельхозсырья. – 2018. – №2. – С.53-57.
4. Широкова, Н.В. Разработка технологии комбинированного функционального мясного продукта [Текст] / Н.В. Широкова, П.С. Кобыляцкий, Т.В. Демьянова // Научная жизнь. – 2019. – Т.14, №12(100). – С.1910-1916.
5. Md. Anisur Rahman Mazumder, Naphat Sujintonniti, Pranchalee Chaum, Sunantha Ketnawa and Saroat Rawdkuen Developments of Plant-Based Emulsion-Type Sausage by Using Grey Oyster Mushrooms and Chickpeas // Foods, 2023. No. 12. P.1564.

6. Юшков, С. Разработка комплексного состава растительных белков, имеющего полноценный набор аминокислот [Текст] // Бизнес пищевых ингредиентов. – 2018. – №1. – С. 22-27.
7. Zheleuova Zh.S., UzakovYa.M., Shingisov A.U., Alibekov R.S., Khamitova B.M. Development of halal cooked smoked beef and turkey sausage using a combined plant extracts // Journal of Food Processing and Preservation, 2021. Vol. 45, Iss. 1.
8. Marta Ghebremedhin, Mathias Baechle, Thomas A. Vilgis. Meat-, vegetarian-, and vegan sausages: Comparison of mechanics, friction, and structure // Physics of Fluids, 2022. Vol. 34, Issue 4.
9. Ravichandran Keerthana Priya, Ashish Rawson, Rajagopal Vidhyalakshmi, Rangarajan Jagan Mohan. Development of vegan sausage using banana floret (Musa paradisiaca) and jackfruit (Artocarpus heterophyllus Lam.) as a meat substitute: Evaluation of textural, physico-chemical and sensory characteristics // Journal of Food Processing and Preservation, 2021. Vol. 46, Iss. 1.
10. Karen P. Carhuancho-Colca, Reynaldo J. Silva-Paz, Carlos Elías-Peñafiel, Bettit K. Salvá-Ruiz,Christian R. Encina-Zelada. Comparison of Vegetarian Sausages: Proximal Composition, Instrumental Texture, Rapid Descriptive Sensory Method and Overall Consumer Liking // Foods, 2024. Vol. 13, Iss. 11.
11. Тимофеева, А.Н. Соевый белок в мясной промышленности и его влияние на организм [Текст] / А.Н. Тимофеева // Интеллектуальный и научный потенциал XXI ВЕКА: Сборник статей Международной научно-практической конференции: Часть. 6. Уфа: АЭТЕРНА, 2016. – С.52-53.
12. Шелепина, Н.В. Использование продуктов переработки зернобобовых культур в качестве альтернативы мясному белку [Текст] / Н.В. Шелепина // Образование и наука без границ: фундаментальные и прикладные исследования. – 2018. – №8. – С.186-190.
13. Ложкин, А.Г. Факты о сое [Текст] / А.Г. Ложкин, В.Л. Димитриев, И.П. Елисеев // Научно-образовательные и прикладные аспекты производства и переработки сельскохозяйственной продукции: Сборник материалов Международной научно-практической конференции, посвященной 20-летию первого выпуска технологов сельскохозяйственного производства. – Чебоксары, 2018. – С.96-100.
14. Синкевич, Е.В. Гигиеническая оценка и сравнительный анализ пищевой и биологической ценности мяса и соевого текстурата [Текст] / Е.В. Синкевич А.Н. Плечко // Достижения современного сестринского движения и практики: сборник материалов к 30-летию высшего сестринского образования в Республике Беларусь. – Гродно: ГрГМУ, 2022. – С. 120-123.
15. Макушин, А.Н. Влияние муки из семян нута на качество копчено-вареных рулетов из мяса птицы [Текст] / А.Н. Макушин // Вклад молодых ученых в аграрную науку: мат. Международной научно-практической конференции. – Кинель: РИО СГСХА, 2018. – С.401-404.
16. Камербаев, А.Ю. Разработка технологии получения белкового гидролизата из нута [Текст] / А.Ю. Камербаев, Д.С.Свидерская, А.П. Абраменко // Пищевая промышленность. – 2016. – №3. – С.41-43.

Бұл зерттеулер AP19679729 «Функционалды мақсатта өсімдік негізіндегі ет алмастырғыштан жартылай ысталған шұжық технологиясын жасау» жобасы аясында жүргізілді және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыруда.

Материал редакцияға 21.08.24 түсті.

Ж.С. Желеуова[1], Э.Т. Кансейтова[1], А.Р. Тасполтаева[1], А.С. Балабекова[1], Г.Е. Коштаева[1]

[1]Южно-Казахстанский университет имени М.Ауэзова, г.Шымкент, Казахстан

ИССЛЕДОВАНИЕ АМИНОКИСЛОТНОГО И ЖИРНОКИСЛОТНОГО СОСТАВА ПОЛУКОПЧЕНОЙ КОЛБАСЫ ИЗ РАСТИТЕЛЬНОГО ЗАМЕНИТЕЛЯ МЯСА

Аннотация. В статье исследованы органолептические показатели, массовая доля белка и жира, аминокислотный и жирнокислотный состав полукопченой колбасы из растительного заменителя мяса. В качестве растительного сырья для полукопченой колбасы были выбраны соя и нут, и в результате органолептической оценки было выбрано их оптимальное соотношение (70:30).

Состав сои и нута отличается большим количеством белка, чем у других бобовых культур. По результатом исследовании белка, у полукопченой колбасы из данного растительного сырья было выявлено, что у второго образца белка больше на 15,76%, у третьего образца выше на 14,77%, у четвертого образца больше на 11,07%, у пятого образца выше на 9,98% по сравнению с контрольным образцом. Соответственно, аминокислотный состав, такие как, аспарагиновая кислота, аргинин, фенилаланин, валин, метионин, треонин, лейцин, лизин, выше на 61,24%, 28%, 24,8%, 25%, 15,58%, 14,28% и в 4,13 раза, 5,39 раза больше, чем в контрольном образце. Это свидетельствует о том, что продукт можно рассматривать как биологически ценный и богатый белком продукт.

Ключевые слова: заменитель мяса, растительное сырье, полукопченая колбаса, аминокислотный состав, жирнокислотный состав, соя, нут.

Zh.S. Zheleuova[1], E.T. Kanseitova[1], A.R. Taspoltaeva[1], A.S. Balabekova[1], G.E. Koshtayeva[1]

[1]M.Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

INVESTIGATION OF THE AMINO ACID AND FATTY ACID COMPOSITION OF SEMI-SMOKED SAUSAGE FROM A VEGETABLE MEAT SUBSTITUTE

Abstract. The article investigates the organoleptic parameters, the mass fraction of protein and fat, the amino acid and fatty acid composition of semi-smoked sausage from a vegetable meat substitute. Soy and chickpeas were selected as vegetable raw materials for semi-smoked sausage, and as a result of an organoleptic evaluation, their optimal ratio (70:30) was chosen.

The composition of soy and chickpeas differs in a large amount of protein than that of other legumes. According to the results of the protein study in semi-smoked sausage from this vegetable raw material, it was revealed that the second sample had 15.76% more protein, the third sample had 14.77% higher, the fourth sample had 11.07% more, the fifth sample had 9.98% higher compared to the control sample. Accordingly, the amino acid composition, such as aspartic acid, arginine, phenylalanine, valine, methionine, threonine, leucine, lysine, are 61.24%, 28%, 24.8%, 25%, 15,58%, 14,28% higher, and 4.13 times, 5.39 times more than in the control sample. This indicates that the product can be considered as a biologically valuable and protein-rich product.

Keywords: meat substitute, vegetable raw materials, semi-smoked sausage, amino acid composition, fatty acid composition, soy, chickpeas.

References

1. Ohohonina E.N., Lihacheva P. D., Tkachenko M. N. Ispol'zovanie rastitel'nyh komponentov v tekhnologii vareno-kopchenyh kolbasnyh izdelij [Use of plant components in the technology of cooked-smoked sausages] // Molodezh' i nauka [Youth and Science], 2019. No. 4. P. 69-73, [in Russian].
2. Menakova A.N., ZHirkova E.V. Sostoyanie i perspektivy proizvodstva rastitel'nyh analogov myasnoj produkcii [Status and prospects of production of plant analogues of meat products] // Cerevitinovskie chteniya Materialy IH Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii [Tserevitinovskie readings. Proceedings of the IX International scientific and practical conference]. Moscow, 2023. P. 193-195, [in Russian].
3. Bychkova E.S., Rozhdestvenskaya L.N. Pogorova V.D., Gosman D.V. Tekhnologicheskie osobennosti i perspektivy ispol'zovaniya rastitel'nyh belkov v industrii pitaniya [Technological features and prospects for the use of plant proteins in the food industry] // Hranenie i pererabotka sel'hozsyr'ya [Storage and processing of agricultural raw materials], 2018. No. 2. P. 53-57, [in Russian].
4. SHirokova N.V., Kobylyackij P.S., Dem'yanova T.V. Razrabotka tekhnologii kombinirovannogo funkcional'nogo myasnogo produkta [Development of technology for a combined functional meat product] // Nauchnaya zhizn' [Scientific life], 2019. Vol. 14, No. 12(100). P. 1910-1916, [in Russian].
5. Md. Anisur Rahman Mazumder, Naphat Sujintonniti, Pranchalee Chaum, Sunantha Ketnawa and Saroat Rawdkuen Developments of Plant-Based Emulsion-Type Sausage by Using Grey Oyster Mushrooms and Chickpeas // Foods, 2023. No. 12. P.1564.
6. Yushkov S. Razrabotka kompleksnogo sostava rastitel'nykh belkov, imeyushchego polnotsennyy nabor aminokislot [Development of a complex composition of plant proteins with a complete set of amino acids] // Biznes pishchevykh ingrediyentov [Business of food ingredients], 2018. No. 1. P. 22-27, [in Russian].
7. Zheleuova Zh.S., UzakovYa.M., Shingisov A.U., Alibekov R.S., Khamitova B.M. Development of halal cooked smoked beef and turkey sausage using a combined plant extracts // Journal of Food Processing and Preservation, 2021. Vol. 45, Iss. 1.
8. Marta Ghebremedhin, Mathias Baechle, Thomas A. Vilgis. Meat-, vegetarian-, and vegan sausages: Comparison of mechanics, friction, and structure // Physics of Fluids, 2022. Vol. 34, Issue 4.
9. Ravichandran Keerthana Priya, Ashish Rawson, Rajagopal Vidhyalakshmi, Rangarajan Jagan Mohan. Development of vegan sausage using banana floret (Musa paradisiaca) and jackfruit (Artocarpus heterophyllus Lam.) as a meat substitute: Evaluation of textural, physico-chemical and sensory characteristics // Journal of Food Processing and Preservation, 2021. Vol. 46, Iss. 1.
10. Karen P. Carhuancho-Colca, Reynaldo J. Silva-Paz, Carlos Elías-Peñafiel, Bettit K. Salvá-Ruiz,Christian R. Encina-Zelada. Comparison of Vegetarian Sausages: Proximal Composition, Instrumental Texture, Rapid Descriptive Sensory Method and Overall Consumer Liking // Foods, 2024. Vol. 13, Iss. 11.
11. Timofeeva, A.N. Soevyj belok v myasnoj promyshlennosti i ego vliyanie na organizm [Soy protein in the meat industry and its impact on the body] // Intellektual'nyj i nauchnyj potencial XXI VEKA: sbornik statej Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii [Intellectual and scientific potential of the XXI century: Collection of articles of the International scientific and practical conference]. - Ufa: AETERNA: Part. 6, 2016. P.52-53, [in Russian]
12. SHelepina N.V. Ispol'zovanie produktov pererabotki zernobobovyh kul'tur v kachestve al'ternativy myasnomu belku [Use of processed leguminous crop products as an alternative to meat protein] // Obrazovanie i nauka bez granic:

fundamental'nye i prikladnye issledovaniya [Education and science without borders: fundamental and applied research], 2018. No. 8. P.186-190, [in Russian]

13. Lozhkin A.G., Dimitriev V.L., Eliseev I.P. Fakty o soe [Facts about soy] // Nauchno-obrazovatel'nye i prikladnye aspekty proizvodstva i pererabotki sel'skohozyajstvennoj produkcii: sbornik materialov Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii, posvyashchennoj 20-letiyu pervogo vypuska tekhnologov sel'skohozyajstvennogo proizvodstva[Scientific, educational and applied aspects of production and processing of agricultural products: Collection of materials of the International scientific and practical conference dedicated to the 20th anniversary of the first graduation of agricultural production technologists]. – Cheboksary, 2018. P.96-100. [in Russian]
14. Sinkevich E.V., Plechko A.N. Gigienicheskaya ocenka i sravnitel'nyj analiz pishchevoj i biologicheskoj cennosti myasa i soevogo teksturata [Hygienic assessment and comparative analysis of the nutritional and biological value of meat and soy textured product] // Dostizheniya sovremennogo sestrinskogo dvizheniya i praktiki : sbornik materialov k 30-letiyu vysshego sestrinskogo obrazovaniya v Respublike Belarus' [Achievements of the modern nursing movement and practice: collection of materials for the 30th anniversary of higher nursing education in the Republic of Belarus] – Grodno: GrSMU, 2022. P. 120-123, [in Russian].
15. Makushin A.N. Vliyanie muki iz semyan nuta na kachestvo kopcheno-varenyh ruletov iz myasa pticy [The effect of chickpea flour on the quality of smoked-boiled poultry rolls] // Vklad molodyh uchenyh v agrarnuyu nauku : mat. Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii [Contribution of young scientists to agricultural science: materials of the International scientific and practical conference]. – Kinel: RIO SGSKhA, 2018. P.401-404. [in Russian].
16. Kamerbaev A.YU., Sviderskaya D.S., Abramenko A.P. Razrabotka tekhnologii polucheniya belkovogo gidrolizata iz nuta [Development of technology for obtaining protein hydrolysate from chickpeas] // Pishchevaya promyshlennost' [Food industry]. 2016. No. 3. P.41-43, [in Russian].

ҒТАМР 65.63.03

А.Ж. Оразов[1]*–негізгі автор,*
А.С. Жумагалиева[2], **Ж.Ж. Қойшиева**[3], **Л.А. Надточий**[4] ©

[1]*Техн. ғылым. канд., доцент м.а.,*[2,3]*Магистр, оқытушы,*
[4]*Техн. ғылым. канд., доцент*

ORCİD [1]*https://orcid.org/0000-0003-2191-1295*[2]*https://orcid.org/0009-0002-1233-799X*
[3]*https://orcid.org/0000-0001-9193-7226*[4]*https://orcid.org/0000-0002-4678-8177*

[1,2,3]*Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан*
[4]*Санкт-Петербург мемлекеттік химия-фармацевтикалық университеті, Санкт-Петербург қ., Ресей*

@ [1]*orazov_ayan@mail.ru*

https://doi.org/10.55956/GRQA4117

ШҰБАТ ҚҰРАМЫНДАҒЫ СҮТҚЫШҚЫЛДЫ БАКТЕРИЯЛАР МЕН АШЫТҚЫЛАРДЫ ИДЕНТИФИКАЦИЯЛАУ

Аңдатпа. Адам тамақтануындағы қышқыл сүт өнімдерінің маңыздылығын асырып айту мүмкін емес. Сиыр сүті өнімдерін өндірудегі ферментативті процестер туралы көптеген ғылыми еңбектер болғанымен, түйе сүтіне негізделген ұлттық қышқыл сүт өнімдері туралы зерттеулер жеткіліксіз. Әлемде түйе сүтіне негізделген ұлттық қышқыл сүт сусындардың көпшілігі аралас ашу нәтижесінен алынатын өнімдер болып табылады. Сүтқышқылды және спиртті ашу процестерін әлемнің ғалымдары толық зерттеді, дегенмен бұл процестердің ерекшелігі оның негізгі қоздырғыштары ретінде сүтқышқылды бактериялары мен ашытқылардың таза өсінділерінің түрлік ерекшеліктерімен анықталады. Әр түрлі тұтынушылық қасиеттері бар қышқыл сүт өнімдерінің кең ассортиментін қамтамасыз ететін таза сүтқышқылды бактериялары мен ашытқылар өсінділерінің алуан түрлілігіне қарамастан, әлемдік ғылыми қауымдастық сүтқышқылды бактериялары мен ашытқылардың жаңа түрлерін іздеп табуға және зерттеуге деген қызығушылығы зор. Шұбаттың табиғи микрофлорасына тән сүтқышқылды бактериялары мен ашытқылардың түрлік құрамын анықтау үшін олардың таза өсінділерін оқшаулау және оларды одан әрі идентификациялау бойынша зерттеу жүргізілді. Өздігінен ашу нәтижесінде алынған шұбаттың табиғи микрофлорасы *Lactobacillus plantarum, Lactococcus lactis, Streptococcus thermophilus* сүтқышқылды бактерияларынан және *Brettanomyces anomalus, Naumovozyma castellii, Candida kefyr* және *Kazachstania unispora* ашытқыларынан тұрады. Бұл бағыттағы қосымша зерттеулер әртүрлі микроорганизмдердің өзара әрекеттесу механизмін түсінуге ғана емес, сонымен қатар түйе сүтін қайта өңдеудің жаңа технологияларын жасап, көптеген адамдардың рационын бірегей және пайдалы тағамдармен байытуға әкеледі.

Тірек сөздер: шұбат, сүтқышқылды бактериялар, ашытқылар, идентификациялау, қышқыл сүт өнімі, түйе шаруашылығы.

Оразов, А.Ж. Шұбат құрамындағы сүтқышқылды бактериялар мен ашытқыларды идентификациялау [Мәтін] / А.Ж. Оразов, А.С. Жумагалиева, Ж.Ж. Қойшиева, Л.А. Надточий // Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2024. – №3(85). – Б.128-139. https://doi.org/10.55956/GRQA4117

Кіріспе. Қышқыл сүт өнімдері диеталық және емдік қасиеттеріне байланысты сүтке қарағанда құнды болып саналады, ал олардың ассортименттері алуан түрлі. Әр түрлі қышқыл сүт өнімдер адамның тағамдық рационына айтарлықтай әсер етеді, бұл ферменттеу процесінде микроорганизмдердің емдік-профилактикалық әсерімен және сүт шикізатының бастапқы компоненттерінің сүт қышқылы, көмірқышқыл газы, алкоголь және т.б. өнімдеріге дейінгі ыдырау нәтижесіндегі биохимиялық өзгерістерімен түсіндіріледі [1].

Қышқыл сүт өнімдерінің ерекше дәміне, қажетті құрылымына және қауіпсіз өнім болуына байланысты әлемде оларды тұтыну үрдісі өсуде. Сүт және қышқыл сүт өнімдерінің тағамдық құндылығы олардың қоректік құрамынан ғана емес, сонымен қатар қоректік заттардың қол жетімділігі мен сіңімділігіне де байланысты болады [2].

Соңғы ғылыми-техникалық жетістіктер қышқыл сүт өнімдерінің тағамдық және емдік маңыздылығы сүтқышқылды микроорганизмдер өсінділері, көптеген метаболиттері мен ферменттерін қолдану, олардың өндіріс процесінде кейбір бактерицидтік қасиеттерге ие болуымен түсіндіріледі. Өсінділер шығаратын бактериоциндер деп аталатын табиғи антибиотиктер ішектегі патогендік бактерияларды тежейді. Мысалы, құрамында *Lactobacillus acidophilus* бар өнімдер шығаратын антибиотик ацидофилин әртүрлі патогендік бактериялардың 50% тежейтіні дәлелденді. *Salmonella* мен *Shigella* инфекцияларымен уланған балалар, ацидофильді сүтті қолдану арқылы барлық белгілерден жазылды [3].

Қышқыл сүт өнімдері асқазан-ішек жолдарына әсер ету функциясына байланысты сүтпен салыстырғанда оңай сіңетіні белгілі, бұл қоректік заттардың ас қорыту процестерін жеделдететін бірқатар ферменттердің синтезіне әкеледі. Қышқыл сүт өнімдерінің оң әсері адамның ас қорыту жолдарының (перистальтика) белсенділігіне әсерімен байланысты. Сонымен қатар, аралас ашу нәтижесінде алынған қышқыл сүт өнімдері өздеріне тән жағымды, сергітетін және сәл қышқыл (щиплющий вкус) дәмінің болуына байланысты жоғары тұтынушылық қасиеттерге ие [4,5].

Әлемдік ғылыми қауымдастық, күнделікті рационның бөлігі ретінде қышқыл сүт өнімдерін тұтыну адам ағзасына бірқатар маңызды заттарды, атап айтқанда спирттік мен сүт қышқылды ашу нәтижесінде синтезделетін дәрумендерді кешенді қамтамасыз ету арқылы пайдалы әсер ететінін растайды [6].

Түйе сүтінің өнімдері Африканың, Азияның және Таяу Шығыстың байырғы тұрғындарының тамақтануында маңызды рөл атқаратыны анық. Осы аймақтардың халқы үшін түйе сүті және оның негізіндегі қышқыл сүт өнімдері энергия мен биологиялық белсенді заттардың негізгі көзі болып табылады [7].

Түйе сүті негізіндегі дәстүрлі қышқыл сүт өнімдері бастапқы шикізатты, яғни сүтті алдын-ала термиялық өңдеусіз және ашытқы қоспай өздігінен ашиды. Әлемнің әр аймағында қышқыл сүт өнімдері әртүрлі аталады, мысалы Сомалиде мұндай қышқыл сүт өнімдерін «*гарисс/gariss*» (қышқыл) деп атаса, Суданда *hameedh* немесе *humadah* қышқыл дегенді білдіреді. *«Suusac»*– Шығыс Африкада, Кенияда және Сомалиде танымал түйе сүтінен жасалған қышқыл сүт сусынның тағы бір түрі. Түркия мен Қазақстанда «*чал/chal*» және «*shubat*» сұранысқа ие. Түркияда ол түркі сусыны ретінде кеңінен танымал, ал Қазақстан мен Түрікменстанда бұл халықтық медицинада емдік мақсатта кеңінен қолданылатын танымал

сергіткіш сусын [8.9]. Жоғарыда сипатталған сусындардың органолептикалық қасиеттері ұқсас, олар ақ түсті, айқын хош иісті және тұтқыр, қышқыл дәммен және төмен тұтқырлықпен сипатталады. Бұл өнімдердің ерекшелігі –аралас ашу нәтижесінде құрамында спирт пен CO_2 болуы және қышқылдықтың жоғары көрсеткіші [10].

Дәстүрлі қышқыл сүт өнімдерінің ассортименті мен сапасын кеңейтуге үлкен мүмкіндіктер бар. Мақалада шұбаттың микрофлорасын, сүт өнеркәсібінде қолданылуы мүмкін сүт қышқылды бактериялары мен ашытқылардың таза өсінділерін зерттеуге назар аударылған.

Зерттеу шарттары мен әдістері.Зерттелетін үлгілердің органолептикалық көрсеткіштерін бағалау үшін олар сыртқы түрі, түсі, консистенциясы, дәмі мен иісі бағаланды, осы мақсатта таза және құрғақ Петри шыныаяқтарына (оның көлемінің жартысына жуығы) шұбат құйылды, үлгілер ақ бетке қойылып, тексерілді, ал түсін, шыны ыдысқа салып өнім стандартының көмегімен (көлеңкеден түспеуін ескере отырып) бағаланды.

Үлгілердің консистенциясын анық бағалауға мүмкіндік беретін мөлдір түссіз сыйымдылықты пайдалана отырып жүргізіледі.

Сыртқы түрі мен консистенциясын бағалау оның біртектілігі, түйіршіктердің, тұндырылған кілегей немесе тұнбаның болуы немесе болмауы көрсеткіштері бойынша жүргізіледі. Визуалды анықтау кезінде ақуыз үлпектері, сүттің қышқылдығының жоғарылауын көрсетеді. Зерттелетін үлгінің бетінде бөлінген май бөлшектері болған жағдайда, оны біртекті консистенцияға дейін мұқият шайқау керек. Бұл жағдайда консистенцияның біртекті болмауы, өнімнің ескіргенін немесе оның бұрмаланғанын көрсетеді.

Үлгілердің иісі колба ашылғаннан кейін бірден анықталады. Әрі қарай, үлгінің 20±2 $см^3$ көлемін құрғақ, таза стақанға 20ºС температурада құйылып, дәмі бағаланады. Дәм сезгіштігін қалпына келтіру үшін әр үлгіден кейін ауыз қуысын жылы сумен шаю керек.

Зерттелетін үлгілердің физика-химиялық көрсеткіштерін анықтау жалпы қабылданған зерттеу әдістеріне сәйкес жүргізілді:

- майдың массалық үлесі – ГОСТ 5867-90;
- ақуыздың массалық үлесі – ГОСТ 25179-2014;
- құрғақ заттардың массалық үлесі – ГОСТ 3626-73;
- тығыздығы – ГОСТ 3625-84;
- криоскопиялық температура – ГОСТ 25101-2015;
- спирт (алкоголь) мөлшері – ГОСТ 31454-2012;
- көмірқышқыл газын (CO_2) сандық анықтау ГОСТ 32038-2012 бойынша.

Зерттелетін үлгілердің микробиологиялық көрсеткіштерін зерттеу келесі әдістерді қолдана отырып жүргізілді:

- *Salmonella* тұқымдасының бактерияларын анықтау ГОСТ 31639-2012 бойынша;
- *S. Aureus* анықтау ГОСТ 30347-2016 сәйкес; Энтерококктардың санын анықтау ГОСТ 28566-90 сәйкес;
- сүт қышқылды микроорганизмдерінің санын анықтау ГОСТ 33951-2016 және ГОСТ Р 56139-2014 сәйкес;
- ашытқылар санын анықтау ГОСТ 10444.12-2013 сәйкес.

Сүтқышқылды бактериялар мен ашытқыларды өсіру және оқшаулау келесідей жүргізілді: зерттелетін үлгілер 9 мл тұзды ерітіндіде сұйылтылды.

Ол үшін 9 мл тұзды ерітіндіден 10 түтік дайындалды. Стерильді тамшуырмен 1 $см^3$ көлемінде 1 мл зерттелетін үлгі алынып, бірінші түтікшеге құйылды, үлгіні араластыру үшін түтік шайқалды, содан кейін бірінші түтіктен 1 мл алынып, келесі түтікке құйылды, осылай онынші түтікке дейін қайталанады.

Қоректік ортаға егу үшін 10^{-3}-тен 10^{-10}-ға дейін сұйылтылған дайын үлгілер қолданылды. Осылайша, әрбір кейінгі сұйылтудағы микробтық жасушалардың саны алдыңғыға қарағанда азайып және соңғы түтіктердің бірінде оқшауланған микробтық культура қалады деп болжанады. Микроорганизмдерді қоректік ортаға егу үлгілерді бөгде микроорганизмдермен ластамау үшін, бокста мүмкіндігінше тез, оттық жалынының жанында жүргізілді.

Петри шыныаяқтарына қоректік ортаны құюдың терең әдісі қолданылды, онда зерттелетін материалдың 1 $см^3$ бос стерильді Петри табақшасына тамшуырмен жағылды. Балқытылған және 45-50ºС дейін салқындатылған қоректік ортасы бар колбадан, асептикалық құю ережелерін сақтай отырып, қақпақты сәл ашып, балқытылған ортаны стерильді шыныаяқтарға қалыңдығы 3-5 мм біркелкі қабатпен құйылды.

Микроағзалардың таза өсінділерді бөліп алғаннан кейін сүтқышқылды бактериялар мен ашытқыны *Illumina MiSeq* көмегімен сәйкестендіру жүргізілді. Зерттелетін үлгі ашытқыларының ДНҚ-сын оқшаулау үшін өндіруші - Macherey-Nagel (Германия) компаниясының нұсқауларына сәйкес реактивтер жиынтығы (Macherey-Nagel, NucleoSpin Soil) пайдаланылды. 16S рРНҚ генінің секвенациялау микробтық қауымдастықтардың құрамын сандық бағалаудың және жеке штаммдарды молекулалық анықтаудың басым әдісі болып табылады. Бұл әдіс микробиотаның құрамын талдаудың «эталонды стандарты» болып саналады [11].

Әрбір зерттелген үлгі ITS1F/ITS2 праймерлерін (GCATCGATGAAGAACGCAGC / TCCTCCGCTTATTGATATGC) пайдалана отырып, ПТР (полимеразалық тізбек реакция) әдісімен алынған сүтқышқылды бактериялардың рибосомалық оперондарының (ITS2) фрагменттерін ескере отырып, ампликонды талдау негізінде сүтқышқылды бактериялардың қауымдастығының таксономиялық құрамын анықтады. Амплификация режимі: 95□ – 10 мин, полимеразаны белсендендіру; 95□ – 60 с; 55□ – 30 с; 72□ – 120 с. Бактериялық қауымдастықтың таксономиялық талдауы микроорганизмдердің кең ауқымына тән 16SрРНКv3-v4 (GTGCCAGCMGCCGCGGTAA /GGACTACVSGGGTATCTAAT, генінің өзгермелі аймағына әмбебап F515 /R806 праймерлерін қолдану арқылы жүргізілді.Бұл аймақтар реттілік ұзындығы мен қамту тереңдігі арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етіп, таксономиялық классификацияға қол жеткізу үшін, ең консервативті аймақтардың бірін (V4) ең өзгермелі аймақтардың бірімен (V3) біріктіреді [12].

Зерттелетін үлгілер фрагменттерінің нуклеотидтер тізбегін талдау екі жақты оқылатын (2*300н) MiSeq® ReagentKit v3 (600 cycle) реактивтер жиынтығын пайдалана отырып, «Illumina MiSeq» (АҚШ) құрылғысында Illumina компаниясының технологиясы бойынша жүзеге асырылды. Алынған тізбектерді өңдеу Illumina, «Trimmomatic» пакеті, 16S кітапханаларға арналған QIIME және ITS кітапханаларына арналған PIPITS бағдарламалық пакеті арқылы жүзеге асырылды.

Шартты ашытқылар мен бактериялық жасушалардың саны тиісті праймерлермен нақты уақыт режимінде тіркелген ПТР әдісімен анықталды. ПТР үшін «Bio–Rad» (АҚШ) фирмасының реактивтері пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Өздігінен ашу процесі нәтижесінде алынған шұбат кешенді зерттеу үшін органолептикалық, физика-химиялық және микробиологиялық зерттеулер мен метагеномдық талдау жүргізілді. Шұбат сусынының сапалық мен қауіпсіздік көрсеткіштерін бағалау ҚР СТ 117-2015 «Шұбат. Жалпы техникалық шарттар» сәйкес жүргізілді және 1,2-кестелерде көрсетілген көрсеткіштерге сейкес болуы тиіс [13].

Кесте 1

Шұбаттың органолептикалық көрсеткіштері

Көрсеткіштің атауы	Сипаттамасы	Зерттеу нәтижелері
Сыртқытүрі мен консистенциясы	Сұйық, біртекті, газдалған, көпіретін	Сәйкес
Түсті	Сүт түстес ақ, сәл сарғыш реңкі бар	Сәйкес
Дәмі мен иісі	Таза, сүт қышқылды, сергіткіш, табиғи шұбатқа тән өзіндік дәм мен иіс, бөгде дәмдері мен иістері жоқ	Сәйкес

1-кестеде өнімнің органолептикалық көрсеткіштері көрсетілген, оның дәмі мен иісі жеңіл сергітетін және ерекше «таза қышқыл сүт» өніміне сәйкес, ал консистенциясы біртекті сұйықтық. Зерттеу нәтижесінде өнімнің жарамдылық мерзімі ұлғайған сайын өткір дәмге, алкогольдік иіске, CO_2 газының көп бөлінуіне жауап беретін ашытқылардың саны артатыны анықталды, бұл 1 айдан бастап дәстүрлі өнімге тән.

Алынған нәтижелер зерттелетін үлгінің қышқылдығы және ондағы спирттің массалық үлесі ҚР СТ 177-2015 ұсынылған нормаларға сәйкес келетіндігін, өнімдегі ақуыз бен майдың мөлшері ең төменгі шекті мәндерден тиісінше 0,5% және 1,1% жоғары болғандығын көрсетті. Зерттеу нәтижесінде үлгідегі құрғақ заттардың мөлшері 9,6%; алкоголь (спирт) 1,3% және белсенді қышқылдық орташа pH=4,1 болғандығы анықталды. Сонымен қатар, өнімдегі құрғақ заттардың, көмірқышқыл газының массалық үлесі, сондай-ақ белсенді қышқылдық көрсеткіші туралы ақпараттар ҚР СТ 117-2015 қарастырылмаған, бұл зерттеу нысанын осы көрсеткіштер бойынша бағалауды қиындатады. Әдеби деректерге сүйене отырып, шұбатта этил спиртінің мөлшері қымыздан салыстырмалы түрде аз концентрациясы бар деп айтуға болады, бұл бие сүтімен салыстырғанда түйе сүтіндегі лактозаның аз мөлшерімен байланысты [14].

Кесте 2

Шұбаттың физика-химиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштің атауы	ҚР СТ 117-2015		Зерттеу нәтижелері
	Бір тәуліктік	1-3 ай сақтауға арналған	
1	2	3	4
Қышқылдығы, °Т	100 дейін 150		120±0,05
Белсенді қышқылдылығы, pH*	-		4,1±0,1
Ақуыздың массалық үлесі, %	4,1 кем емес		4,6±0,07
Майдың массалық үлесі, %	3,2 кем емес		4,3 ±0,1
Спирттің массалық үлесі, %	0,5	1,0-1,2	1,1±0,3
Құрғақ заттар, %*	-		9,6±0,03
CO_2, %*	-		1,3±0,02

2-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Фосфотаза	жоқ		сәйкес
Кәсіпорыннан шығару кезіндегі температурасы, °С, жоғары емес	4±2		сәйкес
* көрсеткіштерҚР СТ 117-2015қарастырылмаған.			

Кестедегі көрсеткіштерге сүйене отырып, үлгіде ашытқы белсенді дамыған, ал зерттелген шұбат сақтауға арналған деп болжауға болады. Сонымен қатар, ашытқы ретінде қолданылатын шұбат және де оны дәстүрлі дайындау технологиясы мен консервілеу дайын өнімнің химиялық құрамына әсер етуі мүмкін. Мысалы, бірнеше ай бойы консервіленген шұбат қышқыл сүт өнімінің қышқылдығын төмендетіп, оның құрамын нашарлатады [15].

Шұбат үлгісінің микробиологиялық көрсеткіштерін бағалау үшін оның табиғи микрофлорасын сандық және сапалық бағалау арқылы (КТБ (колония түзуші бірліктер) саны, ашытқылардың микроскопиялық үлгісі) жүргізілді. Осы кезеңдегі зерттеулер микроорганизмдердің санын сұйылту әдісімен анықтау, оларды қоректік ортада өсіріп, содан кейін колонияларды санау арқылы анықталды. Өскен колониялардың сандық есебін Горяев камерасында, колониялардың өсу заңдылықтарын анықтау мақсатында жүргізілді.

Қышқыл сүт өнімі – шұбат микрофлорасын анықтау үшін жаңадан дайындалған сусынның микроскопиялық препаратын дайындау жүргізілді, зерттеу нәтижелері 1а суретте көрсетілген. ҚР СТ 177-2015 сәйкес 30 тәулік бойы сақтау процесінде қышқыл сүт сусынының микробиологиялық көрсеткіштерінің (сүт қышқылы микроорганизмдерінің, ашытқылардың саны) өзгеруі 1б суретте көрсетілген.. Шұбатты сақтау процесінде ашытқылар мөлшері көбейетіні анық, ол өнімде қарқынды түрде газ түзілуіне әкеледі, мұндай құбылыс жаңа дайындалған ашытылған өнімде аз байқалады.



а) б)

Сурет 1. Сақтау процесінде өздігінен ашу процесі нәтижесінде алынған шұбаттың микроскопиялық препараттары,тәулік: 1 күн (а), 30 күн (б)

1-суреттегі зерттеу нәтижесіне сәйкес шұбат микрофлорасы негізінен сүт қышқылды стрептококктарынан, термофильді сүт қышқылды таяқшаларынан және ашытқыдан тұрады. Сүттегі осы микроорганизмдердің бір мезгілде дамуымен олардың арасындағы сандық қатынас культивациялау температурасына байланысты белгілі бір заңдылықпен өзгереді: алдымен жылдам көбею нәтижесінде стрептококктардың белсенді дамуы жүреді (70-

80%), ашыту процесі барысында арақатынас өзгеріп (стрептококктар дамуы бәсеңдеп, ал таяқшалар көбейеді). Ферменттеудің басында ашытқылар шамамен 5% құрайды, бірақ сақтау (жетілу) процесінде өнімнің жарамдылық мерзімінің соңында сүтқышқылы бактерияларының біртіндеп азаюына байланысты олар белсенді түрде көбейе бастайды. Жаңа дайындалған өнімнің микроскопиялық препараты (сурет. 1а) негізінен сүтқышқылды таяқшаларымен көрсетілген, олар жекеленген және жұптасып, қысқа тізбектерде орналасқан, аз мөлшерде дөңгелек және сопақша-жұмыртқа тәрізді ашытқылар бар, олар шағын топтарда орналасқан. Зерттеу жұмыстарының 30-шы күні микроскопиялық препаратта шұбат сақтау процесінде дамитын ашытқылардың едәуір мөлшері байқалады (сурет. 1б). Алайда, бұл зерттеу әдісі визуалды және микроорганизмдерді толық зерттеуді қажет етеді.

Тауар өндірушілер үшін өндірілетін өнім сапасынан кейінгі басым бағыттардың бірі дайын өнімнің қауіпсіздігі болып табылады. Қышқыл сүт өнімдерінің, оның ішінде ұлттық өнімдердің қауіпсіздігі нормативті техникалық құжаттарда (НТҚ) белгіленген микробиологиялық нормаларға сәйкес анықталады. Осы тәжірибе барысында шұбат қауіпсіздігінің келесідей микробиологиялық көрсеткіштер зерттелді: сүтқышқылы микроорганизмдер, ашытқылар, энтерококктар және патогенді микроорганизмдерінің саны(*Escherichia coli,Staphylococcus aureus, Enterococcus faecium)*. Алынған нәтижелер 3-кестеде және 2 суретте келтірілген.

Кесте 3

Өздігінен ашу процесі нәтижесінде алынған шұбат микробиологиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштіңатауы	НТҚ сәйкес	Көрсеткіштердіңнормаланған мәндері	Зерттеунәтижелері
Escherichiacoli	ГОСТ 10444.15-94	Рұқсатетілмейді	$1,4\times10^6$КТБ/г
S. aureus	ГОСТ 30347-2016	Рұқсатетілмейді	Табылған жоқ
Enterococcusfaecium	ГОСТ 28566-90	Рұқсатетілмейді	$2,8\times10^4$КТБ/г
Сүтқышқылымикроорганизмдер	ГОСТ 33951-2016	1×10^7КТБ/г кем емес	$1,9\times10^7$КТБ/г
Ашытқылар	ГОСТ 10444.12-13	1×10^3КТБ/г кем емес	$5,6\times10^3$ КТБ/г

Шұбат құрамындағы сүтқышқылды бактерияларының жалпы санының орташа логарифмі $1,93\times10^7$ және ашытқылар $5,6\times10^3$ болды, бұл дәстүрлі түрде дайындалған шұбат құрамындағы микроорганизмдердің жеткілікті жоғары санын көрсетеді. Сонымен қатар, шұбатта колиформды бактериялар табылды. Зерттелетін үлгіде патогендік және шартты-патогендік микроорганизмдердің болуы шаруа қожалығындағы санитарлық-гигиеналық жағдайлардың төмендігіне байланысты болуы мүмкін, бұл микроорганизмдер пайдаланылған қосалқы материалдар мен керек-жарақтарды (шелек, сүт

жинауға арналған бидон, дәтүрлі түрде шұбат дайындауға арналған кәстрөлдер) сауу кезінде гигиена ережелерін сақтамау салдарынан болуы мүмкін [14,15].



Сурет 2. MRS (de Man, Rogosa и Sharpe agar)қоректік ортасында шұбатты культивациялау
(10^{-4} және 10^{-7} дәрежесіндегі сұйылтулар)

Өздігінен ашу нәтижесінде алынған шұбат өсіру таза сүтқышқылды бактериялар өсінділері мен ашытқыларды оқшаулау үшін қатты қоректік ортаға культивациялап, культивациялау уақыты аяқталғаннан кейін колониялардың саны есептелді. 2-суретте 10^{-4} және 10^{-7} дәрежесіндегі сұйылтуларда культивациялау кезінде сүтқышқылды бактериялары мен ашытқылар колониялары таза дақылдарының өсуі көрсетілген.

Түйе сүті мен оның негізіндегі қышқыл сүт өнімдерінің микрофлорасын идентификациялаумен айналысқан әлемдік ғалымдардың әдеби деректерін салыстыру кезінде шұбат микрофлорасын зерттеу нәтижелерінде сүт қышқылды бактериялар мен ашытқылардың айтарлықтай ұқсастығы анықталды [18,19]. Салыстырмалы деректер 4-кестеде келтірілген.

Кесте 4

Түйе сүтінің және оның негізіндегі қышқыл сүт өнімдерінің басым микрофлорасын салыстыру

Атауы	Әлемдік зерттеулер	Зерттеу нәтижелері
1	2	3
Гомоферментативтілактококтар	*Lactococcus lactis subsp. lactis*	*Lactococcuslactis*
	Lactococcuslactissubsp. cremoris	-
	Leuconostocmesenteroidessubsp. cremoris	-
	Leuconostocmesenteroides subsp. dextranicum	-
	Leuconostocmesenteroides	*Leuconostocmesenteroides*
Термофильдістрептококтар	*Streptococcusthermophilus*	*Streptococcus thermophilus*
	Streptococcuslactis	-
Лактобактериялар (мезофильдіжәнетермофильді)	*Lactobacillus kefiri*	-
	Lactobacillus casei subsp. casei	-
	Lactobacillus casei subsp.	-

	rhamnosus	
	Lactobacillus plantarum	*Lactobacillusplantarum*
	Lactobacillus acidophilus	-
	Lactobacillus delbrueckii subsp. bulgaricus	-
	Lactobacillus helveticus	-
	Lactobacillus fermentum	-

4-кестенің жалғасы

1	2	3
Ашытқы	-	*Candidakefyr*
	-	*Brettanomycesanomalus*
	-	*Kazachstaniaunispora*
	-	*Naumovozymacastellii*

Аралас ашу нәтижесінде алынған шұбат қауіпсіздігінің микробиологиялық көрсеткіштерін зерттеу, шұбатты дәстүрлі дайындаудың әдісі, дайын шұбатты ашытқы ретінде консервілеу және пайдалану, одан әрі тұтыну қауіпсіз емес деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Осы мақсатта, шұбат микрофлорасын таңдау үшін заманауи метагеномдық әдістерді қолдана отырып, микроорганизмдерді толық идентификациялау қажет.

Қорытынды.Профилактикалық қасиеті бар функционалды қышқыл сүт сусынын әзірлеу мақсатында сүт қышқылды бактерияларын анықтау үшін өздігінен ашытылатын шұбат микрофлорасы зерттелді. Морфологиялық, биохимиялық және 16S рРНКv3-v4 ПТР көмегімен генетикалық идентификациялау сипаттамаларына сүйене отырып таза сүтқышқылды бактериялар дақылдарының түрлері (*Lactococcus Lactis; Streptococcus thermophilus; Lactobacillus plantarum* және *Leuconostoc mesenteroides*) және ашытқылар (*Candida kefyr; Kazachstania unispora; Brettanomyces anomalus* және *Naumovozyma castellii*) қышқыл сүт өнімі шұбаттан бөлініп алынды. Бұл бактериялар асқазан-ішек жолына және жалпы адам денсаулығына оң әсер ететін ашытқылар мен пробиотикалық препараттарды жасауға негіз болатын микроорганизмдер тобына жатады. Олар тек медицинада ғана емес, сонымен қатар тағам өнеркәсібінде, атап айтқанда сүт өнеркәсібінде де қолданылады, өндіріс процесіне қатысады және өнімнің балғындылығын сақтап, жасанды консерванттарды қолдану қажеттілігін азайтады.

Әдебиеттертізімі

1. Горбатова, К.К. Биохимия молока и молочных продуктов [Текст] / К.К. Горбатова // М.: ГИОРД. – 2003. –320 с.
2. Orazov A., Nadtochii L., Ryskaliyeva B., Maksot A., Ayupnabiyeva A.Prospects for using camel milk as analternative to cow and goat milk // Science and education, 2023. No. 3(72). P. 3-11.
3. Батурин, А.К. Питание и здоровье: проблемы XXI века [Текст] / А.К. Батурин, Г.И. Мендельсон // Пищевая промышленность. –2005. –№5. – С. 105-107.
4. Золотарева, М.С. Продукты переработки сыворотки в молочном производстве [Текст] / М.С. Золотарева // Молочная промышленность. – 2014. – № 2 (173). – С. 24-26.
5. Соловьева, Е.Е. Заквасочные культуры для производства молочных продуктов [Текст] / Е.Е. Соловьева // Молочная промышленность. – 2006. – № 11. – С. 50-55.

6. Губанов, Р.С. Современные тенденции развития производства молока и его реализации в России и за рубежом [Текст] / Р.С. Губанов // Экономика сельского хозяйства России. – 2015. – № 1. – С. 64-71.
7. Attia H.,KherouatouN., Dhouib A.Dromedary milk lactic acid fermentation: microbiological and rheological characteristics // Industrial Microbiol. Biotechnol. – 2001. – №26:(5). –Pp. 263-270
8. Farah, Z. Preparation and consumer acceptability tests of fermented camel milk in Kenya [Текст] / Z. Farah, T. Streiff, M.R. Bachmann // Journal of Dairy Research, 1990. No. 57. P. 281-283.
9. Al-Tahiri R.A Comparison on microbial conditions between traditional dairy products sold in karak and same products produced by Modern Dairies // Pakistan Journal of Nutrition, 2005. No. 4(5). P. 345-348.
10. Занданова, Т.Н. Симбиотическая закваска для производства курунги [Текст] / Т.Н. Занданова, И.С.Хамагаева, Т.Е. Хурхесова // Пищевая промышленность (Сырье и добавки). – 2009. – №7. – С. 48-49.
11. Оберемок, В.В. Методические рекомендации к применению ПЦР метода [Текст]: методические указания / В.В. Оберемок. – Симферополь, 2008. – 35 с.
Бұл теңдеулер, төмендегі шарттарды қанағаттандыратын $\alpha_1, \alpha_2, \dots, \alpha_k$ қарағанда қажетті шешімдерді береді.

$$\eta + \sum_{j=1}^{k} \cos\alpha_j = 0, \sum_{j=1}^{k} \sin\alpha_j = 0 \qquad (12)$$

(12) шарттары орындалса, (9) теңдеулеріне сәйкес біліктің тербелісі бірінші жуықтауда болмайды, яғни:

$$x^0(\omega t) = y^0(\omega t) = 0 \qquad (13)$$

Олай болса, қарастырып отырған жағдайда, біріншіден қозғалыстың орнықтылық шартының орндалуы, екіншіден қарастырып отырған қозғалыстың орнықтылығымен қатар (11) теңдеулерінің шешімдерін жауап беретін басқада қозғалыстардың орнықтылығы қызықтыруы мүмкін. Сондықтан, (12) шарттарын қанағаттандыратын (11) теңдеулерінің шешімдері негізгі деп, қалған шешімдерді жанама деп атайды [3].

(11) теңдеулерінің шешімдері орнықты болуы төмендегі анықтауыш арқылы құрылған алгебралық теңдеулердің нақты шешімдерінің таңбаларына байланысты

$$\left|\frac{\vartheta P_s}{\vartheta \alpha_j} - \delta_{sj}\vartheta c\right| = \vartheta, \qquad (s=1,2,\ldots,k) \qquad (14)$$

мұндағы, δ_{sj} – Кронекер символы.

Енді дискіде екі шарик болатын жағдайды қарастырайық яғни k=2 тең болғандағы жағдай. (11) теңдеулер келесі түрде өрнектеледі:

$$P_1(\alpha_1, \alpha_2, \omega) = -\frac{1}{2}\frac{\omega^2}{\beta_0} W[\eta \sin\alpha_1 + \sin(\alpha_1 - \alpha_2)] = 0 \qquad (15)$$

$$P_2(\alpha_1, \alpha_2, \omega) = -\frac{1}{2}\frac{\omega^2}{\beta_0} W[\eta \sin\alpha_2 - \sin(\alpha_1 - \alpha_2)] = 0$$

Бұл теңдеулерден әртүрлі төрт шешімдер ала аламыз:

1) $\alpha_1^{(1)} = \pi - \gamma$, $\alpha_2^{(1)} = -(\pi - \gamma)$;
2) $\alpha_1^{(2)} = 0$, $\alpha_2^{(2)} = 0$;
3) $\alpha_1^{(3)} = \pi$, $\alpha_2^{(3)} = \pi$;
4) $\alpha_1^{(4)} = 0$, $\alpha_2^{(4)} = \pi$;

мұндағы, $\gamma = arccos\left(\frac{\eta}{2}\right) = arccos\frac{M_1 z}{2mR}$.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Жоғарыда келтірілген төрт шешімдердің ішінде біліктің тербелісте болмауын қамтамасыз ететін тек бірінші шешім. Басқаша айтсақ, бірінші шешім негізгі болып, қалған үш шешім жанама шешімдер. Негізгі шешімнің бар болу шарты орындалуы үшін төмендегі теңсіздік орындалуы керек, яғни:

$$\frac{\eta}{2} = \frac{M_1 z}{2mR} < 1$$

Теңсіздік орындалған жағдайда, екі темір шардың біліктің осіне қарағандағы ең үлкен статикалық моменті дискінің сол біліктің осіне қарағандағы статикалық моментіне үлкен екенін көрсетеді.

Темір шарлардың орталары C_1 және C_2 орналасулары, біліктің деформацияға дейінгі ортасы О және деформациядан кейінгі қозғалыс кезіндегі орталары O_1, сол сияқты дискінің ауырлық ортасы С.

Бұл тұрғызулар t=0 уақыт моментіне сәйкес (9) және (16) формулаларына сәйкес тұрғызылды. Ал кез-келген уақыт үшін, дискінің темір шарларын бірге uO_1v координаттар жүйесінің $\varphi_0 = \omega t$ бұрышына бұрылуына сәйкес келеді.

Енді (16) шешімдерінің орнықтылығын талдауға көшейік. Бұл жағдайда (15) теңдеулерін төмендегідей ықшамдап жазуға болады:

$$x^2 + Ax + B = 0,$$

мұнда (15) теңдеуіне сәйкес:

$$A = -\left(\frac{\vartheta P_1}{\vartheta \alpha_1} + \frac{\vartheta P_2}{\vartheta \alpha_2}\right) = \frac{\omega^2 W}{2\beta_0}[\eta(cos\alpha_1 + \cos\alpha_2) + 2cos(\alpha_1 - \alpha_2)],$$

$$B = \left(\frac{\vartheta P_1}{\vartheta \alpha_1} \cdot \frac{\vartheta P_2}{\vartheta \alpha_2} - \frac{\vartheta P_1}{\vartheta \alpha_2} \cdot \frac{\vartheta P_2}{\vartheta \alpha_1}\right) = \frac{\omega^4 W^2 \eta}{4\beta_0^2}[\eta \cos\alpha_1 \cos\alpha_2 + (\cos\alpha_1 + \cos\alpha_2) \cdot \cos(\alpha_1 - \alpha_2)] \quad (19)$$

(16) шешімдеріне жауап беретін, қарастырып отырған қозғалыстардың асимптотикалық орнықтылығы мен бар болуыдың жеткілікті шарттарын қанағаттандыру үшін келесі теңсіздіктер орындалу керек, яғни:

$$A > 0, B > 0 \quad (20)$$

(16) негізгі шешім үшін, (19) формуласынан А мен В таба аламыз:

$$A = A^{(1)} = \frac{\omega W}{\beta_0}(-\eta \cos\gamma + \cos 2\gamma) = -\frac{\omega^2 W}{\beta_0} \quad (21)$$

$$B = B^{(1)} = \frac{\omega^4 W^2 \eta}{4\beta_0^2}(\eta \cos\gamma^2 - 2\cos\gamma \cos 2\gamma) = \left(1 - \frac{\eta^2}{4}\right)\frac{\omega^4 W^2 \eta^2}{4\beta_0^2}$$

(17) теңсіздігіне сәйкес В шамасы барлық кезде қарастырылып отырған шешімнің бар болу аймағында оң болады.

Ал, А шамасына қатысты айтатын болсақ, оның оң болу шарты келесі W > 0 теңсіздігіне келтіреді немесе (10) теңдіктеріне сәйкес келесі теңсіздік жаза аламыз:

$$\omega > P = \sqrt{\frac{c}{M}} \quad (22)$$

(16) теңдеуіндегі жанама үш жағдай үшін (19) формуласы бойынша келесі шамаларды ала аламыз:

$$A^{(2)} = \frac{\omega^2 W}{2\beta_0}[\eta(\cos 0° + \cos 0°) + 2\cos 0] = \frac{\omega^2 W}{2\beta_0}(2\eta + 2) = \frac{\omega^2 W}{\beta_0}(1 + \eta)$$
$$B^{(2)} = \frac{\omega^4 W^2 \eta}{4\beta_0^2}[\eta \cos 0° \cos 0° + (\cos 0° + \cos 0°)\cos 0\,°] = \frac{\omega^4 W^2 \eta}{4\beta_0^2}(\eta + 2)$$

$$A^{(3)} = -\frac{\omega^2 W}{2\beta_0}[\eta(\cos\pi + \cos\pi) + 2\cos(\pi - \pi)] = \frac{\omega^2 W}{2\beta_0}(-2\eta + 2) = \frac{\omega^2 W}{\beta_0}(1 - \eta)$$

$$B^{(3)} = -\frac{\omega^4 W^2 \eta}{4\beta_0^2}[\eta \cos\pi \cos\pi + (\cos\pi + \cos\pi)\cos\pi] = \frac{\omega^4 W^2 \eta}{4\beta_0^2}(\eta - 2) \qquad (23)$$

$$A^{(4)} = -\frac{\omega^2 W}{2\beta_0}[\eta(\cos 0° + \cos\pi) + 2\cos(0 - \pi)] = \frac{\omega^2 W}{2\beta_0}(-2) = -\frac{\omega^2 W}{\beta_0}$$

$$B^{(4)} = \frac{\omega^4 W^2 \eta}{4\beta_0^2}[\eta \cos 0° \cos\pi + (\cos 0 + \cos\pi)\cos(-\pi)] = -\frac{\omega^4 W^2 \eta}{4\beta_0^2}$$

(23) теңдеулері негізінде келесі тұжырымдамаларды жасай аламыз; екінші шешім сынақ аймағына дейінгі жағдайда орнықты, яғни $\omega < p$ жағдайында; үшінші шешім сынақ аймағынан кейінгі жағдайда орнықты, яғни $\omega > p$ болғанда; соңғы төртінші шешім барлық жағдайда орнықсыз екенін орнықсыз екенін көрсетеді. Олай болса, (17) шарт орындалса, негізгі шешім бар болуын қамтамасыз етеді. Ол шешім сынақ аймағынан кейінгі аралықта жалғыз біліктің айналу жылдамдығында ол орнықсыз. Жоғарыда айтылған тұжымдамалар, қарастырылатын автобалансирдың қолдануының тиімді аймағын анықтайды.

Бұл қарастырылған жүйе үшін де бұрыннан белгілі темір шарларсыз дискінің өзіндік теңгерілулердің мәселесінің шешімдерінің нәтижелерінде қолдануға болатынын көреміз[4].

Екі темір шармен қарастырылған автобалансирдің жұмыс істейтінін белгілі болғандықтан, көп теміршарларлы қолданудың қажеттілігі жоқ екенін көрсетеміз. Оның үстіне k > 2 болғанда зерттеу күрделеніп кететіні де белгілі.

Сонымен қатар, қарастырылып отырған мәселені шешуі синхронды қозғалыстың орнықтылықтың интегралдық белгісі арқылы шешуге болатынын айта кету керек. Орнықтылықтың интегралдық белгісін қолдануда потенциалдық функцияның ролін Лагранждың функциясы атқара алады. Ол функция толық теңгерілген дисканың білігінің тербелісіне сәйкес келеді. Бұл жағдайда Лагранждың функциясын бастапқы жуықтауда келесі түрде есептеуге болады:

$$D = \lambda^{(I)} = < \left(T^{(I)} - \Pi^{(I)}\right) = < \frac{1}{2}M[(\dot{x}^0)^2 + (\dot{y}^0)^2] - \frac{1}{2}C[(\dot{x}^0)^2 + (\dot{y}^0)^2] > \quad (24)$$

(9) өрнегін ескере отырып, (24) орталандыру арқылы келесі функцияны аламыз:

$$D = \lambda^{(I)} = -M\frac{m\omega^2 R^2}{M_1} \cdot W\left[\eta \sum_{s=1}^{k} \cos\alpha_s + \frac{1}{2}\sum_{s=1}^{k}\sum_{j=1}^{k} cos(\alpha_s - \alpha_j)\right] \qquad (25)$$

Қорытынды. Орнықтылықтың интегралдық критериіне сәйкес қозғалыстың орнықтылығы D функциясының минимум нүктелеріне сәйкес келеді. Осы шарттардан (9) – негізгі теңдеулерді ала аламыз және оларға сәйкес орнықтылық шарттарын да аламыз.

Сонымен қатар, орнықтылықтың интегралдық критериінің негізінде қарастырып отырған жүйенің өзіндік теңгерілуінің сынақтық аймақтан кейінгі қорытындыларын шығаруға да болады, яғни (24) теңдеудегі $\Pi^{(I)}$ – потенциалдық энергияны $T^{(I)}$ кинетикалық энергияға қарағанда ескермеуге болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Блехман, И.И. Синхронизация в природе и технике [Текст] / И.И. Блехман. – М.: Наука, 2021. – 440 с.
2. Румянцев, С.А. Динамика переходных процессов и самосинхронизация движения вибрационных машин [Текст] / С.А. Румянцев. – Екатеринбург: УрОРАН, 2003. – 136 с.
3. Блехман, И.И. Вибрационная механика и вибрационная реология [Текст] / И.И. Блехман. – Москва.: Физматлит, 2018. – 865 с.
4. Пиковский, А. Синхронизация. Фундаментальные нелинейные явления [Текст] / А. Пиковский, М. Розенблюм, Ю. Куртис. – М: Техносфера, 2003. – 496 с.

Материал редакцияға 16.02.24 түсті.

А.Т. Жакаш[1], Э.А. Джакашова[1], А. Есилханкызы[1]

[1]Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, г.Тараз, Казахстан

МАТЕМАТИЧЕСКАЯ МОДЕЛЬ ДВИЖЕНИЯ АВТОБАЛАНСИРА

Аннотация. Движения динамических систем можно объяснить синхронными движениями вращающихся роторов и нескольких маятников. Вращающиеся роторы включают в себя несбалансированные диски с гибким валом и автобалансиры. Существует ряд трудностей при изучении их движений с математической точки зрения. Поэтому создание математической модели таких систем и ее решение является важной задачей.

Ключевые слова: автобалансир, тороидальная полость, неуравновешенный диск, статический момент, устойчивость, функция Лагранжа.

A.T. Zhakash[1], E.A. Dzhakashova[1], A. Yesilkhankyzy[1]

[1]M.Kh. Dulaty Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan

MATHEMATICAL MODEL OF AUTOBALANCER MOVEMENT

Abstract. The synchronous motions of rotating rotors and several pendulums can explain the motions of dynamic systems. Rotating rotors include unbalanced flexible shaft discs and auto-balancers. There are a number of difficulties in studying their movements from a mathematical point of view. Therefore, the creation of a mathematical model of such systems and its solution is an important task.

Keywords: auto balancer, toroidal cavity, unbalanced disk, static moment, stability, Lagrange function.

References

1. Blekhman, I.I. Sinkhronizatsiya v prirode i tekhnike [Synchronization in nature and technology]. – Moscow: Science, 2021. – 440 p., [in Russian].
2. Rumyantsev, S.A. Dinamika perekhodnykh protsessov i samosinkhronizatsiya dvizheniya vibratsionnykh mashin [Dynamics of transient processes and self-synchronization of motion of vibration machines]. – Ekaterinburg: Ural Branch of the Russian Academy of Sciences, 2003. – 136 p., [in Russian].
3. Blekhman, I.I. Vibratsionnaya mekhanika i vibratsionnaya reologiya [Vibration mechanics and vibration rheology]. – Moscow.: Fizmatlit, 2018. – 865 p., [in Russian].
4. Pikovskiy, A., Rozenblyum, M., Kurtis, YU. Sinkhronizatsiya. Fundamental'nyye nelineynyye yavleniya [Synchronization. Fundamental nonlinear phenomena]. – Moscow: Tekhnosfera, 2003. – 496 p., [in Russian].

IRSTI 30.03.19

H. Duru[1] – *main author,*
B. Gürbüz[2], A.B. Chiyaneh[3]

[1]Prof. Dr., [2]Dr.

ORCİD *[1]https://orcid.org/0000-0002-3179-3758 [2]https://orcid.org/0000-0002-2851-173X [3]https://orcid.org/0000-0003-4401-5477*

[1]University of Van Yüzüncü yıl,
Van, Turkey

@ *[1]hduru@yyu.edu.tr*

https://doi.org/10.55956/GXLZ1174

A SECOND-ORDER FINITE DIFFERENCE METHOD FOR SINGULARLY PERTURBED NONLINEAR DELAY PARABOLIC PROBLEMS WITH PERIODIC INITIAL-BOUNDARY CONDITIONS

Abstract. In this paper, a numerical study for the singularly perturbed nonlinear delay parabolic problems with boundary conditions are made. A finite difference method based on the mesh with adaptive points are proposed. The method employs interpolating quadrature rules containing integral remainder terms with linear basis functions ensuring a second-order accuracy rate on an adaptive mesh. The proposed method exhibits second-order convergence in the space variable, and first-order in the time variable, regardless of the perturbation parameter. Stability analysis is provided, and numerical experiments corroborate the theoretical findings. The results demonstrate the effectiveness of the proposed approach in accurately solving singularly perturbed nonlinear delay parabolic problems with boundary value conditions.

Keywords: time-delayed parabolic-elliptic problems, asymptotic analysis, finite difference method, uniform convergence, Bakhvalov mesh.

Duru H., Gürbüz B., Chiyaneh A.B. A second-order finite difference method for singularly perturbed nonlinear delay parabolic problems with periodic initial-boundary conditions // Mechanics and Technology / Scientific journal. – 2024. – No.3(85). – P.447-451. https://doi.org/10.55956/GXLZ1174

Introduction. In this article, we study the following problem:

$$\frac{\partial u}{\partial t} - \varepsilon \frac{\partial^2 u}{\partial x^2} + a(x)\frac{\partial u}{\partial x} + b(x,t)u + c(t)u(x,t-r) = f(x,t,u),\ (x,t) \in \mathcal{D}, \qquad (1)$$

$$u(x,t) = \psi(x,t), \quad (x,t) \in [0,l] \times [-r,0], \qquad (2)$$

$$u(0,t) = u(l,t) = 0, \quad t \in [0,T] \qquad (3)$$

where $0 < \varepsilon < 1$ perturbation parameter, r delay parameter, $T = kr, k \in \mathbb{Z}^+$ $[0,T] = \cup_{i=1}^{k}[(i-1)r, ir]$; $a(x)$, $b(x,t), c(t)$ and $f(x,t,u)$ are sufficiently smooth functions. Also, $0 < \alpha \le a(x)$, $0 < b(x,t) \le b^*$, $c^* \ge c(t) > 0$ ve $\left|\frac{\partial f(x,t,u)}{\partial u}\right|$, $\left|\frac{\partial f(x,t,u)}{\partial x}\right| \le M$.

Conditions and methods of research. Such problems arise as mathematical models of the object studied in many fields of science. This problem contains boundary layers where the solution changes rapidly due to its singular perturbation feature. Since the solution changes rapidly at these boundary layers, the algorithm may not be stable due to the derivatives tending to infinity in classical difference problems. For this reason, difference schemes will be established with interpolation quadrature rules containing the integral remainder term and basis functions [1]. Since the coefficient of the highest order term of the differential equation has a small parameter, parameter-dependent singularity occurs. For this reason, choosing the basis functions to zero out the remaining terms in the highest order derivatives is an advantage of the method used. In addition, since the quadrature rules have integral remainder terms, they cause the conditions of the solution function and its derivatives to be alleviated due to the feature of the integral operator. This is another advantage of our method.

In this article, a difference scheme will be established using linear basis functions on a adaptive mesh [6-7].

Research results and discussion. For such problems, you can also refer to the following resources [2-5,13-14].

1. Asymptotic Estimation for Continuous Problem

For the problem (1)-(3), we write:

$$f(x,t,u) = f(x,t,0) + \frac{\partial f(x,t,\tilde{u})}{\partial u}u, \quad \tilde{u} = \gamma u, \quad 0 < \gamma < 1$$

where such that

$$F(x,t) = f(x,t,0), \;\; B(x,t) = b(x,t) - \frac{\partial f(x,t,\tilde{u})}{\partial u}$$

The problem (1)-(3) changes the following linear problem

$$Lu \equiv \frac{\partial u}{\partial t} - \varepsilon\frac{\partial^2 u}{\partial x^2} + a(x)\frac{\partial u}{\partial x} + B(x,t)u + c(t)u(x,t-r) = F(x,t), \tag{4}$$

$$u(x,t) = \psi(x,t), \quad (x,t) \in [0,l] \times [-r,0], \tag{5}$$

$$u(0,t) = u(l,t) = 0, \quad t \in [0,T]\,. \tag{6}$$

where $T = mr$ and $[0,T] = \cup_{p=0}^{m-1} I_p$, $I_p = [pr,(p+1)r]$. Here, we have the domain $[0,l] \times I_0$ for proof. Then will be made the proof for the domain $[0,l] \times I_1$ and using Bellman will be generalized to the $[0,l] \times I_p$ region Bellman.

Lemma 1. The following estimations are true for the solution of the problem (1)-(3):

$$\left\| \frac{\partial^{s+k} u}{\partial x^s \partial t^k} \right\| \le \varepsilon^{-s/2} C_p \left\{ \|\psi(x,0)\|^2 + \int_{-r}^{0} \|\psi(x,\tau)\|^2 d\tau + \|F\|^2_{L_2(D)} \right\}, \quad s = 0,1,2\,; k = 0,1; p = 0. \tag{7}$$

Proof. Using the inner product $(Lu, u) = (F, u)$ and energy inequalities, we have the inequality (7).

For $p = 1$, so if we say $u(x,t) = u_1(x,t)$, $(x,t) \in [0,r]$; for $[0,l] \times I_1 = [0,l] \times [r,2r]$; in a similar way we have:

$\left\|\frac{\partial^{s+k}u}{\partial x^s \partial t^k}\right\| \leq \varepsilon^{-\frac{s}{2}} C_p\{\|u_1(x,r)\|^2 + \int_0^r \|u_1(x,\tau)\|^2 d\tau + \|F\|^2_{L_2(D)}\}$,
$s = 0,1,2\,; k = 0,1; p = 1.$

If we continue in this way, we get the following general estimation for

$[0,l] \times I_p = [0,l] \times [pr,(p+1)r]$

$\left\|\frac{\partial^{s+k}u}{\partial x^s \partial t^k}\right\| \leq \varepsilon^{-s/2} C_p \left\{\left\|u_p(x,p(r-1))\right\|^2 + \int_{p(r-1)}^{pr} \left\|u_p(x,\tau)\right\|^2 d\tau,\right.$

$+\|F\|^2_{L_2(D)}\ s = 0,1,2\,; k = 0,1$ [8-12].

2. Construction of Difference Schemes

In this subsection, adaptive mesh points are presented. For these points, the mesh generation function that Bakhvalov 1969, mentioned in his paper is used.

Let ω denote the mesh on D, where $\omega = \omega_N \times \omega_\tau$

$\omega_N = \{x_i = ih_i,\ \ i = 1,2,\dots,N-1;\ h_i = x_i - x_{i-1}\}$,

$\omega_\tau = \left\{t_j = j\tau,\ \ j = 1,2,\dots,M;\ \tau = \frac{T}{M}\right\}$,

$\omega_N^+ = \omega_N \cup \{x = 0,l\}, \bar{\omega}_\tau = \omega_\tau \cup \{t = 0\}$

Let the mesh function v be defined on ω_N. In this study, the notations used are given by Samarskii [15]:

$v_x = \frac{v_{i+1}-v_i}{h_{i+1}}, v_{\bar{x}} = \frac{v_i - v_{i-1}}{h_i}, v_{\hat{x}} = \frac{v_{i+1}-v_i}{\hbar_i}, v_{\bar{x}\hat{x}} = \frac{v_x - v_{\bar{x}}}{\hbar_i}$

3. Let the function $g(t)$ be defined on mesh ω_τ. Then the formulas are the following:

$g_t = \frac{g_{j+1}-g_i}{\tau}, g_t = \frac{g_j - g_{j-1}}{\tau}, g_{\bar{t}t} = \frac{g_{j+1}-2g_j+g_{j-1}}{\tau^2}$

Bakhvalov mesh points [6-7] are as the following:

$$x_i = \begin{cases} -\alpha^{-1}\varepsilon \ln\left(1-(1-\varepsilon)\frac{4i}{N}\right), i = 0,1,\dots,\frac{N}{2}, x_i \in [0,\sigma_1],\ \text{if}\ \sigma_1 < \frac{1}{2}; \\ -\alpha^{-1}\varepsilon \ln\left(1-\left(1-e^{-\frac{\alpha l}{4\varepsilon}}\right)\frac{4i}{N}\right), i = 0,1,\dots,\frac{N}{2}, x_i \in [0,\sigma_1],\ if\ \sigma_1 = \frac{l}{2}; \\ \sigma_1 + \left(i - \left(\frac{N}{4}\right)\right)h^{(1)}, i = \frac{N}{2}+1,\dots,\frac{3N}{2}, x_i \in [\sigma_1,l], h^{(1)} = \frac{2(\sigma_2-\sigma_1)}{N}; \end{cases}$$

where, $\sigma_1 = \min\left\{\frac{l}{2}, -\alpha^{-1}\varepsilon \ln \varepsilon\right\}$.

We write the following difference schemes:

$$\ell y = y^j_{\bar{t},i} - \varepsilon y^j_{\bar{x}x,i} + a_i y^j_{\dot{x},i} + b^j_i y^j_i$$
$$= f\left(x_i,t_j,y(x_i,t_j)\right) - c^j y_i^{j-M_0},\ \ i = 1,\dots,N-1; j = 1,\dots,M, \qquad (7)$$

$$y(x_i, t_j) = \psi(x_i, t_j); \quad -M_0 \le j \le 0, \ \ 0 \le i \le N, \tag{8}$$
$$y(0, t_j) = \ y(l, t_j), \qquad t_j \in \omega_\tau \tag{9}$$

where, $t_j - r = j\tau - r\frac{T}{M}\frac{M}{T} = j\tau - r\frac{T}{M}\frac{M}{rm} = j\tau - \frac{T}{M}\frac{M}{m} = j\tau - \tau M_0 = \tau(j - M_0) = t_{j-M_0}$, $\frac{M}{m} = M_0$.

4. Error Estimation

Lemma Let be respectively the solutions of the problem (1)-(3) and the solution of the problem (7)-(9) u and y. The following estimation is true:

$$\left|y_i^j - z_i^j\right| \le C(N^{-2} + \tau).$$

Conclusion. A finite difference method based on the mesh with adaptive points are proposed. The method employs interpolating quadrature rules containing integral remainder terms with linear basis functions ensuring a second-order accuracy rate on an adaptive mesh. The proposed method exhibits second-order convergence in the space variable, and first-order in the time variable, regardless of the perturbation parameter. The results demonstrate the effectiveness of the proposed approach in accurately solving singularly perturbed nonlinear delay parabolic problems with boundary value conditions.

References

1. Amiraliyev G.M., Mamedov Y.D., Difference schemes on the uniform mesh for a singularly perturbed pseudo-parabolic equation // Tr.J. Mart, 1995. Vol. 19. P. 207-222.
2. Ayele M.A., Tiruneh A.A., Derese G.A. Uniformly convergent scheme for singularly perturbed space delay parabolic differential equation with discontinuous convection coefficient and source term // Journal of Mathematics, 2022. Vol. 1. P. 1874741.
3. Ansari A.R., Bakr S.A., Shishkin G.I. A parameter-robust finite difference method for singularly perturbed delay parabolic partial differential equations // Journal of computational and applied mathematics, 2007. Vol. 205 (1). P. 552-566.
4. Bansal K., Rai P., Sharma K.K. Numerical treatment for the class of time depent singularly perturbed parabolic problems with general shift arguments // Differential Equations and Dynamical Systems, 2017. Vol. 25. P. 327-346.
5. Bashier E.B., Patidar K.C. A novel fitted operator finite difference method for a singularly perturbed delay parabolic partial differential equation // Applied mathematics and Computation, 2001. Vol. 217 (9). P. 4728-4739.
6. Bakhvalov N.S. The optimization of methods of solving boundary value problems with a boundary layer // USSR Computational Mathematics and Mathematical Physics, 1969. Vol. 9 (4). P. 139-166.
7. Boglaev I.P., Approximate solution of a non-linear boundary value problem with a small parameter for the highest-order differential // Zh. Vychisl. Mat. i Mat. Fiz., 1984. Vol. 24, No. 11. P. 1649–1656.
8. Bellman, R. (Ed.). Methods of nonlinear analysis. – Elsevier, 1970.
9. Bellman R., Cooke K.L. Asymptotic behavior of solutions of differential-difference equations // American Mathematical Soc., 1959. Vol. 35.
10. Bellman, R., Cooke, K.L., Differential – difference equations. – Academic Press.New York, 1963.
11. Cooke K.L. Differential – difference equations // In International symposium on nonlinear differential equations and nonlinear mechanics / Academic Press, 1963. P. 155-171.
12. Cooke, K.L. Delay differential equations. In Mathematics of Biology. – Berlin, Heidelberg: Springer Berlin Heidelberg, 1981. P. 5-80.
13. Miller, J.J.H., O'Riordan, E., Shishkin, G.I. Fitted Numerical Methods for Singular Perturbation Problems // World Scientific, Singapore, 1996.

14. Mbroh N.A., Munyakazi J.B. A robust numerical scheme for singularly perturbed parabolic reaction-diffusion problems via the method of lines // International Journal of Computer Mathematics, 2022. Vol. 99 (6). P. 1139-1158.
15. Samarski, A.A. The Theory of Difference Schemes. – Moscow, Russia: M.V. Lomonosov State University, 2001.

Material received on 02.07.24.

H. Duru[1], B. Gürbüz[1], A.B. Chiyaneh[1]

[1]Университет Ван Юзюнчу Йыл, Ван қ., Түркия

КЕШЕУІЛДЕЙТІН ЖӘНЕ ПЕРИОДТЫ БАСТАПҚЫ-ШЕТКІ ЖАҒДАЙЛАРЫ БАР СИНГУЛЯРЛЫ БҰЗЫЛҒАН СЫЗЫҚТЫҚ ЕМЕС ПАРАБОЛАЛЫҚ ЕСЕПТЕР ҮШІН ЕКІНШІ РЕТТІ СОҢҒЫ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР ӘДІСІ

Аңдатпа. Бұл жұмыста артта қалған және шекаралық жағдайлары бар сызықтық емес параболалық есептерге жүргізілген сандық зерттеу нәтижелері келтірілген. Адаптивті нүктелері бар торға негізделген ақырлы айырмашылықтар әдісі ұсынылады. Әдіс адаптивті торда екінші ретті дәлдікті қамтамасыз ететін сызықтық негіз функциялары бар интегралды қалдық мүшелерден тұратын интерполяциялық квадратуралық ережелерді қолданады. Ұсынылған әдіс кеңістіктік айнымалы бойынша екінші ретті және бұзылу параметріне қарамастан уақыт айнымалысы бойынша бірінші ретті конвергенцияны көрсетеді. Тұрақтылықты талдау келтірілген, ал сандық эксперименттер теориялық тұжырымдарды қолдайды. Нәтижелер артта қалған және шекаралық жағдайлары бар сингулярлы бұзылған сызықтық емес параболалық есептерді дәл шешу үшін ұсынылған тәсілдің тиімділігін көрсетеді.

Тірек сөздер: парабола-кешіктірілген эллиптикалық есептер, асимптотикалық талдау, ақырлы айырмашылық әдісі, біркелкі конвергенция, Бахвалов торы.

H. Duru[1], B. Gürbüz[1], A.B. Chiyaneh[1]

[1]Университет Ван Юзюнчу Йыл, г. Ван, Турция

МЕТОД КОНЕЧНЫХ РАЗНОСТЕЙ ВТОРОГО ПОРЯДКА ДЛЯ СИНГУЛЯРНО ВОЗМУЩЕННЫХ НЕЛИНЕЙНЫХ ПАРАБОЛИЧЕСКИХ ЗАДАЧ С ЗАПАЗДЫВАНИЕМ И ПЕРИОДИЧЕСКИМИ НАЧАЛЬНО-КРАЕВЫМИ УСЛОВИЯМИ

Аннотация. В данной работе представлено численное исследование сингулярно возмущенных нелинейных параболических задач с запаздыванием и граничными условиями. Предлагается метод конечных разностей на основе сетки с адаптивными точками. В методе используются интерполирующие квадратурные правила, содержащие интегральные остаточные члены с линейными базисными функциями, обеспечивающие точность второго порядка на адаптивной сетке. Предлагаемый метод демонстрирует сходимость второго порядка по пространственной переменной и первого порядка по временной переменной, независимо от параметра возмущения. Приведен анализ устойчивости, а численные эксперименты подтверждают теоретические выводы. Полученные результаты демонстрируют эффективность предложенного подхода для точного решения сингулярно возмущенных нелинейных параболических задач с запаздыванием и граничными условиями.

Ключевые слова: параболо-эллиптические задачи с запаздыванием, асимптотический анализ, метод конечных разностей, равномерная сходимость, сетка Бахвалова.

ҒТАМР 68.85.39

Д.Н. Оразахын[1] – *негізгі автор*, ©
Т. Абилжанулы[2]

[1]*Магистр*, [2]*Профессор*

[1]*https://orcid.org/0000-0002-5251-7584*

[1]*Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы қ., Қазақстан*
[2]*«Агроинженерия ҒӨО» ЖШС, Алматы қ., Қазақстан*

[1]*darhan.suan@mail.ru*

https://doi.org/10.55956/UOHB8669

МАЛ АЗЫҒЫН ДАЙЫНДАУ КОМБАЙНДАҒЫ ДЕФЛЕКТОРЫНЫҢ БҮЙІР ҚАБЫРҒАСЫНЫҢ КӨЛБЕУЛІГІНІҢ ОҢТАЙЛЫ МӘНІН АНЫҚТАУ

Аңдатпа. Елімізде ірі-қара мен қой-ешкі малының 85%-дан астамы үй шаруашылығы мен кіші шаруа қожалықтарында екендігі белгілі. Кіші шаруа қожалықтардың 65% астамында ірі қараның саны 100-басқа дейін ал қой малының саны 300-ден аспайды екен. Сонымен қоса малдан алынатын өнімді арттыру үшін сүт өндіру және мал бордақылау фермаларын салу жолға қойылуда. Осындай фермаларда мал өнімі өндірісін жоғарылату үшін малды сапалы азықпен қамтамасыз ету қажет. Мал азығының негізгі түрлері сүрлем шөп және сүрлем әзірлеуде мал азығын дайындау комбайндары пайдаланылады. Қазіргі таңда шет елдерде құрылысы әртүрлі комбайндар шығарылуда бірақ олардың көбісі үлкен шаруа қожалықтарына арналған. Сондықтан бағасы тым қымбат. Ал енді кішігірім комбайндар мал азығын дайындау барысында азықтың ұсақтау ірілігін реттей алмайды. Осы себепті біз кішігірім мал азығын дайындау комбайнының макеттік үлгісін жасап, оны сабақты азықтың ірілігін реттейтін құрылғымен жабдықтадық. Жүргізілген тәжірбиелік зерттеулер аясында комбайнмен шөп шапқан кезде әр түрлі ылғалдықтағы жалдағы шөпті жинап ұсақтағанда нәтижелі мәліметтер алынды. Осымен қатар комбайнды жүгеріні шауып ұсақтау үрдісінде сынауда оның дефлекторының тығылып қалуы байқалды. Сондықтан осы мақала бойынша азықты артқа және бүйірге лақтыру үрдістерінде дефлектордың бүйір қабырғасының оңтайлы мәнін анықтау зерттеу мақсаты болып табылады. Комбайнға сабақты азықтың ұсақтау ірілігін реттейтін құрылғы қойылғанда өтілетін үрдістің математикалық моделін алып, яғни комбайнның параметірлеріне байланысты азықтың ұсақтау ірілігінің теориялық жолмен анықтайтын заңдылықтарын алу. Осы алынған нәтижелер жасалған комбайнның мал азығын әзірлеудің барлық үрдістерінде пайдалануға болатынын көрсетеді. Бұл жағдай осы жасалған комбайнның басқа комбайндармен салыстырғанда бәсекелестігінің жоғары болуын қамтамасыз етеді. Ал алынған теориялық зерттеулер нәтижесі ғылыми ортадағы мәртебесінің және еліміздегі ғылыми бәсекелестік жоғарылауын қамтамсыз етеді.

Тірек сөздер: жем-шөп жинағыш комбайн, дефлектор, дефлекторының бүйір қабырғасы, айдау диапазоны, жылдамдық.

Оразахын, Д.Н. Мал азығын дайындау комбайндағы дефлекторының бүйір қабырғасының көлбеулігінің оңтайлы мәнін анықтау [Мәтін] / Д.Н. Оразахын, Т. Абилжанулы // Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2024. – №3(85). – Б.452-458. https://doi.org/10.55956/UOHB8669

Кіріспе. Елімізде ірі-қара басы 9000-нан, қой басы 25000-нан асқандығын статистика орталығы көрсетіп отыр [1]. Осынша мал басы санына қарамастан олардың көпшілігі шағын шаруа қожалықтарына тиесілі. Әйткенменде мал шаруашылығын тиімді пайдалану, одан өндірілетін өнімді дұрыс жоспарлау қазіргі заман талабы. Ал малдан алынатын өнімді жоғарылату үшін толық роционалды аралас-азықпен қамту қажет болып табылады. Сүт және мал бордақылау фермаларында толық рационды аралас азық ретінде ұсақталған шөпті, сүрлемді және құнарлы құрама жемді араластырып дайындалады. Еліміздің көптеген аудандарда аралас-азық дайындау да күрделі мәселелердің бірі екендігі белгілі болып отыр. Бұл жағдайда шөп әртүрлі техналогиялар арқылы дайындалғанмен оны қыста ұсақтау қиындық туғызады. Ал шағын шаруа қожалықтарында малдың қоңдылығын артыратын сүрлем, пішендеме дайындау жұмыстары жүргізілмейді. Себебі пішен, сүрлем дайындайтын комбайындар елімізде өндірілмейді. Шетелдік нұсқалары қымбат. Бұл мәселенің шешімі ретінде шағын шаруа қожалықтарына қолайластырылған отандық комбайнның параметірлерін оңтайландыру.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Жалпы теорялық зерттеулерді жүргізуде теориялық механиканың одан бөлек ықтималдық теорияның әдістері қолданылады. Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруде технологиялық процестерді қамтамасыз ететін машиналарды жасау және жетілдіруде негізгі ғылыми мәселелер: машиналардың оңайлатылған және ұтымды конструктивті технологиялық схемаларын жасау; төмендетілген энергия шығындарымен жоғары өнімділік көрсеткіштерімен ауыл шаруашылығының технологиялық процестерінің жоғары сапалы орындалуына қол жеткізу.

Бұл ретте жоспарланған зерттеулердің негізгі гипотезалары келесі түрде қалыптасады:

– технологияның жоғары сапалы орындалуына машиналардың параметірлерін және олардың кинематикалық режимдерін негіздеу сонымен қатар ішінара бір жұмыс органында және түпкілікті басқа жұмыс органдарында орындау арқылы қол жеткізуге болады.

– механикалық процестерді жоғары өнімділігі болуы мүмкін зерттелетін технологиялық процестерді жүзеге асыру

– жоғары өнімділікке және сапалы технологиялық процеске комбайнның жекелеген жұмыс органдарына емес, негізгі жұмыс орындарына толықтырулар енгізу арқылы қол жеткізуге болады

– эксплуатациялық шығындарды инновациялық технологияларды тиімді пайдалану арқылы азайтуды жүзеге асыруға болады

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Жоғарыда атап өткендей дефлектордың бұрыштық өлшемдерін анықтау және оңтайлы мәндерін табу теориялық және эксперименттік зерттеулерді жүргізу арқылы анықталады.

Комбайн толық жұмыс атқару барысында дефлектордың бүйір қабырғаларына соғылатын массаның мөлшерімен жылдамдығының өзгерісін анықтай бойынша зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Эксперименттік деректерді өңдеу кезінде оңтайландыру параметрлері қолданылады, ол қажетті фракциялар үшін ұсақтау процессінің меншікті энергия сыйымдылығы ретінде анықталады.

$$N_{УТ} = \frac{N_P}{Q_П \cdot \frac{П_{ТФ}}{100}} = \frac{N_P \cdot 100}{Q_П \cdot П_{ТФ}} \ , \qquad (1)$$

бұл жердегі: Nут – процеске кететін қуат, кВт; QП – процестің өнімділігі, т/сағ; П – фракцияның массалық үлесі, %.

Процестің өнімділігін анықтау үшін 10 метр көлеміндегі жерге тәжірибе жіргізіледі. Жүгері собығының 1 метр көлеміндегі жердегі орташа салмағы анықталады. Процестің өнімділігі келесі формуламен анықталады:

$$Q_{П} = m_{ПМ} \cdot \upsilon_{a} \cdot 3{,}6, \tag{2}$$

Жоғарыда айтылғандай бұл зерттеудің негізгі мақсатының бірі ауылшаруашылығына арналған, эксплуатациялық шығындары аз және технологиялық процестерінің сапасы жоғары комбайнның параметрлерін жасау. 1-суретте далалық зерттеу сынағы көрсетілген.

Сурет 1. Далалық зерттеу сынағы

Тәжірибелік зерттеулерде өсімдік және мал шаруашылығына арналған машиналардың жұмыс орындары мен механизмдерінің теориялық анықталған параметрлері нақтыланады. Осылайша алға қойған негізгі мақсаты іске асырыла отырып теориялық және эксперименттік зерттеу әдістері қолданылып ауылшаруашылығына қажетті әмбебап комбайнның параметрлері дайындалады. Зертханалық сынақ 2-суретте келтірілген.

Сурет 2. Зертханалық сынақ

Сонымен қатар «Китебаев» шаруа қожалығында ылғал жоңышқаны ұсақтау яғни өсіп тұрған жерінен шауып ұсақтау тәжірибелік жұмыстар жүргізілді.

Елімізде шаруа қожалықтардың көпшілігі кішігірім болғандығына байланысты көп жағдайда тіркемелі комбайндарды қолдану тиімділігі байқалады [2]. Олардың ішінде КПП-2 ұзындығы 2 м дейін өсетін жүгері, қамыс, тағы да басқа шөптесін өсімдіктерді шауып, ұсақтап, жинауға арналған комбайн. Сағатына 35 т дейін шөп шабуға қауқарлы, салмағы 1,5 т ені 3 м, биіктігі 4 м болады [3]. ПН-420 дәнді дақылды сонымен қатар көпжылдық шөптерді шабуғаарналған комбайн болып табылады. Оның ені 1,5 м, орылған шөпті 3,5 м-ге дейін лақтыруға күші жетеді, өнімділігі 18 т/сағ [4]. КСД-2 шөпті шауып ұсақтауға арналған көп функциялы комбайн, ені 3350 мм, биіктігі 3750 мм, салмағы 1250 кг, өнімділігі 38 т/сағ [6]. Ұсақтауға арналған 8 пышақпен жабдықталған. Шабылған шөпті шнек арқылы бункерге жеткізеді. Бункерде пышақпен ұсақталған өнім бірден барабан арқылы сыртқа тасмалданады [11]. Бұл аталған комбайндардың барлығындадерлік ұсақталған массаның максималды ұзындығы 200 мм ге дейін. Сонымен қатар тегіс пышақпен жабдықталған. Ал пышақпен жабдықталған комбайн шөпті жаншып ұсақтамайтындығы белгілі. Бұл дегеніміз зоотехникалық талаптарға сәйкес келмейтіндігін көрсетеді. Одан бөлек аталған комбайндарда ұсақталған шөптің ұзындығын реттеу қарастырылмаған [5]. Бізде жасалған отандық комбайн шапқыш ротордан, таптағыш барабаннан, ені 1 м болатын ұсақтағыш ротордан, дефлектордан және қозғалтқыш механизмдерден тұрады. Мұнда ұсақтағыш ротор екі жүзі бар пышақ типтес балғашалармен жабдықталған. Сонымен қатар ұсақталған массаның ірілігін реттеу үшін камераның бірінші бөлігіне бірнеше қатар қарсы пышақтар қатары орналасқан. Ал камераның екінші бөлігі бос. Себебі бұл ұсақтау камерасынан шығатын массаның жылдамдығын арттыру үшін қалдырылған. Біздің комбайнда ұсақталған массаның ірілігін реттеу үшін қарсы пышақтар қатары орнатылған, бұл жобаның техникалық жаңалығы болып табылады. Осы қарсы ұрғыштар қатарына және бір қатарға орнатылған пышақтардың адымына байланысты ұсақталған шөптің ірілігін математикалық түрде анықтау. Яғни ұсақтау процесінің математикалық моделін алу жобаның ғылыми жаңалығы болып табылады.

Қорытынды. Біздің ұсынып отырған комбайн құрылысының қарапайымдылығымен, бағасының қолжетімділігімен және шаруа қожалықтарда жем шөп дайындау процестерін толық атқара алатындығымен жобалық құндылығының маңыздылығын көрсетеді.

Жалпы осы комбайнды көптеп шығару арқылы шаруа қожалықтарда қордаланып қалған ет, сүт өндіру мәселесін жем шөп дайындаудың қолжетімді болуымен шешуге мүмкіндік зор. Бұл комбайн әлемдік комбайндарға зерттеулер жүргізе отырып, олардың ерекшеліктері мен артықшылықтарын басшылыққа алып, еліміздің аграрлық жағдайына қолайластырылып жасалғандығымен құнды болып саналады.

Қолданыстағы көптеген комбайндарда жүгері мен шөпті шабу процесі шапқыш ротор және ұсақтағыш кескіш қарсы ұрғыштар арқылы жүзеге асырылады. Бұл жердегі ұсақтайтын органдардың негізгі кемшілігі олар ұсақталатын шөптің ірілігін ретемейді және құрғақ шөпті ұсақтау барысында шөп бойымен жаншып ұсақтамайды. Ал біздің комбайнда шапқыш ротор арқылы орылған шөп ұсақтау камерасында қарсы пышақтар мен ұрғыш пышақтар арқылы жаншылып ұсақталады және сол қарсы ұрғыштар

көмегімен шөптің ірілігін реттеуге мүмкіншілік жасалған. Ал ұсақтау камерасының артқы бөлігінде кеңістік тегіс болғандықтан ұсақталған шөп жылдамдығын жоғалтпастан сыртқа шығарылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Abilzhanuly T., Iskakov R., Abilzhanov D. Darkhan O. Determination of the Average Size of Preliminary Grinded Wet Feed Particles in Hammer Grinders // Eastern-European Journal of Enterprise Technologies, 2023, Vol. 1(121). P. 34-43.
2. Iskakov R., Sugirbay A. Technologies for the Rational Use of Animal Waste: A Review. Sustainability, 2023. Vol. 15(3).
3. Iskakov R.M., Mamirbaeva I.K., Gulyarenko A.A., Silaev M.Y., Gusev A.S. Improved Hammers for Crushers in Feed Production // Russian Engineeing Research, 2022. Vol. 42(10). P. 987-992.
4. Козлов, В.М. Оптимизация процесса транспортировки измельченной массы в роторном кормоуборочном комбайне [Текст]: дисс. … канд. техн. наук / В.М. Козлов. – Москва, 2005. – 22 с.
5. Марына, А.А. Повышение эффективности процесса загрузки транспортных средств кормоуборочным комбайном путем оптимизации конструктивно-режимных параметров дефлектора [Текст]: дисс. … канд. техн. наук / А.А. Марына. – Саратов, 2007. – 22 с.
6. Комбайн кормоуборочный прицепной [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://www.selhoz-ufa02.ru /goods/124690026-kombayn_kormouborochny_pritsepnoy_sterh_xd_2_0.
7. Абилжанулы, Т. Кормоприготовительные машины для крестьянских хозяйств и других агроформирований [Текст] / Т. Абилжанулы. – Астана: АО КазАТУ им С. Сейфуллина, 2007. –200 с.
8. Красниченко, А.В. Справочник конструктора сельскохозяйственных машин: в двух томах [Текст] / Красниченко А.В. – Том 1.– М., 1960.– 656 с.
9. Стрелков, С.П. Механика [Текст] / С.П. Стрелков.– Москва: Наука, 1975.– 560 с.
10. Детлаф, А.А. Курс физики [Текст] / А.А. Детлаф. – Москва: Высшая школа, 1973. 384 с.
11. Оразахын, Д. Мал азығын жинауыш-ұсақтауышқа арналған жүгері сабағын шапқыш роторының параметрлерін негіздеу [Мәтін]: дис. ... PhD / Д. Оразахын. – Алматы, 2024. – 49 б.

Материал редакцияға 28.09.24 түсті.

Д.Н. Оразахын[1], Т. Абилжанулы[2]

[1]Казахский национальный аграрный исследовательский университет, г. Алматы, Казахстан
[2]ТОО «НПЦ Агроинженерии», г. Алматы, Казахстан

ОПРЕДЕЛЕНИЕ ОПТИМАЛЬНОГО ЗНАЧЕНИЯ НАКЛОНА БОКОВОЙ СТЕНКИ ДЕФЛЕКТОРА КОРМОУБОРОЧНОГО КОМБАЙНА

Аннотация. Более 85% поголовья крупного рогатого скота и овец в нашей стране находится в собственности домашних хозяйств и мелких фермерских хозяйств. Более чем в 65% мелких хозяйств поголовье крупного рогатого скота составляет до 100, а поголовье овец не превышает 300. В то же время в стране ведется строительство откормочных и молочных ферм крупного рогатого скота для увеличения производства животноводческой продукции. Для увеличения производства продукции животноводства в этих хозяйствах необходимо обеспечить животных качественными кормами. Основными видами кормов являются силос и силосное сено, используются

кормоуборочные комбайны. Сегодня зарубежные страны выпускают зерноуборочные комбайны различных конструкций, но большинство из них предназначены для крупных фермерских хозяйств. Вот почему цена дорогая. А мелкие комбайны не регулируют крупность помола корма при кормоприготовлении. Поэтому мы изготовили макет кормоуборочного комбайна для мелких животных, оснастили его устройством регулировки размера корма и определили его оптимальные параметры. В ходе проведенных опытов при скашивании травы комбайном урожай собирали и измельчали. Кроме того, при испытании комбайна в процессе скашивания кукурузы было замечено, что его дефлектор заблокирован. Поэтому целью данного проекта является определение оптимальной величины боковой стенки дефлектора в процессе забрасывания корма назад и в сторону. Беря математическую модель процесса, происходящего при установке в комбайне устройства для регулировки крупности измельчения стебельчатых кормов, т.е. получить законы, теоретически определяющие крупность измельчения продуктов в зависимости от параметров комбайна. Полученные результаты показывают, что изготовленный комбайн можно использовать во всех процессах разработки кормов для животных. Это условие гарантирует, что этот комбайн более конкурентоспособен, чем другие зерноуборочные комбайны. А результат теоретических исследований повысит статус в научной среде и научную конкуренцию в стране.

Ключевые слова: кормоуборочный комбайн, дефлектор, массовая скорость, диапазон перекачки, скорость.

D.N. Orazakhyn[1], T. Abilzhanuly[2]

[1]Kazakh National Agrarian Research University, Almaty, Kazakhstan
[2]LLP «SPC of Agroengineering», Almaty, Kazakhstan

DETERMINING THE OPTIMAL VALUE OF THE SLOPE OF THE SIDE WALL OF THE DEFLECTOR IN THE FORAGE HARVESTER

Abstract. More than 85% of the cattle and sheep population in our country is owned by households and small farms. In more than 65% of small farms, the cattle population is up to 100, and the sheep population does not exceed 300. At the same time, the country is building fattening and dairy cattle farms to increase livestock production. To increase livestock production in these farms, it is necessary to provide animals with high-quality feed. The main types of feed are silage and silage hay, forage harvesters are used. Today, foreign countries produce grain harvesters of various designs, but most of them are intended for large farms. That is why the price is expensive. And small combines do not regulate the coarseness of the feed grinding during feed preparation. Therefore, we manufactured a model of a small animal forage harvester, equipped it with a feed size adjustment device and determined its optimal parameters. During the experiments, the harvest was collected and chopped while mowing grass with a combine. In addition, when testing the combine while mowing corn, it was noticed that its deflector was blocked. Therefore, the purpose of this project is to determine the optimal size of the deflector side wall when throwing feed back and to the side. Taking a mathematical model of the process that occurs when a device for adjusting the size of the chopping of stalked feed is installed in the combine, i.e., to obtain laws that theoretically determine the size of the product chopping depending on the combine parameters. The results show that the manufactured combine can be used in all animal feed development processes. This condition ensures that this combine is more competitive than other grain harvesters. And the results of theoretical research will increase the status in the scientific community and scientific competition in the country.

Keywords: forage harvester, deflector, mass speed, pumping range, speed.

References

1. Abilzhanuly T., Iskakov R., Abilzhanov D. Darkhan O. Determination of the Average Size of Preliminary Grinded Wet Feed Particles in Hammer Grinders // Eastern-European Journal of Enterprise Technologies, 2023, Vol. 1(121). P. 34-43.
2. Iskakov R., Sugirbay A. Technologies for the Rational Use of Animal Waste: A Review. Sustainability, 2023. Vol. 15(3).
3. Iskakov R.M., Mamirbaeva I.K., Gulyarenko A.A., Silaev M.Y., Gusev A.S. Improved Hammers for Crushers in Feed Production // Russian Engineeing Research, 2022. Vol. 42(10). P. 987-992.
4. Kozlov, V.M. Optimizatsiya protsessa transportirovki izmel'chennoy massy v rotornom kormouborochnom kombayne [Optimization of the process of transportation of chopped mass in a rotary forage harvester]: diss. … Cand. Techn. Sciences. – Moscow, 2005. – 22 p., [in Russian].
5. Maryna, A.A. Povysheniye effektivnosti protsessa zagruzki transportnykh sredstv kormouborochnym kombaynom putem optimizatsii konstruktivno-rezhimnykh parametrov deflektora [Improving the efficiency of the process of loading transport means of a forage harvester by optimizing the design and operating parameters of the deflector]: diss. … Cand. Techn. Sciences. – Saratov, 2007. – 22 p., [in Russian].
6. Trailed forage harvester [Electronic resource]. – Access mode: https://www.selhoz-ufa02.ru /goods/124690026-kombayn_kormouborochny_pritsepnoy_sterh_xd_2_0. [in Russian].
7. Abilzhanuly, T. Kormoprigotovitel'nyye mashiny dlya krest'yanskikh khozyaystv i drugikh agroformirovaniy [Forage preparation machines for peasant farms and other agricultural formations]. – Astana: Kazakh Agrotechnical Research University named after Saken Seifullin, 2007. –200 p., [in Russian].
8. Krasnichenko, A.V. Spravochnik konstruktora sel'skokhozyaystvennykh mashin: v dvukh tomakh [Handbook of the designer of agricultural machinery: in two volumes]. – Vol. 1.– Moscow, 1960.– 656 p., [in Russian].
9. Strelkov, S.P. Mekhanika [Mechanics].– Moscow: Science, 1975.– 560 p., [in Russian].
10. Detlaf, A.A. Kurs fiziki [Physics course]. – Moscow: Higher School, 1973. 384 p., [in Russian].
11. Orazakhyn, D. Mal azyġyn zhinauysh-ūsak¸tauyshk¸a arnalġan zhügerí sabaġyn shapk¸ysh rotorynyň parametrlerín negízdeu [Basis of the parameters of the corn stalk cutter rotor for the forage harvester-shredder]: dis. ... PhD. – Almaty, 2024. – 49 p., [in Kazakh].

ҒТАМР 44.39.29

С.А. Орынбаев[1] – *негізгі автор,* ©
А.Ж. Сыздық[2], Н.Ш. Абдлахатова[3]

[1]PhD, қауымдастырылған профессор, [2]Магистрант, [3]Аға оқытушы

ORCİD *[1]https://orcid.org/0000-0002-5077-7219 [2]https://orcid.org/0000-0002-3387-2687 [3]https://orcid.org/0000-0003-1285-2684*

[1.2.3]М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,

Тараз қ., Қазақстан

@ *[1]seitzhan74@mail.ru*

https://doi.org/10.55956/OGWK1702

ЖЕЛ ЭНЕРГЕТИКАСЫН ПАЙДАЛАНУ ПЕРСПЕКТИВАСЫ

Аңдатпа. Мақалада жаңартылатын энергия көздерінің ішінде энергияның ең қолжетімді және кеңінен қолданылатын түрлерінің бірі болып табылатын жел энергиясының басқа энергия түрлеріне қарағанда болашағы жоғары екендігі көрсетілген. Жел энергиясы ғасырлар бойы желкенді кемелерде суды айдау, астықты ұнтақтау және т.б. үшін қолданылған. Сондай ақ жел турбинасының тиімділігі қондырғының құрылымы мен пышақтардың құрылымына ғана емес жабдықты дұрыс таңдауға тікелей байланысты екендігі атап көрсетілген. Ірі жел электр станцияларын жобалау кезінде толық көлемді инженерлік-экологиялық тексеру жүргізілуі керек.

Әлемнің көптеген дамыған елдеріндегі заманауи жел энергиясы энергетикалық жүйелердің құрамдас бөлігі, ал бірқатар елдерде бұл ең маңыздыларының бірі болып табылады.

Тірек сөздер: жаңғыртылған энергия көздері, жел энергетикасы, жел қондырғысы, ауа тығыздығы, қуат.

Орынбаев, С.А. Жел энергетикасын пайдалану перспективасы [Мәтін] / С.А. Орынбаев, А.Ж. Сыздық, Н.Ш. Абдлахатова // Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2024. – №3(85). – Б.459-464. https://doi.org/10.55956/OGWK1702

Кіріспе. Жел энергиясын пайдалануға деген қызығушылықтың жандануы оны электр энергиясына айналдырудың перспективасы мен сұранысқа ие болуы қазіргі таңдағы еліміздегі таза, баламалы энергия көзіне деген сұраныстың артуынан туындап отыр.

Экономикалық тұрғыдан алғанда, желдің жылдамдығы 5 м/с-тан асатын және жел энергиясының дамуына қолайлы ашық, климаттық ыңғайлы аймақ болғаны жел энергиясының энерготиімділігіне әсер етеді.

Жел энергиясы тұрақты энергияны қалыптастыру үшін энергетикалық нарықта ерекше рөл атқарады. Жел энергиясының энергия тиімділігін арттыру қазіргі уақытта өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Қазіргі уақытта ғалымдар жел турбиналарының айналу қуаты мен бұрыштық жылдамдығын реттеу бойынша көптеген зерттеулерді қарастыруда.

Көмір,мұнай және газ сияқты дәстүрлі энергия көздерінің тапшылығын және өнеркәсіп секторының қоршаған ортаға зиянды әсерін азайту мақсатында жаңартылатын энергия көздеріне сұраныс жыл сайын артып келеді.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Жел электр станциясының тиімді жұмыс істеуі желдің бағыты мен жылдамдығына байланысты. Қуаты бойынша жел энергетикалық қондырғылар: 1) 5 кВт дейін бөлмелерді жылыту үшін пайдаланылады; 2) 5-тен 100 кВт-қа дейін, әр түрлі құрылғылардың жетегі ретінде пайдаланылады; 3) 100 кВт-тан астам, басқа электр станцияларымен бірлесіп жұмыс істеу үшін қолданылады.

Айналу осіне байланысты жел турбиналары: тік (карусель, айналмалы, барабан) және көлденең (қанатты) болып бөлінеді. Ең көп қолданылатыны қанатты жел турбиналары болып табылады. Қанатты жел турбиналарының тиімділігі жел турбиналарына қарағанда сенімділігі жоғары. Қанатты жел турбинасының негізгі жұмыс органы – доңғалақ қалақтары. Негізгі қанатты жел турбинасының жұмыс корпусында белгілі бір бұрышта орналасқан доңғалақ қалақтары бар, ал қалақтардың саны әртүрлі болуы мүмкін.

Желдің орташа жылдық жылдамдығы 3 м/с-тан асқанда ғана жел электр станцияларын пайдалану тиімді болады. Сондықтан жел электр станцияларын жел жиі тұратын ашық және климаттық жерде орнату тиімдірек.

